



САЕРСО

Орталық-Азия
Электроэнергетикалық Корпорациясы



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ
ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Басшылық үндеуі

- 4 Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі
- 6 Басқарма төрағасының үндеуі

Корпорация туралы

- 8 Қызмет географиясы
- 9 Анықтама
- 10 Жылдың әлеуметтік жобаларды қоса алғандағы маңызды оқиғалары
- 12 Қызмет көрсеткіштері
- 13 Рейтинг
- 14 Миссия
- 15 Көрініс
- 15 Құндылықтар
- 16 Бизнес-модель
- 18 Еншілес компаниялар
- 24 ЖЭК дамыту

Корпоративтік басқару

- 29 Акционерлердің жалпы жиналысы
- 29 Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің қорытындылары
- 30 Ұйымдық құрылым
- 30 Акционерлік капитал құрылымы
- 30 Дивидендтер туралы ақпарат
- 31 Директорлар кеңесі
- 32 Іріктеу және тағайындау
- 33 Директорлар кеңесінің құрамы
- 36 Директорлар кеңесі қызметінің қорытындылары
- 37 Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер қызметінің қорытындылары
- 38 Атқарушы орган
- 41 Ішкі бақылау және аудит
- 41 Коррупцияға қарсы әрекет
- 42 Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп
- 43 Мүдделер қайшылығы
- 43 Ақпараттық саясат
- 43 Корпоративтік этика
- 43 Сыртқы аудит

Нарықтық ортаға талдау

- 45 Қазақстан экономикасына шолу
- 48 Қазақстан энергетика саласына шолу

Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективалары

- 53 Электр және жылу энергиясын өндіру бойынша инвестициялық қызмет
- 55 Электр энергиясын беру
- 57 Жылу энергиясын беру
- 60 Қайта құру және жаңғырту бойынша 2023-2025 жылдарға жоспар
- 62 Процестерді автоматтандыру
- 63 Өткізуші компаниялар қызметі
- 67 Сатып алу қызметі және қамту

Тәуекел-менеджмент және ішкі аудит

- 69 Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі
- 73 Қызметке айтарлықтай ықпал ететін тәуекелдерді талдау
- 78 Ішкі бақылау стандарттары

Тұрақты даму

- 81 Мүдделі тараптармен өзара қызмет
- 87 БАҚ және қоғаммен жұмыс
- 87 Кадрлық және әлеуметтік саясат
- 101 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау
- 112 Экологиялық саясат
- 123 Тұрақты даму тәуекелдері

Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

126

Қаржылық есептілік

133

Есеп туралы

- 140 Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы
- 141 GRI элементтерінің индексі
- 147 Глоссарий
- 150 Байланыс



Александр Яковлевич Клебанов



«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

«ОАЭК» АҚ әртараптандыруға ұмтылады»

#Басшылық

Есептік кезеңде Корпорация қандай нәтижелерге қол жеткізді?

Корпорация бұрынғыша өз қызметінде инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыруға ерекше мән береді. Холдингке кіретін кәсіпорындар жыл сайын энергетикалық қуаттылықтарды қайта құру, жаңғырту және салу бойынша бағдарламаларды жүзеге асырады.

14 жылда біз өзімізге тиесілі өндірістік қуаттылықтардың 64 %-ын жаңартып, бұл біз қызмет ететін өңірлердегі энергия қауіпсіздігін арттырды.

Компанияда пандемия жағдайында қандай өзгерістер орын алды?

Біріншіден, «ОАЭК» АҚ энергетиктері пандемия өндірістік процеске әсерін тигізбеуі үшін өзгерген жағдайларға жылдам бейімделе білді. Энергиямен қамтудың сенімділігіне әсер ететін, оның ішінде жылу беру маусымы кезіндегі барлық шараларды біз толықтай орындадық.

Корпорация алдындағы мақсаттарға қол жеткізу үшін бизнес-процестердің негізгі тиімділік көрсеткіштерін өзгертуге бағытталған шараларды ерекше атап өтуге болады. Әрине, бұл қатарда корпоративтік мәдениет пен басқару моделін дамыту ісі де бар. Біз **«онлайн» жұмыс істеп үйреніп**, өз қызметкерлеріміздің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар шешімді қабылдадық. Пандемиямен байланысты қиындықтарға қарамастан, «ОАЭК» өзі қызмет ететін аумақтың бәрінде тұтынушыларды сапалы және сенімді энергиямен қамтамасыз етіп, энергетикалық кешенде барлық қажетті технологиялық қайта құру жұмыстарын жүргізді.

Корпорация үшін маңызды қандай стратегиялық мақсаттарды атап өтер едіңіз?

«ОАЭК» АҚ 2021 жылы негізгі қорларды жаңарту аясында инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша өз мақсаттарына қол жеткізу жолында жұмыс жүргізді. Мен әлем экономикасы тап келген қиындықтарға қарамастан, Холдинг бұл саладағы өз жоспарларын толықтай орындағанын қуана айтамын.

ОАЭК жылу және электр энергиясының өндіруден болатын зиянды шығарылымдыларды оңтайландыру жұмысын жүргізіп, тек қана дәстүрлі жылу-электр станциялары ғана емес, сонымен бірге төмен көміртекті және жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру мүмкіндіктерін зерттеу жұмысын жалғастырып келеді. Корпорацияның еншілес ұйымдарында 2015–2025 жылдарға арналған Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы жұмыс істейді. **Бұл бағдарлама шараларын жүзеге асыру арқасында 2021 жылы парник газдары шығарылымдарын 67,3 мың тонна CO₂-ге дейін төмендетуге қол жеткіздік.** Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде мен үшін Корпорация 2050 жылға дейінгі перспективада таза көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу үшін қосымша мүмкіндіктерді іздеуді жалғастырғаны маңызды.

#Сұхбат

← Александр Клебанов
әрқашан online

асыру арқасында 2021 жылы парник газдары шығарылымдарын 67,3 мың тонна CO₂-ге дейін төмендетуге қол жеткіздік. Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде мен үшін Корпорация 2050 жылға дейінгі перспективада таза көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу үшін қосымша мүмкіндіктерді іздеуді жалғастырғаны маңызды.

Әртараптандыру – жылдам өзгеріп жатқан экономика жағдайындағы басты трендтердің бірі. **Бұл бағытта компания қандай жобаларды жүзеге асырып жатыр?**

Бүгінде «ОАЭК» АҚ дәстүрлі көмір және жаңартылатын **жел энергиясының өндірісін** белсенді дамытып жатыр.

2021 жылы Ақмола облысында **жалпы қуаты 100 МВт болатын жел электр станциясын салған «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС компаниясын сатып алу** жөніндегі мәмілені аяқтадық. Болашақта біз инновацияларды белсенді қолданып, станциялардың экологиялық параметрлерін жақсартып және ЖЭК дамыту жобаларын жалғастырмақпыз.



«ОАЭК» АҚ
Басқарма төрағасы

«Холдинг үшін басым міндет – өндірістің тиімділігін арттыру және экологиялық көрсеткіштерді жақсарту»

#Басшылық

2021 жылғы қандай негізгі жетістіктерді айрықша атап өтер едіңіз?

Холдинг командасы айтарлықтай тиімді және сенімді жұмыс істеп, бұл өндірістік тиімділікті арттыру мен шығындарды оңтайландыру бойынша мақсатты көрсеткіштердің көпшілігіне қол жеткізуге жағдай жасады.

Еншілес компаниялар қызмет ету аймақтары – **Ақмола, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында** сенімді энергиямен қамтамасыз етті.

Есептік кезеңде өндірілген электр энергиясының көлемі **6 521 млн кВт·с** болды. 2021 жылы инвестициялық бағдарлама шараларын орындауға **24,7 млрд теңге** бағытталды. Есептік кезеңде салынған және қайта құрылған энергия нысандары энергиямен қамту сенімділігін арттыруға және Холдинг қызмет ететін аймақтарда инвестициялық әлеуеттің ашылуына негіз болды. Мәселен, Ақмола облысында жабдықталуы бойынша өңірдегі ең заманауи нысандардың біріне айналған жабық типті «Гарден Виладж» шағын станциясы пайдалануға берілді. 110/10 кВ «Гарден Виладж» жаңа шағын станциясы 110 кВ ӘЖ-«Әуежай – Северная» және ӘЖ-110 кВ «Достық – Северная» желілеріне қосылып, Нұр-Сұлтан қаласының оңтүстік-батыс айналма жолы трассасында орналасқан. Павлодар 3-ЖЭО-нда жаңа түтін тұрбасын салу бойынша жоба белсенді жүзеге асып жатыр. Жоба 2018 жылы әзірленген болатын.

Есептік кезеңде Холдинг құрылымында қандай өзгерістер болды?

2021 жылы біз Ақмола облысындағы ең ірі жел электр станциясына иелік ететін **«ЦАТЭК Green Energy» ЖШС** сатып алу бойынша мәмілені аяқтадық. **Компаниялар тобындағы станциялардың орнатылған электр қуаты 1318 МВт-қа дейін артты.** Жел электр станциясы тұрақты, үзіліссіз жұмыс істеп, Холдингтің инвестициялық жобаларды жүзеге асырудағы үздік технологиялар мен тәжірибелерді қолдану саясатына сәйкес келеді.



Холдинг қызметінің тиімділігін арттыру үшін қандай шаралар жүзеге асырылды?

Тиімділікті және инвестициялық тартымдылықты арттыру – біздің алдағы перспективадағы басты бағыттарымыз. 2021 жылы Холдинг операциялық және капиталды шығындарды оңтайландырып, бұл қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

ҚР Энергетика министрлігі («ОАЭК» АҚ-ның белсенді қатысуымен) әзірлеген Пайда нормасын айқындау әдістемесіне (электр энергиясына шекті тарифтерді бекітуде ескеріледі) көшу жүзеге асырылды. Нақты белгіленген пайда деңгейі инвестицияланған капиталдың табыстылығы әдісіне сәйкес анықтала бастады. Бұл электр энергетикасы саласын дамытуға инвестиция салуға ынталандыруға және шығындарды басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Компанияның 2022 және одан кейінгі жылдарға арналған маңызды стратегиялық міндеттерінің бірі **нормативтен тыс шығындарды жоюға және нақты шығындарды азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық-технологиялық шараларды жүзеге асыру болып табылады.**

Пандемия ықпалын ескере отырып, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы жұмыстар қалай ұйымдастырылды?

ОАЭК өндіріс, қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәдениетін арттыруға арналған жұмысты жалғастырып жатыр. 2021 жылы қайғылы оқиғалардың жалпы санын 2020 жылмен салыстырғанда 30 % және 2016 жыл деңгейімен салыстырғанда 60 % төмендетуге қол жеткізілді. Адам өлімімен аяқталған оқиғалар орын алған жоқ.

2021 жылы «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының басшылығы қызметкерлердің қауіпсіздігін сақтауға және халықты жылу және электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етуге бағытталған барлық қажетті шараларды жүзеге асырды. Аурушаңдық пен инфекцияның таралуының алдын алу үшін түрлі шаралар қолға алынды. Пандемия кезеңіндегі негізгі міндет вакцинация жүргізу арқылы жалпыға ортақ иммунитетті қалыптастыру болды. **Екпе алған қызметкерлер саны жалпы жұмысшылардың 90 % үлесін құрады.**

Компанияның 2021 жылғы жұмысын қорытындылай келе, ұжым мен серіктестерге кәсібилік, жоғары жауапкершілік және Холдинг пен елдің дамуына бар күшін аянбай салғаны үшін алғыс айтқым келеді.

Холдингтің алдағы 5 жылға арналған басым мақсаттары қандай?

Холдинг негізгі энергетикалық жабдықтардың, сондай-ақ, электр және жылу желілерінің тозуын төмендету, өндірістік қауіпсіздікті арттыру, цифрлық шешімдерді енгізу бойынша жұмыстарды жалғастырады. Жаңа ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес, Холдингтің өндірістік нысандарында терең экономикалық және техникалық тәсілдерге бағалау жүргізе отырып жүзеге асыруға қажетті міндеттер мен шаралардың кешені бар. Қолда бар жұмыс топтары аясында энергетика саласын реттеуші заңнамалық жаңашылдықтар мәселелеріне белсенді қатысуды жалғастырамыз. Әлбетте, Компаниялар тобы алдында тұрған ең басым міндеттер бұрынғыша **тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен үздіксіз әрі сапалы қамтамасыз ету болып қала береді.** Бұл істе біз энергетикалық инфрақұрылымды дамыту мен корпоративтік басқару сапасын арттыруда конструктивті және жүйелі тәсілдерді қолданамыз.





Қаңтар

«ОАЭК» холдингінің еншілес компаниялары «ПАВЛОДАР-ЭНЕРГО» АҚ мен «СЕВКАЗ-ЭНЕРГО» АҚ LS ақпараттық агенттігі әзірлеген Қазақстанның ірі салық төлеушілер тізіміне енді. Қазақстандық 343 компанияның тізімі Мемлекеттік кірістер комитетінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы мәліметтері негізінде жасалған. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ тізімде 180-орында (2020 жылы 3,6 млрд теңге) орналасса, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 200-орында (2020 жылы 3,0 млрд теңге).

Наурыз

Директорлар кеңесінің отырысында «ОАЭК» АҚ жаңа Басқарма төрағасы болып **Бағдат Еркебұланұлы Орал** сайланды. Бұл лауазымда Бағдат Орал Сергей Канды ауыстырды. Сергей Кан «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және акционері ретінде Корпорацияны стратегиялық басқару ісіне қатысуын жалғастырады.

1 наурызда «АЭУК» АҚ
өзінің **20 жылдығын**
атап өтті

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі жаңа орынбасары болып Ли Сергей Валерьевич тағайындалды.



«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда қонақта жас мамандарды қолдау және түлектерді кәсіпорынның негізгі мамандықтарына тарту, қызметкерлердің білім деңгейін дамыту және арттыруға бағытталған «PROFENERGY» бағдарламасы аясында Iqanat High School of Burabay оқушылары болды.

Сәуір

Жыл сайын 28 сәуірде атап өтілетін Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күнінде «ОАЭК» АҚ-нда Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Л. Янушконның төрағалық етуімен кеңейтілген жиналыс өтті. Шара «ОАЭК» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен еншілес компаниялар басшыларының қатысуымен онлайн режимде ұйымдастырылды.

Мамыр

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО және «Петропавл жылу желілері» ЖШС қызметкерлерін қауіпсіздік жүйесі және еңбекті қорғауды дамытуға қосқан үлесі үшін «СҚО әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» КМБ алғыс хаттарымен марапаттау шарасы болды.

Маусым

«ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасы Бағдат Орал «ECOJER» - «Тұрақты болашақты қалыптастыр» бірінші халықаралық конгресінде сөз сөйледі. Өз сөзінде Бағдат Еркебұланұлы холдингтің тұрақты даму саласындағы негізгі жетістіктерін айтып, энергетикалық компаниялардың шығарылымдарды азайту міндеттемесін орындау мәселелерін қозғады.



Шілде

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен **Басқарма төрағасының коммерция жөніндегі жаңа орынбасары болып Ильин Игорь Юрьевич тағайындалды.**



Тамыз

2021 жылғы инвестициялық бағдарлама аясында «АЭУК» АҚ қызметкерлерді тасымалдау үшін жоғары өтімділікке ие 12 бригадалық автомобиль сатып алды.



Қыркүйек

«Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-нде ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001:2018 халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестікке біріккен менеджмент жүйесінің екінші қадағалау аудиті сәтті өтті. Сондай-ақ, ISO 5001:2018 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестікке энергоменеджмент жүйесінің қайта сертификаттау аудиті болды.

Қазан

15 қазанда «ПАВЛОДАР-ЭНЕРГО» АҚ атаулы стипендиясын иеленуге студенттік жұмыстардың жыл сайынғы байқауы өтті. Бұл шара «PROFENERGY» бағдарламасы аясында ұйымдастырылады. 2021 жылы байқау жұмыстарын қорғау және оларды талқылау онлайн форматта өтті.

«АЭУК» АҚ 557 ардагері Қарттар күніне орай құттықтаулар мен ақшалай сыйақыларды қабылдады.

Қараша

«ГарденВилладж» шағын станциясы пайдалануға берілді. «АЭУК» АҚ жүзеге асырған жобаның құны 2 661, 337 млн теңгені (ҚҚС-сыз) құрайды. Шағын станция тұтынушыларды электрмен қамтудың сапа стандарттары мен қауіпсіздіктің барлық талаптарына жауап беретін заманауи қондырғылармен жабдықталған. «ГарденВилладж» шағын станциясында әрбірінің қуаты 40 МВА болатын екі күш трансформаторы орнатылған. Ақмола облысында құрастырылған энергоньсан Нұр-Сұлтан және Қосшы қалаларының тұтынушыларын энергиямен қамту сапасын арттырып, аймақтың инфрақұрылымын кеңейтуге жағдай жасайды.



Желтоқсан

«ОАЭК» АҚ Forbes Kazakhstan нұсқасы бойынша 50 ірі жеке компаниялар рейтингіне енді. Рейтинге Корпорация 11 орында орналасты.



Желтоқсанды мерейтойлы даталармен Холдингтің келесі еншілес компаниялары қарсы алды: **«Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-не 65, Петропавл 2-ЖЭО-на 55 жыл толды.** Сонымен бірге Компаниялар тобында энергетиктерді кәсіби мереке мен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай марапаттау шаралары болды.

Пандемия басталғалы бері бірінші рет желтоқсанда Павлодар қаласындағы Шахмат үйінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Энергетик күніне орай кәсіпорындар жұмысшылары арасында шахмат және шашкадан турнир ұйымдастырылды. Турнир карантин нормалары сақтала отырып өткізілді.


Жылдың ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ ҚОСА АЛҒАНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ

Ақпан

Павлодар 2-ЖЭО
өзінің 60 жылдығын
атап өтті

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Энергия өндіру



2019 2020 2021

7 033 7 035 6 521

Электр энергиясы
(млн кВт·с)

6 371 6 203 6 566

Жылу энергиясы
(мың Гкал)

2021 жылы ПЭ бойынша
электр энергия өндірісі
3 818 млн кВт·с құрады

Энергияны тұтынушыларға босату (тауарлық босату)

2019 2020 2021

Электр энергиясы
(млн кВт·с)

7 645 7 590 6 623

Жылу энергиясы
(мың Гкал)

11 972 11 987 9 967

2021 жылы СКЭ бойынша
электр энергия өндірісі
2 703 млн кВт·с құрады



Активтер

2019 2020 2021

Айналымдағы активтер,
млрд теңге

30 114 47 541 47 337

Айналымнан тыс
активтер, млрд теңге

289 097 327 469 452 907

Инвестициялар
көлемі
(млрд теңге)

2019 2020 2021

14,4 16,4 14,1

Қаржы

Өткізу
көлемі

139 734
млн теңге

Бір жылғы
жиынтық табыс

4 536
млн теңге

EBITDA
margin

31,7 %

EBITDA

44 310
млн теңге

Рейтинг

«ОАЭК» АҚ Forbes Kazakhstan нұсқасы бойынша 50 ірі жеке компаниялар рейтингіне енді. Корпорация рейтингте 11 орынға орналасты.

Холдинг PwC Kazakhstan ұсынған тұрақты даму саласында ақпаратты ашу бойынша 50 үздік компаниялар рейтингіне енді.

Forbes KAZAKHSTAN



саерсо_21
Нұр-Сұлтан, Қазақстан



саерсо_21
Нұр-Сұлтан, Қазақстан



саерсо_21
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

#Миссия

- Тұтынушылардың **өмір сапасын арттыру**
- Қызмет ететін өңірлердің экономикалық дамуына **жағдай жасау**
- Тұрғындарға, өнеркәсіп пен әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына энергиямен қамту бойынша **сапалы қызмет көрсету**

саерсо_21
#біздің_болашақ #отбасыларды_қолдау
#даму #Жаңа_Қазақстан

14

#Көрініс

«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ –

Қазақстанның жеке энергетикалық компанияларының ішінде көш басында. Корпорация өз қызметін республиканың солтүстігінде өте ауыр климаттық жағдайларда жүзеге асырады. Корпорация жеке бөлімшелердің (Топ кәсіпорындарының) қарқынын, икемділігін топты орталықтан басқарудың тұрақтылығымен, сенімділігімен үйлестіре отырып, холдингтік құрылымның артықшылықтарын табысты пайдаланып келеді.

КОРПОРАЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ –

биік мақсаттарды бағындырып келе жатқан кәсіби мамандар командасы. Корпорацияның тұтынушылармен және жеткізушілермен орнатқан серіктестік қарым-қатынасы құрмет-ізет және өзара жауапкершілік негізінде құрылған.

Факт

Корпорация аталған **МИССИЯНЫ** өз қызметін халықаралық өндіріс, экология, денсаулық қорғау және әлеуметтік сала бойынша стандарттарына сай жүргізу арқылы жүзеге асырады

15



саерсо_21
Нұр-Сұлтан, Қазақстан



#Құндылықтар

- Қызметкерлердің жеке құқықтары мен көзқарастарына, тұтынушылардың талаптарына және біздің серіктестер мен қоғам алға тартатын әріптестік шарттарына **құрмет**.
- Қол жеткізген нәтижелерге лайықты еңбекақы беретін және кәсіби дамуға тең құқықтар беретін **әділдік**.
- Біздің жұмысымызға қажетті ақпаратты беру саласындағы **адалдық**.



- Біздің барлық жұмысымыздағы мүмкін нәтижелерге тұрақты қол жеткізуге негіз болатын **тиімділік**.
- Өз шешімдерінің салдарына жауапкершілікті алуға мүмкіндік беретін **ерлік**.
- Адамдарды кез-келген зиян мен денсаулығына төнетін қауіптерден қорғауға және қоршаған ортаны сақтауға негіз болатын **қамқорлық**.
- Шешім қабылдауға және оған жауапкершілікті алуға мүмкіндік беретін қызметкерлерге деген **сенім**.





ЕҢШІЛЕС ҰЙЫМДАР

«ОАЭК» АҚ компаниялар тобына «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ, «Астана-ЕРЦ» ЖШС (42,25 %) және «Павлодар Водоканал Северный» ЖШС (80 %) кіреді.

«ОАЭК» АҚ активтері елдің солтүстік өңірлерінде: Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Петропавл және Екібастұз қалаларында орналасқан.



100 % «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ,
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ,
«Ақмола ЭУК» АҚ

80 % «Павлодар Водоканал
Северный» ЖШС

42,25 % «Астана-ЕРЦ» ЖШС

Орнатылған
электр қуаты,
МВт

Орнатылған
жылу қуаты,
Гкал/с



Павлодар 3-ЖЭО

555

1 154



Павлодар 2-ЖЭО

110

332



Екібастұз ЖЭО

12

782



Петропавл 2-ЖЭО

541

713



ЦАТЭК Green Energy

100

—



ОАЭК

1 318

2 981



Шағын станциялардың типі бойынша саны

Шағын станциялар типі	220 кВ	110 кВ	35 кВ	6–10 кВ
«Павлодар ЭТК» АҚ	4	74	102	3 544
«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ	–	37	121	2 204
«Ақмола ЭҮК» АҚ	2	52	193	3 299
«ЦАТЭК Green Energy» ЖШС	1	–	–	–

Электр беру желілерінің ұзындығы, км

ЭБЖ типтері	220 кВ	110 кВ	35 кВ	6–10 кВ	0,4 кВ
«Павлодар ЭТК» АҚ	13,7	2 798,3	2 398,5	5 702,2	4 364,3
«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ	84,8	1 327,1	2 849,4	4 414,1	4 382,4
«Ақмола ЭҮК» АҚ	–	2 507,1	5 176,1	7 115,0	5 400,3
«ЦАТЭК Green Energy» ЖШС	15,6	–	86,4	–	–

Жылу желілерінің ұзындығы, км

«Павлодар жылу желілері» ЖШС	411,45
«Екібастұзжылуэнерго» ЖШС Екібастұз жылу желілері	342,30
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	230,43
ОАЭК	984,18

Өңірлер бойынша тұтынушылар саны

Өңір	Электр энергиясы	Жылу энергиясы
Павлодар облысы	230 466	218 123
Солтүстік Қазақстан облысы	164 367	75 450
Ақмола облысы	126 817	–
ОАЭК	521 650	293 573

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

Бірінші басшы: Лесин В.В.

Заңды мекен-жайы:
Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 27

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» акционерлік қоғамы
Павлодар облысы және Павлодар қаласында, сонымен бірге Ақмола облысында қызмет ететін, өндіріс, тасымал және өткізуші кәсіпорындарды қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ құрамы:

- Павлодар 2-ЖЭО;
- Павлодар 3-ЖЭО;
- «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС (Екібастұз ЖЭО және Екібастұз қаласының жылу желілері);
- «Павлодар жылу желілері» ЖШС (Павлодар қ. жылу желілері);
- «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ;
- «Павлодарэнергообьт» ЖШС;
- «ЦАТЭК Green Energy (ЦАТЭК Грин Энерджи)» ЖШС

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Павлодар, Қарағанды, Ақмола облыстарының нарығына жеткізіледі

#Мүмкіндіктер

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

Бірінші басшы: Перфилов О.В.

Заңды мекен-жайы:
Петропавл қаласы, Жұмабаев көшесі, 66

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы
Солтүстік Қазақстан облысы және Петропавл қаласында қызмет ететін, өндіріс, тасымал және өткізуші кәсіпорындарды қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ құрамы:

- Петропавл 2-ЖЭО;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ;
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС;
- «Севказэнергообьт» ЖШС.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Қазақстанның солтүстік, орталық, шығыс, оңтүстік өңірлеріне жеткізіледі





Корпорацияның даму стратегиясы бизнесті дамытудың негізгі бағыттарын, басқарушылық жобалар мен технологияларды айқындайды.

«АҚМОЛА ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛІК ҮЛЕСТІРУ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

Бірінші басшы: Павлов А.В.

Заңды мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қаласы, Циолковский көшесі, 8

«АЭУК» («Ақмола ЭУК») акционерлік қоғамы
Ақмола облысы мен Нұр-Сұлтан қаласының тұтынушыларына электр энергиясын беру және тарату қызметін жүзеге асыратын электр желілік компания болып табылады.

«АЭУК» АҚ құрамы:

— «АЭУК-Энергосбыт» ЖШС.

«АЭУК» АҚ еншілес кәсіпорны – «АЭУК-Энергосбыт» ЖШС Ақмола облысы тұтынушыларын қамту мақсатында электр энергиясын сатып алуды жүзеге асырады. «АЭУК» АҚ құрамында ауданаралық электр желілерінің (ААЭЖ) 2 және аудандық электр желілерінің (АЭЖ) 14 филиалы бар.

Компания энергия ресурстарының негізгі жеткізушісі «Екібастұз 1-МАЭС» ЖШС болып табылады.

«АЭУК» АҚ Ақмола облысының әкімшілік аудандары аумағында орналасқан 0,4 кВ-110 кВ электр желілеріне қызмет көрсетеді

#Мүмкіндіктер

КОМПАНИЯНЫҢ САЛАДАҒЫ ОРНЫ

— Холдингтің жылу энергиясын өндіру мен тарату және электр энергиясын тарату нарығында өзі қызмет ететін өңірлердегі монополиялық мәртебесі.

— Тұтынушылардың дифференциялық портфелі және тұтынушылардың түрлі типі арасында тұрақты сұраныстың болуы.

— Вертикалды түрде біріктірілген компания – жылу және электр энергиясын өндіруден бастап соңғы тұтынушыға таратуға дейінгі процестің толық циклі.

— Дәстүрлі көмір және сонымен бірге жаңартылатын энергетика қатар дамытылатын өртараптандырылған электроэнергетикалық холдинг.

— Халықаралық және қазақстандық акционерлердің капиталға қатысуынан жиналған тәжірибе.

— Жетекші технологиялық шешімдер мен Корпорация дамуының прогрессивті саясатын енгізуге бағыт ұстану.

— Серіктестер мен Корпорацияның бөлімшелерімен сенімді байланыс.

Өндірістік активтерді жаңарту мен қайта құру бойынша аса ауқымды бағдарламаны жүзеге асыру жылдары «ОАЭК» АҚ 253,2 млрд теңге көлемінде инвестиция жұмсады, бұл Қазақстандағы электро-энергетикалық компаниялар арасындағы ең үздік көрсеткіштердің бірі

Стратегия

Корпорация стратегиясы бизнес дамуының негізгі бағыттарын, басқарушылық жобаларды және технологияларды айқындайды. «ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаты – электр және жылу энергиясымен қамту саласында өндіріс, тарату, беру және кепілді өткізу ағындарының синергиясы негізінде халықты үздіксіз әрі сенімді қызметпен қамтамасыз ететін тиімді жеке энергетикалық компания құру болып табылады



Даму стратегиясына сәйкес міндеттерді жүзеге асыру

Стратегия төрт стратегиялық бағыт бойынша шараларды орындауды көздейді.

Кепілді өткізуге ие және төмен тәуекелді нарықты мақсатты түрде кеңейту:

— Корпорация кәсіпорындары қызметінің географиясын кеңейту;

— Энергия өндіру мен берудің жаңа нарықтарына шығу бойынша даму жобаларын жүзеге асыру.

Өндірістің техникалық деңгейін көтеру және негізгі өндірістік қорлар мен инфрақұрылымды жаңалау есебінен өндірістік тиімділікті арттыру:

— инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру, апат тәуекелдерін төмендету және тұрып қалуды болдырмау есебінен электр өндіруші нысандардың қондырғыларын қайта құру және жаңғырту;

— жылу және электр энергиясының бірлігін өндіруге кететін бөлшек шығынды азайту;

— жылу және электр энергиясын тасымалдау кезіндегі нормативтен тыс шығындарды азайту;

— энергияны өндіру және беру кезінде энергия үнемдеуші және энерготиімді технологияларды енгізу;

— экологиялық тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құру.

Инновациялық бағыттарды салмақты дамыту есебінен перспективалық жобаларды енгізу, «жасыл» технологиялардың дамуына ықпал ету

Кадр құрамын өндірістік сектор мен кәсіпорындарды басқаруда жаңа тиімді технологияларға оқыту есебінен басқарудың ең үздік стандарттарын енгізу:

— бірыңғай АТ платформасында тұтынушыларға қызмет көрсету орталықтарын құру;

— бірыңғай биллинг жүйесіне өту;

— экология, қызметкерлердің денсаулығын қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік салаларында халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкестікке сертификаттың ұдайы болуы;

— өндірістік жарақаттануды азайту мақсатындағы шараларды өткізу;

— қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында үздіксіз оқыту.



Өндірістік активтерді жаңарту және қайта құру бойынша аса ауқымды бағдарламаны жүзеге асыру жылдары «ОАЭК» АҚ 253,2 млрд теңге көлемінде инвестиция бағыттады, бұл Қазақстанның электр энергетикалық компаниялары арасындағы ең үздік көрсеткіштердің бірі

saerco_21

#Инвестициялар #Бағдарлама #Жана_Қазақстан!





«ЦАТЭК Green Energy (ЦАТЭК Грин Энерджи)»

«ОАЭК» АҚ жасыл экономиканы дамытуды қолдайды. Компаниялар тобының даму стратегиясында активтер құрылымындағы жасыл энергетика үлесін арттыру қарастырылған. 2020 жылы «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымы «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС-нда қатысу үлесін кезең-кезеңімен сатып алу шартын жасасты

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«ЦАТЭК Green Energy» ЖШС

(бұдан әрі – Грин Энерджи) 2014 жылғы 23 шілдеде жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) саласындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында құрылған болатын. Компания екі іске қосу комплексі бар «жел энергиясын қайта құруға арналған, қуаты 100 МВт болатын «Астана EXPO-2017» жел электр станциясын салу» жобасын жүзеге асырды.

Негізгі мақсаты:

Экологиялық таза энергия өндіруге және елдің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жетекші технологияларды өндіру жолымен Қазақстан Республикасының энергетикалық секторын дамыту.

Компанияның негізгі ресурстары мен мүмкіндіктері:

- Жоғары білікті басқарушылық және жұмыс қызметкерлері;
- ЖЭК саласындағы жобаларды жүзеге асырудағы сәтті халықаралық және жергілікті тәжірибе;
- ЖЭК қолдау және дамыту заңдары мен ережелері, нормативтік құқықтық актілер бойынша тәжірибе жүзінде жинақталған білім.



Толық ақпаратты компания сайтынан алуға болады:

cge.kz



Компанияның мекен-жайы:

Заңды және нақты мекен-жайы – 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 2, SAAD бизнес орталығы, 8 қабат

Нысанның мекен-жайы:

Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Бұлақсай а.о., Қостомар ауылының маңы, қуаттылығы 100 МВт «Астана EXPO-2017» ЖЭС

Пайдалануға берілген мерзімі:

1 ІҚК ЖелЭС – 26.08.2019 ж., 2 ІҚК ЖелЭС – 26.11.2020 ж.

Директор: Сарыев Е.Б.

«АСТАНА EXPO-2017» ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ

Компания Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен Жасыл экономикаға көшу концепциясы және электр энергиясын жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) есебінен арттыру аясында «Жел энергиясын қайта құру үшін қуаттылығы 100 МВт электростанции «Астана EXPO-2017» жел электр станциясын салу» жобасын (бұдан әрі – Жоба) жүзеге асырды.

Жобаның негізгі мақсаты экологиялық таза энергияны өндіру мен елдің энергетикалық қауіпсіздігін бекітуге бағытталған жетекші технологияларды ендіру жолымен **Қазақстан Республикасының энергетикалық секторын дамыту болып табылады**

#Факт

Жоба бойынша жел энергетикасының әлемдік лидерлерінің бірі VESTAS компаниясының 29 жел генераторын орналастыру қарастырылған. Екі іске қосу кешенінен тұратын олардың жалпы қуаты 100 МВт және олар өте төмен температуралық режимдерде жұмыс істеуге есептелген:

— қуаты 50 МВт болатын I іске қосу кешені 2019 жылғы 26 тамызда пайдалануға берілді. Жобаның бірінші іске қосу кешенінің 15 жел турбиналарының әрбірі мұнара биіктігіне (84 метр) ие. Ротор диаметрі 112 метр. Әрбір жел турбинасының номиналды қуаты 3,45 МВт құрайды;

— қуаты 50 МВт болатын II іске қосу кешенін жүзеге асыру 2020 жылғы 26 қарашада аяқталды. II іске қосу кешені аясында әрбірінің қуаты 3,45 МВт болатын 14 бірлік жел турбиналары орнатылды. Мұнара биіктігі 80 метр, ротор диаметрі 117 метр.

Жобаны жүзеге асыру қорытындылары:



Тұтынушыларды экологиялық таза электр энергиясымен қамтамасыз ету



10 мыңнан астам отбасының жылдық энергия тұтынуын қамтамасыз ету



Құрылыс кезінде 300-ден астам жұмыс орнын құру және ЖелЭС пайдалану үшін 20 жергілікті маманды оқыту



Жылына 79 000 тонна шартты отын үнемдеу



Парник газ шығарылымдарын жылына 230 000 тоннаға қысқарту, бұл 113 000 автокөлік шығаратын шығарылымдарға тең

2021 жылғы қаржылық көрсеткіштер

	2020	2021
Өткізуден түскен табыс	11 684 443	21 891 519
EBITDA	9 921 182	19 642 105
EBITDA margin	84,91 %	89,72 %

Электр энергиясын сатып алу тарифі	2020	2021
ҚҚС-сыз/кВт·с	59,70	63,87
ҚҚС-пен/кВт·с	66,86	71,53

Өндірістік қызмет нәтижелері

Жыл	SCADA бойынша электр энергиясын өндіру (млн кВт·с)	Коммерциялық өндіру (млн кВт·с)
2020	202,410	196,868
2021	350,636	342,751

Қуаттылығы 100 МВт «Астана EXPO-2017» ЖелЭС өндірістік параметрлері

Пайдалануға беру мерзімі:

1 ІҚК ЖелЭС – 26.08.2019 ж., 2 ІҚК ЖелЭС – 26.11.2020 ж.

Негізгі өндірістік сипаттамалар

Өндірістік қондырғы типі	Ұзындығы/ саны
V-112 жел энергетикалық қондырғысы (3,45 МВт дейінгі қуаттылық режиміне ие 3,3 МВт ЖЭҚ бірліктік қуаты)	15 бірлік
V-117 жел энергетикалық қондырғысы (Қуатын 3,3 МВт дейін шектеу мүмкіндігіне ие 3,45 МВт ЖЭҚ бірліктік қуаты)	14 бірлік
Шағын станциялар	
ШС 220/35/10 кВ (әрбірі 80 МВА екі күштік трансформаторы)	1 бірлік
Электр беру желілері	
ВЛ 220 кВ	15,59 км
КЛ 35 кВ	86,4 км



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Корпоративтік басқару туралы

Корпорацияда корпоративтік басқару жүйесі мойындалған базалық ашықтық, әділдік, есептілік және жауапкершілік қағидаттарына негізделген.

Тиімді және жауапты корпоративтік басқарудың маңызын сезіне отырып, «ОАЭК» АҚ халықаралық принциптер мен жетекші әлемдік тәжірибелерге негізделген жоғары стандарттарды ұстанады. Корпорация корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіруге ұмтылады және өз қызметінде барлық тараптың, негізінен инвесторлар, акционерлер және жұмысшылардың мүдделерін ескереді.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Корпорацияның жоғарғы басқарушы органы – Акционерлердің жалпы жиналысы. Акционерлердің Корпорация Жарғысында айқындалған өз құқықтарын жүзеге асыруының негізгі тәсілі – олардың акционерлердің жыл сайынғы жиналысына, сондай-ақ, Директорлар кеңесіне Атқарушы органның бастамасымен өткізілген кезектен тыс жиналыстарға қатысуы болып табылады.


Корпорация акционерлерінің құқықтары:

- Жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізу;
- Директорлар кеңесіне, Комитетке үміткерлер ұсыну;
- Директорлар кеңесі отырыстарын шақыру;
- Қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге құқықтар.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2021 жылы акционерлердің 1 жылдық және 4 кезектен тыс жалпы жиналысы өткізіліп, келесі негізгі мәселелер қаралды:

- «ОАЭК» АҚ ЕҰ қаржылық есептіліктерін бекіту;
- «ОАЭК» таза табысын бөлу тәртібін анықтау;
- «ОАЭК» АҚ ЕҰ қызметіне қатысты акционерлердің үндеулері туралы мәселелерді қарау;
- «ОАЭК» АҚ және оның ЕҰ қаржылық есептіліктеріне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен шарттарын анықтау;
- жаңа мазмұндағы «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
- жаңа мазмұндағы «ОАЭК» АҚ Корпоративтік басқару туралы кодексті бекіту;
- өзге мәселелер.



ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ




АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

«ОАЭК» АҚ акционерлері: Клебанов Александр Яковлевич (47,10 %), Кан Сергей Владимирович (47,10 %) және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қатысуымен құрылған жалпы үлесі 5,80 % болатын қорлар: KIF ENERGY S.a.r.l. — 4,35 %, «Baiterek Venture Fund» АҚ — 1,45 %.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ОАЭК» АҚ-ның жарғылық капиталы **46 043 272 мың теңгені** құрады

#Капитал



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Корпорация қызметінің ашықтығын арттыру мақсатында Директорлар кеңесіне төрт тәуелсіз директор кіреді, олар Корпорацияға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайды. Корпорация Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіздігі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының талаптарына сәйкес анықталады.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері келесі критерийлерге сәйкес келеді:

- «ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда үлестес болмаған.
- «ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлғаларға қатысты үлестес тұлға емес;
- «ОАЭК» АҚ лауазымды тұлғалары немесе «ОАЭК» АҚ үлестес тұлғаларының ұйымдарына бағынышты емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда бағынышты болмаған.
- Мемлекеттік қызметкер емес;
- «ОАЭК» АҚ органдарының отырыстарында акционерлердің өкілі емес және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда да болмаған;
- «ОАЭК» АҚ аудитінде аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі 3 жылда да қатыспаған.

Директорлар кеңесін Төраға басқарады, ол Директорлар кеңесі мүшелері мен Директорлар кеңесі комитеттерінен және Атқарушы органнан түскен ұсыныстар негізінде Директорлар кеңесі отырыстарын шақырып, күн тәртібін белгілейді.

Директорлар кеңесі және атқарушы органға берілетін сыйақы мөлшері «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде анықталады. 2021 жылы Директорлар кеңесіне төленген сыйақы сомасы 55,2 млн теңге болса, атқарушы органға берілген сыйақылардың жалпы сомасы 81,8 млн теңгені құрады.



Корпорацияның Директорлар кеңесі **стратегиялық міндеттерді айқындайды**, кәсіпорын жұмысы нәтижелеріне ағымдағы мониторинг жүргізу және бағалауды қоса алғанда, қызметті бақылаудың қажетті тетіктерін қолдайды

Директорлар кеңесі келесі аталған принциптерге сүйенеді:

— Корпорация қызметі турасында шынайы және толық ақпаратты қолдана отырып, ұжымдық және салмақты негізде талқыланған мәселелер бойынша, бизнес жүргізудің ең жоғарғы стандартына сәйкес шешім қабылдау;

— Акционерлердің Корпорацияны басқаруға қатысу, дивидендтер, Корпорация туралы ақпарат пен есеп алу сынды заңды көзқарастары мен құқықтарын шектеуге жол бермеу;

— Корпорация акционерлері көзқарастарының теңгерімді болуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Корпорация акционерлерінің көзқарастарына сай келетін объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізу;

— Корпорация акционерлерін шынайы және уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету.

ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Корпорация акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен сайланады. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі Жарғы ережелеріне сәйкес, кем дегенде алты адамнан құралуы қажет. Олардың кем дегенде үштен бірі – тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері тек жеке тұлғалар бола алады және олар келесі топтардан сайлана алады:

— акционерлер – жеке тұлғалар;

— акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;

— қоғам акционері болып табылмайтын және акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалар.

«ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасы да Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алады, алайда ол Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің ішінен кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруімен ең көп дауыс жинауы арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы бекітеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлауды өткізіп жатқан Акционерлердің жалпы жиналысында тоқтатылады. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар шектеусіз мәрте қайта сайлана алады.

ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Корпорацияның дивиденд төлеуді есептеу, жариялау тәртібі, көлемі, түрі мен мерзімдеріне қатысты саясаты Корпорацияның Жарғысында және «ОАЭК» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережеде анықталған.

Корпорацияның дивидендтік саясатының басты қағидаттары:

— дивидендтік төлем көлемін анықтау кезінде Корпорация мен оның акционерлерінің мүддесінің теңгерімділігі;

— Корпорацияның инвестициялық тартымдылығын, қаржы тұрақтылығын, капиталы мен өтімділігін арттыру;

— салынған капиталдың нарықтық кірісін қамтамасыз ету;

Корпорация өзінің дамуына жеткілікті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретін мөлшерде таза пайданың бір бөлігін дивиденд төлеуге жұмсауға ниетті. Жылдық дивидендтерді төлеу туралы шешімді Корпорацияның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Корпорация үшін ойда болмаған жерден жағымсыз жайттар орын алған жағдайда Директорлар кеңесі Корпорация акционерлерінің жалпы жиналысына дивиденд төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдауға ұсынысын білдіруге міндетті.

2021 жылы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында «ОАЭК» АҚ акционерлеріне 2020 қаржылық жыл үшін дивиденд төлеу туралы шешім қабылданды.



саерсо_21
#ТДМ #Экономикалық_өсім



«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесіндегі жұмыс өтілі:

10–13 жыл – **3 адам**
2–5 жыл – **3 адам**
жылдан аз – **2 адам**

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ (2022 жылғы мамыр бойынша)

1 КЛЕБАНОВ АЛЕКСАНДР ЯКОВЛЕВИЧ (1963 ж.т.)

Директорлар кеңесінің құрамы төрағасы

«ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы, «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі және акционері болып табылады.

20.08.2007
«ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы;

16.03.2009
«ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы;

17.03.2022
«ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2008 жылдан бері ДК құрамында).

2 ОРАЛ БАҒДАТ ЕРКЕБҰЛАНҰЛЫ (1986 ж.т.)

Директорлар кеңесінің құрамы мүшесі

03.2014–06.2014
«Samruk-Green Energy» ЖШС перспективалық даму басқармасының бастығы;

06.2014–07.2018
«ЦАТЭК Green Energy» ЖШС директоры;

07.2018–4.03.2021
«ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының энергия өткізу және тарифтік саясат жөніндегі орынбасары;

17.03.2022
«ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2021 жылдан бері ДК құрамында);

05.03.2021
қазірге дейін – «ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасы;

31.03.2021
қазірге дейін – «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС Бақылаушы кеңесінің төрағасы.



3 НИГАЙ АЛЕКСАНДР ДАНИЛОВИЧ (1984 ж.т.)

Директорлар кеңесінің құрамы мүшесі

03.08.2015
қазірге дейін - «Қазақстан Құбыр Жүйелері» ЖШС Стратегиялық даму жөніндегі директоры;

26.07.2016
қазірге дейін - «Mineral Product» ЖШС Стратегиялық даму жөніндегі директоры;

09.2020–30.06.2021
«ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының коммерция жөніндегі орынбасары;

17.03.2022
«ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2021 жылдан бері ДК құрамында).





4

ТАБАНОВ ЭЛЬДАР РАШИТОВИЧ (1968 ж. т.)

Директорлар кеңесінің құрамы мүшесі, тәуелсіз директор

-  **04.01.2013**
«ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
-  **01.01.2014–13.06.2017**
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
-  **09.09.2015–16.11.2016**
«Astana» ӘКК ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;
-  **13.10.2016**
«Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
-  **29.09.2017**
«City Box» ЖШС Директоры;
-  **15.01.2018**
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
-  **15.01.2018**
«Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
-  **15.01.2018**
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;
-  **17.03.2022**
«ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып қайта сайланды (2017 жылдан бері ДК құрамында).



5

ҚҰТБАЙ ЖАНДАР БЕРІКҰЛЫ (1985 ж.т.)

Директорлар кеңесінің құрамы мүшесі

-  **01.12.2015–01.09.2019**
«Almex-Baiterek Fund» ЖШС Басқарма төрағасының орынбасары;
-  **01.09.2017–01.08.2019**
«Baiterek Venture Fund» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
-  **01.08.2018**
«Baiterek Venture Fund» АҚ Басқарма төрағасы;
-  **17.03.2022**
«ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2018 жылдан бері ДК құрамында).



6

КАЙЗЕР ФРАНЦ-ЙОЗЕФ (1949 ж.т.)

Директорлар кеңесінің құрамы мүшесі, тәуелсіз директор

- «ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған
-  **17.11.1975–30.06.2009**
«Прайс УотерХаусКуперс» (PwC) серіктесі;
-  **2005–30.06.2009**
«ЕЭС России» РАҚ PwC жобасы бойынша серіктесі;
-  **17.03.2022**
«ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып қайта сайланды (2009 жылдан бері ДК құрамында).



7

КЕРР МАНФРЕД-ЙОЗЕФ (1947 ж.т.)

Директорлар кеңесінің құрамы мүшесі, тәуелсіз директор

- «ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған
-  **2003–2009**
RWE Power International Вице-президенті;
-  **2008–2010**
RWE Power International Басқарушы директоры, Аға кеңесшісі;
-  **25.02.2011**
Rhein Ruhr Power ДК төрағасы;
-  **17.03.2022**
«ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып қайта сайланды (2011 жылдан бері ДК құрамында).



Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес, Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту кезінде жылдық АЖЖ-на Директорлар кеңесі мен Атқарушы орган шешім қабылдайтын барлық мәселелер туралы толық ақпаратты қамтитын Директорлар кеңесі мен атқарушы органның жұмысы туралы есеп ұсынылуы қажет.

8

ТАН ЛЕВИН (1983 ж.т.)

Директорлар кеңесінің құрамы мүшесі, тәуелсіз директор

-  **01.2015–12.2015**
SUNEDISON ENERGY HOLDINGS (SINGAPORE) PTE. LTD. Жобалық қаржыландыру және корпоративтік даму жөніндегі менеджері;
-  **03.2016–03.2019**
CAPITAL ADVISORS PARTNERS ASIA PTE. LTD. Инфрақұрылымдық инвестициялар жөніндегі вице-президенті;
-  **03.2019**
қазірге дейін - CAPITAL ADVISORS PARTNERS ASIA PTE. LTD. Инфрақұрылымдық инвестициялар жөніндегі директоры;
-  **05.2019**
қазірге дейін - THE RONATYN GROUP инвестициялық директоры;
-  **17.03.2022**
– «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып сайланды.



2021 жылы Директорлар кеңесі қызметін бағалау жасалған жоқ



Директорлар кеңесінің қызметі

	2019	2020	2021
бетпе-бет отырыстар	6	2	9
сырттай отырыстар	7	14	9

2021 жылы Директорлар кеңесінің 18 отырысы өткізілді. Директорлар кеңесі назар аударған мәселелер:

- ай сайынғы және квартал сайынғы басқарушылық есептер;
- «ОАЭК» АҚ 2020 жылғы шоғырландырылған бизнес-жоспарының орындалуын қарау;
- «ОАЭК» АҚ-ның 2021 жылғы шоғырландырылған бизнес-жоспарын (бюджетін) бекіту, «ПАВЛОДАР-ЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін және «Астанаэнергосбыт» ЖШС 2020 жылғы қаржылық есептілігін бекіту;
- Еншілес ұйымдардың 2020 жылғы таза табысын бөлу тәртібін анықтау, сондай-ақ 2021 жылғы қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау;
- «ОАЭК» АҚ 2020 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- «ОАЭК» АҚ аяқталған 2020 қаржылық жыл үшін таза табысын бөлу тәртібін және «ОАЭК» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындау;
- «ОАЭК» АҚ 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды алдын ала таңдау;
- «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаментінің және Тәуекелдерді басқару департаментінің қызметі туралы есептерді қарау;
- бірқатар ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- өзгелер.

2021 жылы ірі мәмілелер жасалып, олар туралы ақпарат Қаржылық есептілік депозитарий мен Қазақстандық қор биржасының сайттарында жарияланды.

07.07.2021

2018 жылғы 27 қарашада «Орталық Азия отын-энергетикалық компаниясы», «ОАЭК» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы», «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, VTB Bank (Europe) SE, Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕБ, Банк ВТБ (ПАО) арасында жасалған № 4 кредиттік келісімге қосымша келісім жасау.

13.08.2021

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ, «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ және «ОАЭК» АҚ арасында кредиттік линия беру туралы Келісім жасау.

24.12.2021

2018 жылғы 27 қарашада «Орталық Азия отын-энергетикалық компаниясы», «ОАЭК» АҚ, «ПАВЛОДАР-ЭНЕРГО» АҚ, «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы», «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «Астанаэнергосбыт» ЖШС, VTB Bank (Europe) SE, Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕБ, Банк ВТБ (ПАО) арасында жасалған кредиттік шартқа № 5 қосымша келісім жасау.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанында үш комитет жұмыс істейді

СТРАТЕГИЯЛЫҚ КОМИТЕТ

Комитеттің негізгі функциялары:

- «ОАЭК» АҚ қызметінің басым бағыттарын, оның даму стратегиясын қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ концепцияларын, саясаттарын, бағдарламаларын, даму жоспарларын және олардың жүзеге асу нәтижелерін қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ қызметінің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ бюджетін және оның орындалу нәтижелерін қарау және бағалау;
- «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің назарына Комитеттің ойынша ДК тарапынан әрекетті қажет ететін кез келген мәселе бойынша ұсыныстарды жеткізу;
- Директорлар кеңесіне Корпорация қызметін жоспарлау және дамыту механизмдерін жетілдіру бойынша көмектесу.

Керр М. Төраға

Кан С.В.
Орал Б.Е.
Янушко Л.Л.
Нигаи А.Д.

2021 жылы Стратегиялық комитеттің отырыстары өткізілген жоқ

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитеттің негізгі функциялары:

- Директорлар кеңесіне қаржылық есептілік және ішкі бақылауды қадағалау, сондай-ақ қоғамда адекватты тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесі барын қадағалау тұрғысынан өзінің реттеуші және қадағалаушы функциясын тиімді жүзеге асыруына көмектесу;
- Ішкі аудит, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесін жетілдіру және нығайту;
- Директорлар кеңесінің назарына оның тарапынан әрекетті қажет ететін кез келген мәселе бойынша ұсыныстарды жеткізу.

Кайзер Ф. Төраға

Керр М.
Орал Б.Е.
Нигаи А.Д.
Тан Л.

2021 жылы Комитет отырысы төрт рет өткізілді

Комитет Директорлар кеңесіне реттеуші және бақылаушы қызметтерін тиімді жүргізу, ішкі аудитті, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және бекемдеу бойынша көмектестеді. Комитетте сыртқы аудитор «Deloitte» ЖШС жұмысына қатысты және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы «ОАЭК» АҚ жылдық шоғырландырылған қаржылық есебін бекіту мәселелері және Директорлар кеңесіне есепті департаменттер – Ішкі бақылау департаменті мен Тәуекел-менеджмент департаментінің қызмет мәселелері қаралды.

КАДРЛАР, СЫЙАҚЫЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР КОМИТЕТІ

Комитеттің негізгі функциялары:

- Жұмысшыларға қосымша сыйақылар, өтемақылар және әлеуметтік төлемдерді қоса алғанда «ОАЭК» АҚ және оның ЕҰ-на бірегей кадрлық саясат әзірлеу және енгізу;
- Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және оның принциптерін жүзеге асыру.

Тан Л. Төраға

Ли С.В.

Жұмабекова А.

Константинова Н.В.



2021 жылы Комитеттің бір отырысы өткізілді

Комитет Директорлар кеңесіне Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құруға көмектеседі, нақты айтқанда «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобындағы қызметкерлерді басқарудың 2019 жылғы көрсеткіштер есебі 2018 және 2019 жылдармен салыстыра отырып қаралды.

АТҚАРУШЫ ОРГАН

Ұжымдық атқарушы орган 2020 жылғы 1 қыркүйекте Корпорацияда басқарушы қызметтерді атқаратын жұмысшылардан қалыптасты. Ұжымдық басқарушы орган Басқарма болып табылады, оны Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық ететін, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асыратын Басқарма төрағасы басқарады. Басқарма қызметінің негізгі принциптеріне Акционерлер мүдделерін мейлінше сақтау, адалдық, білімділік, қырағылық жатады.

2021 жылы Басқарманың он үш отырысы өтіп, Холдингтің операциялық қызметі бойынша, оның ішінде «ОАЭК» АҚ ЕҰ жұмысшыларына еңбекақысын көтеру туралы бірқатар шешімдер қабылданды

#Шешімдер

Сыйақы беру саясаты

Атқарушы органға берілетін сыйақы көлемі «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

Басқарма мүшелері сыйақысының мөлшерін анықтау келесі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Сыйақы тұрақты және ауыспалы бөліктен тұрады;
- Сыйақының ауыспалы бөлігі Басқарма мүшесі қызметінің негізгі көрсеткіштерімен, оның біліктілігімен, белгілі кезеңде Қоғам қызметінің нәтижесіне қосқан жеке үлесімен байланысты және мүшенің жоғары сапалы қызметіне стимул беруге бағытталған;
- Басқарма мүшесіне әлеуметтік қолдау, кепілдік және өтемақы төлемдері заңнамасына, Қоғамның ішкі құжаттарына және еңбек шартына сәйкес беріледі.



АӘТ	Лауазымы	Білімі	Жұмыс тәжірибесі
Орал Бағдат Еркебұланұлы	«ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасы	2009 қазан – 2011 желтоқсан Albert Ludwigs University of Freiburg Ғылым магистрі (Жаңартылатын энергия көздері басқармасы)	2021 наурыздан қазірге дейін 2021 наурыздан қазірге дейін «ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасы «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС Бақылаушы кеңесінің төрағасы
		2004 қыркүйек – 2008 шілде Алматы Энергетика және байланыс университеті Жылу энергетикасы бакалавры (Жылу электр станциялары)	2018 шілде – 2021 наурыз «ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының энергия өткізу және тарифтік саясат жөніндегі орынбасары
Янушко Леонид Леонидович	«ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары	1972–1977 – Еңбек қызыл ту белгісі Одесса ордені политехникалық институты	2014 маусым – 2018 шілде «ЦАТЭК Green Energy» АҚ директоры
			2021 қаңтардан қазірге дейін «ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары
			Қараша 2017 – Қараша 2018 «ОАЭК» АҚ кеңесшісі
			2012–2015 – «Трест Средаз-энергомонтаж» АҚ Бас директоры

АӘТ	Лауазымы	Білімі	Жұмыс тәжірибесі
Ильин Игорь Юрьевич	«ОАЭК» АҚ Басқарма төрағасының коммерция жөніндегі орынбасары	Қазақ-Британ Техникалық Университеті (Автоматтандыру және басқару)	Сәуір 2021 – Мамыр 2021 «Самұрық-Энерго» АҚ Даму жөніндегі басқарушы директоры
			Қазан 2020 – Наурыз 2021 «Самұрық-Энерго» АҚ Сауда үйінің басшысы
			Қаңтар 2018 – Қазан 2020 «Авентис Групп» Бас директоры
Ли Сергей Валерьевич	«ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	Швейцариялық Бизнес-мектеп, МВА	2021 наурыздан қазірге дейін «ОАЭК» АҚ Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
		Дарэм университеті, Ұлыбритания, Бизнес Экономика бакалавры	2020 қаңтар – 2021 наурыз «Самұрық-Энерго» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі қоса басқарушы директоры
		Св. Эндрю колледжі, Ұлыбритания, A-Level бағдарламасы	2016 наурыз – 2020 қаңтар «Самұрық-Энерго» АҚ «Қазынашылық және корпоративтік қаржылар» департаментінің директоры

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Корпорацияда бизнес-процестерді жетілдіру және қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттыру мақсатында ішкі бақылау механизмдері жолға қойылған. Ол жүйелі, барлық деңгейдегі стратегиялық және оперативті басқарумен біріктірілген механизм, барлық бөлімшелердің өз функцияларын жүзеге асыру процестерін қамтиды.

«ОАЭК» АҚ-нда Ішкі аудит департаменті қызмет етеді, ал еншілес ұйымдарда Ішкі аудит басқармалары құрылған және қызмет етеді

#Факт

Ішкі аудит департаменті мен Ішкі аудит басқармаларының (бұдан әрі – ІАД, ІАБ) тәуелсіздігі мен объективтілігі компаниялардың Директорлар кеңесіне бағыныштылығы мен есептілігімен қамтамасыз етіледі. ІАД/ІАБ қызметін «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарындағы Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитет бақылайды.

ІАД/ІАБ қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, Әдеп кодексіне және ішкі аудиттің ішкі нормативтік құжаттарына (ІНҚ) сәйкес жүргізіледі. ІАД/ІАБ қызметін регламенттейтін негізгі құжаттарға ІАД/ІАБ туралы Ереже, Ішкі аудит саясаты және Ішкі аудитті жүргізу ережелері жатады.

ІАД Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жоспарға сәйкес жұмыс жүргізеді. ІАД «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесіне Департаменттің атқарған жұмысы туралы есеп береді.

2021 жылы еншілес ұйымдарда келесі бизнес процестердің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау жүргізілді:

- «Инвестициялық қызметті басқару, Инвестициялық бағдарламаларды жоспарлау процестері»;
- «Техникалық қызмет көрсету мен жөндеулерді басқару»;
- «Тариф және тарифтік сметаларды қалыптастыру»;
- «Сатып алу, шарттар және кредиторлармен есеп айырысуды басқару».

Сондай-ақ, ІАД ұсыныстарын орындауға мониторинг, негізгі жабдықтар мен тауарлы-материалдық қорларға бөлшек түгендеу жүргізілді.

Ішкі аудиторлар өз жұмысында келесі принциптерді ұстанады: адалдық, нақтылық, конфиденциалдық, кәсіби компетенттік.

Корпорация бақылаудың барлық деңгейінің, оны ішінде қаржылық және операциялық бақылаудың, заңдар мен ережелердің сақталуының сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесіне ие.



КОРРУПЦИЯҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ

«ОАЭК» АҚ Компаниялар тобында Директорлар кеңесі бекіткен Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясаты бар. Ол Корпорацияның бұл саладағы негізгі ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Саясат Корпорация басшылығының коррупцияны кез келген формада болмасын қабылдамау бойынша бірыңғай этикалық стандарт қалыптастыруына негізделеді. Саясаттың негізгі принциптеріне корпоративті басқаруды жоғары деңгейде жүргізу, коррупция мен алаяқтыққа жол бермеу, тәуекелдерді бағалау, ашық ұйымдық құрылымды қалыптастыру жолымен өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді тиімді бөлу негізінде мүдделер қайшылығын азайту жатады.

Бұл бағытты күшейтудің негізгі элементтері – коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекетті қамтамасыз ететін тиімді стратегияны құру және енгізу, сондай-ақ, мұндай сипаттағы оқиғаларға оперативті ықпал ету болып табылады. Корпорацияда тиісті тәртіп мәдениеті және алаяқтықтың кез-келген түріне негативті қарым-қатынас қалыптасып келеді.

Саясатта Корпорацияның алаяқтық пен коррупцияға қарсы әрекет тәсілдері мен процедуралары баяндалған. Олардың қатарында мұндай деректерді анықтау және бағалау, қызметтік тексерулер жүргізу, барлық заңсыз деректер бойынша жауапкершілікке тарту бар. Корпорацияда кері байланыс каналдары («жедел желі», телефон және пошта сервисі) бар. Оған заңды және жеке тұлғалар (Корпорация қызметкерлері де) хабарласып, дайындалып жатқан не жасалып қойған коррупциялық және алаяқтық әрекеттер туралы хабарлай алады.

Компаниялар тобында қызмет ашықтығын арттыруға бағытталған жұмыстар ұдайы жүргізіледі. Корпорацияның іскери серіктестерін Коррупцияға және алаяқтыққа қарсы әрекет ету бойынша саясатының талаптары мен



принциптері туралы хабардар ету мақсатында Корпорацияның тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алу туралы шарттарының типтік шаблондарына коррупция деректерін анықтау жағдайына байланысты тиісті бөлімдер қосылған.

Корпорацияның ішкі процедураларына сәйкес, жұмысқа жаңадан қабылданған жұмысшылар Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясатымен міндетті түрде танысып, бұл талаптарды сақтау туралы жазбаша түрде растайды.

2021 жылы коррупция не алаяқтық оқиғалар тіркелген жоқ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Корпорацияның корпоративтік басқару тәжірибесі 2021 жылы толықтай Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес болды, кодекс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына және корпоративтік басқару саласындағы қолданыстағы халықаралық тәжірибені және Қазақстанның акционерлік қоғамдарының Корпоративтік басқару қағидаттарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарын ескере отырып дайындалған.

Принциптерді ұстану Корпорация қызметінің күн сайынғы тәжірибесіне халықаралық стандарттарға сай және Корпорацияның акционерлер, тұтынушылар мен қызметкерлер алдында жағымды бейнесін қалыптастыруға әсер ететін корпоративтік тәртіп нормалары мен дәстүрлерін қалыптастыруға және енгізуге, акционерлер құқығының толығымен жүзеге асуына қол жеткізіп, олардың Корпорация қызметі туралы хабардар болуын арттыруға, сондай-ақ, тәуекелдерді бақылау мен төмендетуге, Корпорацияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін қолдауға және оның жарғылық қызметін сәтті жүзеге асыруға бағытталған.

2021 жылы корпоративтік басқару кодексінің барлық негізгі принциптері сақталды.

МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Мүдделер қайшылығы Әдеп кодексінің 11-тармағымен реттеледі. Бұл құжатта қызметкерлердің жауапкершілігі, өз қызметтік лауазымын дұрыс пайдаланбауы, қызметкердің компания ішінде және одан тыс аумақтағы қызметі туралы жазылған.

«Алаяқтық пен коррупцияға қарсы әрекет саясатында» алаяқтық пен коррупцияға қатысты негізгі принциптердің қатарында «Мүдделер қайшылығын төмендету» принципі көрсетілген. Бұл принципке сәйкес, Корпорация ашық Ұйымдық құрылым түзу арқылы өкілеттік пен жауапкершіліктерді тиімді бөлу негізінде мүдделер қайшылығын төмендетеді.



Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері:

- әділеттілік;
- есеп берушілік;
- жауапкершілік;
- ашықтық;
- қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік;
- тиімділік;
- бақылауға алушылық.

saerco_21

#принциптер #корпоративтік_басқару



Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметі тиісті Ережемен реттеледі. Директорлар кеңесі мүшелері арасында мүдделер қайшылығын жою туралы Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы тармақта баяндалған.

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

«ОАЭК» АҚ ақпараттық саясаты корпоративтік ақпаратты тарату процесін, мақсатты аудитория ішінде Корпорацияның бірыңғай бейнесін қабылдауды басқаруға мүмкіндік беретін әрекеттер, шаралар және регламенттер кешенін құрайды.

Ақпаратты ашудың негізгі міндеттері:

- Акционерлер, инвесторлар, сондай-ақ, өзге мүдделі тараптардың Корпорацияның қаржылық-шаруашылық қызметіне ықпал ететін салмақты шешім қабылдауға немесе өзге әрекеттер жасауға қажетті ақпарат, сондай-ақ, Корпорация қызметін толығырақ түсінуге мүмкіндік беретін өзге ақпарат алу тұрғысындағы заңды құқықтарын сақтау мақсатында Корпорацияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру;
- Корпорация туралы бұқаралық ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Корпорация мен акционерлер, инвесторлар, нарық қатысушылары, мемлекеттік органдар және өзге мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың ашықтық және сенімділік деңгейін арттыру;
- Корпорацияда корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- Корпорацияның оң имиджін қалыптастыру.

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

Корпорацияда әрекет ететін Іскери әдеп кодексі 2020 жылы Директорлар кеңесімен бекітілген.

Құжат келесі төрт бағыттағы іскери өзара қарым-қатынасты реттеудің халықаралық тәжірибе стандарттарын біріктіреді:

- бизнес және кәсіби әдеп;
- ұйымдық әдеп;
- корпоративтік басқару;
- компанияның әлеуметтік жауапкершілігі.

Корпорацияның барлық қызметкерлеріне ортақ іскери этика стандарттары мен нормалары қызметте келесі маңызды нәтижелерге қол жеткізуге негіз болады:

- Шешім қабылдауда келісімге келу санын төмендетіп, талқылауда пікір еркіндігін қамтамасыз етеді;
- Корпоративтік мәдениетті және жалпы Корпорацияның қоғамдағы репутациясын/имиджін жақсартады;
- Корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және кризистік басқару процесінің тиімділігін арттырады;



- Мүдделі тұлғалардың тиімді өзара әрекетіне көмектеседі;


- Сот қарауларынан қашуға мүмкіндік береді.

Компаниялар тобында іскери әдептің сақталуы реттелген әдеп принциптері мен талаптарына сәйкес қызметті ұйымдастыру арқылы басшылық тарапынан бақыланады. Кодекстің бекітілген стандарттары мен талаптары Корпорацияның барлық жұмысшылары арасында бөлінеді.

СЫРТҚЫ АУДИТ

«ОАЭК» АҚ тобының қаржылық есептіліктеріне сыртқы аудит жүргізетін компания «Deloitte» ЖШС болып табылады. Аудиторлық қызмет көрсету бойынша шарт компаниямен 2022 жылға дейін жасалды.

НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ





ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ

Ішкі жалпы өнім

ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктің Ұлттық статистика бюросының алдын ала деректері бойынша, 2021 жылы Қазақстан ЖІӨ 4,1 % өссе, жыл бұрын экономика 2,5 % қысқарған болатын. Жаһандық пандемия және карантинмен айшықталған ауыр жылдан кейін, 2021 жылы экономика қайтадан өсім траекториясына шықты. Өсімге негізгі үлесті қызмет өндірісі (бұл салада 4 % жоғарылау бар) қосты, әсіресе айтарлықтай өсімді жаппай және бөлшек сауда (9,2 %) және ақпарат пен байланыс (на 14,6 %) салалары берді. Тауар өндірісі бірінші кезекте өңдеу өнеркәсібінің өсімі арқасында 3,6 % жоғарылады.

Жалпы ішкі өнім динамикасы

Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы



Өнеркәсіп

2021 жылы өнеркәсіптік өндіріс көлемі 3,8 % өсім берді. Өндіріс көлемінің артуы республиканың 15 өңірінде байқалып, төмендеу тек екі облыста ғана (Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары) орын алды.


Тау-кен өнеркәсібі мен карьерлерді дайындауда 2021 жылы өсім 1,7 % пайызды құрады. Өсімнің төмен көрсеткіші шикі мұнай (0,3 %) мен көмір (0,8 %) өндірісінде байқалды. Жоғары өсім металлургиялық рудалар (4,2 %) өндірісі мен Тау-кен өнеркәсібінде қызмет көрсету (4,3 %) саласында орын алды.

Әлдеқайда динамикалық жағдай өңдеу өнеркәсібінде байқалса, мұнда өндіріс көлемі 5,5 % жоғарылады. Мысалы, машина және қондырғыларды қоспағанда, дайын металл өнімдерін шығаруда өсім 18,2 % болса, машина құрастыруда 20,4 % болды.

Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен қамтуда өсім 4,8 %-ға жетсе, бұл негізінен құбыр өткізгіштері арқылы газ пішінді отынды өндіру және таратудың 5,7 % өсімі есебінен орын алды. Электр энергиясын өндіру, беру және таратуда өсім көрсеткіші 5,2 % құрады.

Жалпы өнеркәсіпте және электр энергетикасындағы өндіріс динамикасы, %

Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы




Инвестициялар

2021 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсімі жыл бұрынғы 3,4 % құлдыраудан кейін 3,5 % болды. Бұл ретте өнеркәсіпке салынған инвестициялар өсімінің көрсеткіші 0,7 %. Энергетикалық секторда инвестициялардың төмендеуі 4,9 % болса, өткен жылы төмендеу мәні 20 %-дан астам болған еді.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар динамикасы, %

Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы




Инфляция

2021 жылы инфляция көрсеткіші 8,4 % болды. Бұл соңғы бес жылдағы ең айтарлықтай деңгей. Оның ішінде азық-түлік тауарларына баға 9,9 % артса, азық-түліктік емес тауарлар бағасы 8,5 %, ақылы қызметтер 6,5 % қымбаттады.

Бұл ретте тұрғын үй қызметтерінің бағасы 9,2 % өсті. Атап айтқанда, электр энергиясының құны 9,3 % қымбаттап, жылу энергиясының бағасы төмендеуін жалғастырды. 2021 жылғы төмендеу 2,8 % болды.

ҚР инфляция динамикасы, %

Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы



Болжам

Биылғы сәуірде жария болған Ұлттық экономика министрлігінің болжамында ҚР экономикасының өсімі 2,1 % (өткен жылғы болжам 3,9 %) болатыны айтылған. Болжамның нашарлауы өңірдегі геосаяси жағдаймен және жаһандық ЖІӨ перспективаларының нашарлауымен байланысты.

Еуразиялық даму банкі мамыр айындағы болжамында Қазақстан экономикасының 2022 жылы 2,5 % өсетінін айтты (ақпан айындағы болжамда 4 % өсім туралы айтылған еді).



Энергетика саласына шолу

2021 жылы Қазақстанда электр энергиясын өндіру мен тұтынудың күрт өсімі байқалды. Бұл металлургия, машина құрастыру, мұнай өңдеу секілді энергияны көп қажет ететін өнеркәсіп салаларында өндірістің қайта қалпына келуімен байланысты орын алды. Электр энергиясын тұтыну мөлшерінің артуына криптовалюта майнингі де өз әсерін тигізді.


Қазақстанда электр энергетикасының дамуында жаңартылатын энергия көздеріне көшу тренді байқалады, бұл энергожүйеде айтарлықтай өзгерістерді қажет етеді.

Өндіріс

KEGOC жүйелік операторының мәліметінше, 2021 жылы Қазақстанда 114,45 млрд кВт-с электр энергиясы өндірілді. Бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 5,8 % жоғары және көлемі бойынша соңғы он жылдағы екінші жоғары өсім мәніне ие болып табылады. Атап айтқанда, өндіріс көлемі бойынша ең жоғары өсім Павлодар облысында (12,5 %) байқалды. 10 %-дан астам өсім сонымен бірге Атырау, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында орын алды. Бұл ретте Қарағанды облысында (өндіріс көлемі бойынша екінші орында) 3,7 % төмендеу байқалды.

ҚР электр энергия өндірісі, млрд кВт-с


Дереккөз: KEGOC



Өндірістің айтарлықтай өсімін ҚР БЭЖ барлық үш аумағы да көрсетті. Солтүстік аумаққа Қазақстандағы электр энергиясының жиынтық өндірісінің 77 %-ы сәйкес келді. 2020 жылға қарай өсім 5,7 % немесе 4,75 млрд кВт-с болды. Батыс аумаққа 13 % өндіріс тиесілі болса, өсім 7,4 %-ға жетіп, абсолютті мәнде 1 млрд кВт-с-ты құрады. Оңтүстік аумақта электр энергиясы өндірісі өткен жылы 5,3 % немесе 0,61 млрд кВт-с-қа өсті.


Аумақтар бойынша электр энергиясының өндірісі, млрд кВт-с

Дереккөз: KEGOC



2021 жылы аумақтар бойынша электр энергиясының өндірісі, млрд кВт-с және үлесі

Дереккөз: KEGOC



2021 жылы электр энергиясының 79,7 %-ын ЖЭС өндірді. Өндіріс өсімі 5 % құраса, жыл бұрын өсім 1 % болған еді. 12 %-дық айтарлықтай өсім ГЖЭС-те байқалса, оларға өндірістің 9,4 %-ы сәйкес келеді.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын станциялардың (СЭС, ЖелЭС және БГҚ) өндірісі 2021 жылы 45 % (екі жыл қатарынан ек еселенгеннен кейін) жоғарылады. Электр энергиясы өндірісінің жалпы құрылымында олардың үлесі 2020 жылғы 2,2 %-дан кейін 3 %-ды құрады.

Өндіріс типі бойынша электр энергиясының өндірісі, млрд кВт-с

(Дереккөз: KEGOC)


	2019	2020	2021	Өзгеріс	2021 жылғы үлесі
ТЭС	85,96	86,66	91,16	5 %	79,7 %
ГТЭС	9,98	9,53	10,70	12 %	9,4 %
ГЭС	8,98	9,55	9,18	-4 %	8,0 %
СЭС, ЖелЭС және БГҚ	1,11	2,35	3,40	45 %	3,0 %

Тұтыну

Электр энергиясын тұтыну 2021 жылы 6,1 % өсті. Бұл соңғы жылдардағы ең жоғары көрсеткіш. Тұтынудың айтарлықтай өсімі барлық үш аумақта да байқалды. Тұтынудың ең жоғары өсімі Оңтүстік аумақта (9 %) тіркелсе, екінші орында Батыс аумақ (7 %) тұр. Одан кейінгі кезектегі Солтүстік аумақта өсім 5 %-ға жетті. Бұл ретте Солтүстік аумаққа электр энергиясын тұтынудың 65 %-ға жуығы сәйкес келеді.


ҚР электр энергиясын тұтыну, млрд кВт-с

Дереккөз: KEGOC



Аумақтар бойынша электр энергиясын тұтыну, млрд кВт-с

Дереккөз: KEGOC



Сальдо-ағын

2021 жылы электр энергиясының таза экспорты 556,9 млн кВт-с болды. Ресей Федерациясына экспорт 1 326,6 млн кВт-с құраса, Ресей Федерациясынан импорт 1 788,32 млн кВт-с болды. Орталық Азия ЭЭҰ-на экспорт 1 323,83 млн кВт-с-қа жетсе, импорт 305,21 млн кВт-с болды.

Қуаттылықтар

KEGOC мәліметінше, Қазақстанда электр энергиясын 190 электр станциясы өндіреді. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, олардың жалпы орнатылған қуаты 23 959,3 МВт-ты құраса, иеліктегі қуаты — 20 200,5 МВт.

2021 жылы орнатылған қуат өсімі 412,3 МВт-ты құрап, бірінші кезекте жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын станциялармен қамтамасыз етілді. Күн электр станциялары бойынша орнатылған қуат өсімі 149 МВт (1 034,3 МВт-қа дейін), жел электр станциялары бойынша 148 МВт болып, орнатылған қуат 659,5 МВт-қа жетті. Гидроэлектр станцияларының орнатылған қуаты бір жылда 76,6 МВт артып, 2 806,2 МВт-қа жетті. ЖЭС бойынша өсім 38,7 МВт, бұл ретте орнатылған қуат 19 458,2 МВт-қа жетіп, ол ҚР БЭЖ орнатылған қуатының 81 %-ын құрады.



50

51

ЖЭК станцияларына берілген қолданыстағы артықшылықтар қатарында келесілерді атап өтуге болады:

- Электр желілеріне кепілді қосылу;
- Электр энергиясын кепілді сатып алу;
- ЖЭК қолданатын жылу электр энергиясын өндіру бойынша нысандарды ынталандыру;
- ЖЭК қолданатын нысандардың бекітілген тарифтерін инфляция және шетелдік валюта курсы бойынша индекстеу;
- ЖЭК қолданатын нысандардың аукциондық бағасын индекстеу.

Бұдан әрі заңнамадағы өзгерістер ГЭС дамытуды қолдау, электр энергиясын жинақтау жүйесін қолданатын ЖЭК жобалары, шағын ауқымды ЖЭК дамыту салаларына бағытталады.

Саланы дамыту жоспары

ҚР Энергетика министрлігінің болжамынша, 2022 жылы 115,1 млрд кВтс деңгейінде электр энергиясын тұтыну күтіліп отыр. 2021 жылға қарай өсім шамамен 5 %. Болжам бойынша, өндіріс 115,1 млрд кВт·с құрауы тиіс. Бұл шамамен 2021 жылғы деңгей сақталуы тиіс дегенді білдіреді. Профицит 4,6 млрд кВт·с деңгейінде күтіледі.

Қазақстан электр станцияларының орнатылған және иеліктегі қуаты, МВт (2021/2022 жж 1 қаңтардағы жағдай бойынша)

Электр станциялары	Орнатылған қуат			Иеліктегі қуат		
	2021	2022	Δ, МВт	2021	2022	Δ, МВт
Барлығы	23 547,1	23 959,3	412,3	20 039,1	20 200,5	161,4
ЖЭС	19 419,5	19 458,2	38,7	17 456,1	17 454,4	1,7
СЭС	885,3	1 034,3	149,0	641,6	834,3	192,7
ЖелЭС	511,6	659,5	148,0	311,6	376,8	65,2
ГЭС	2 729,6	2 806,2	76,6	1 628,7	1 534,0	94,7
БГҚ	1,1	1,1	—	1,1	1,1	—

Дереккөз: «Самұрық-Энерго» АҚ

Жаңартылатын энергия көздері

«Париж келісімі» аясында Қазақстан «жасыл экономикаға» көшуге бағыт алды. Атап айтқанда, ел өзіне 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу міндеттемесін алды. Бұл істің айтарлықтай бөлігін электр энергетикасы секторында жаңартылатын энергия көздерінің ролін күшейту құрайды. Бүгінде саланы реттеушілердің ЖЭК қолдауға деген ұмтылысы анық байқалады.

2021 жылы ЖЭК қолдануды қолдауға қосымша ақы беру қолданыла бастады.

Нәтижесінде дәстүрлі станциялардың өткізу бағасы екіге бөлінді:

- Өкілетті орган бекіткен әдістеме бойынша айқындалатын, электр энергиясын өндіру мен пайда нормасының шығындары ескерілген электр энергиясының шекті тарифі;
- ЕҚО анықтайтын ЖЭК қолдау тарифі.

Өткен жылы «ЕҚО» ЖШС-не электр энергиясын өткізетін ЖЭК нысандарын электр энергиясын беру төлемдерінен босату туралы (бұрын барлық ЖЭК нысандары босатылатын) шешім қабылданды. Бұл ретте ЖЭК нысандары өндіретін электр энергиясын сатып алу шарттарының қызмет мерзімі 15-тен 20 жылға ұзартылды. Бұл инвесторларға тартымдылықты арттыруы тиіс.

ҚР БЭЖ электр энергиясының болжамдық теңгерімі, млрд кВт·с

Көрсеткіш	2022	2023	2024	2025	2026	2027	2028
Электр энергиясын тұтыну	119,7	123,2	125,8	129,7	131,9	134,5	136,9
Электр энергиясын өндіру	115,1	117,3	121,8	125,9	131,5	131,5	131,7
Қолданыстағы станциялар	110,5	107,1	107,4	106,2	105,8	105,9	106,1
Жоспарлы	4,6	10,2	14,3	19,7	25,6	25,6	25,6
о.і. ЖЭК	2,0	3,9	4,4	4,5	4,5	4,5	4,5
Артық	4,6	5,9	4,0	3,9	0,5	3,0	5,2

Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі



ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ



✓ Қызмет нәтижелеріне шолу
және даму перспективасы



Қызмет нәтижелеріне
шолу туралы

«ОАЭК» АҚ стратегиялық дамуының басты аспекті өндірістің тиімділігін арттыру, атап айтқанда негізгі қорларды жаңарту жолымен арттыру болып табылады. Корпорацияда 2009-2021 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама жүзеге асырылады.



саерсо_21
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Факт

2021 жылы
Корпорация
инвестициялық
бағдарлама
шараларын
орындауға
24,7 млрд теңге
жұмсады

саерсо_21
#ТДМ #жауапты_тұтыну

«ОАЭК» АҚ-нда электр және жылу энергиясын тасымалдау кезінде, сондай-ақ, аталған энергия түрлерімен тұтынушыларды қамту кезінде болатын шығындарды төмендетуге арналған шаралар кешені тұрақты негізде жүзеге асырылады. Инвестициялық бағдарлама аясында 2021 жылы қондырғыларды жаңғырту бойынша өндірісті арттыруға, электр және жылу энергиясын беру кезіндегі шығынды төмендетуге және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған бірқатар шара жалғасын тапты.

2021 жылы Корпорация инвестициялық бағдарлама шараларын орындауға 23,0 млрд теңге жұмсауды жоспарлады. Нақтысында 24,7 млрд теңге бағытталды. Бұл Петропавл 2-ЖЭО және Павлодар 3-ЖЭО-нда бірнеше шара бойынша шығындардың артуымен байланысты болды.

ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ БОЙЫНША ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

2021 жылы Корпорация электр энергиясы өндірісін 2020 жылмен салыстырғанда 4,0 %-ға, 7 315 млн кВт-с-қа дейін арттырып, жылу энергиясын босатуды 2020 жылмен салыстырғанда 3,9 %-ға, 6 447 мың Гкал-ға дейін көбейтуді жоспарлады. Бұл жоспар «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тұтынушылары үшін жылу энергиясы көлемін арттыруды жоспарлауымен байланысты болатын.

Нақтысында Корпорацияда өндіріс 2020 жылмен салыстырғанда азайып, 6 521 млн кВт-с құрады. Бұл «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бөлімшелері бойынша өндірістің 629 млн кВт-с немесе 18,9 %-ға азаюымен байланысты. Жылу энергиясын босату көлемінің 2020 жылмен салыстырғанда 5,8 %, 6 566 тыс. Гкалға дейін артуы 2021 жылғы жылу беру айларында сыртқы ауаның орташа температурасының 2020 жылғы көрсеткіштен әлдеқайда төмен болуымен (сәйкесінше -5,7 оС және -2,5 оС) және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бөлімшелері бойынша жылу энергиясын тұтыну көлемінің 10,8 % артуымен байланысты болды.



Электр энергиясы
өндірісі
млн кВт·с

Жылу энергиясын
босату
мың Гкал

	2017	2018	2019	2020	2021
Электр энергиясы өндірісі млн кВт·с	7300,009	7025,651	7032,736	7035,177	6521,047
Жылу энергиясын босату мың Гкал	6142,382	6874,167	6371,408	6203,155	6565,602

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ
Павлодар 3-ЖЭО

«ОАЭК» АҚ ірі энергия
өндіруші активі

- ★ Станция Қазақстандағы ең заманауи станциялардың бірі болып табылады. Негізгі қондырғылардың 83 %-ы ТП АБЖ жүйесімен жабдықталған.
- ★ Орнатылған электр қуаты – **555 МВт**
- ★ Жаңартылған өндіріс жабдықтарының үлесі 90,1 %

2021 жыл

Павлодар 3-ЖЭО №6 турбоагрегатының конденсаторын қайта құру атқарылды. Шара станцияның су-химиялық ақауын болдырмауға, турбоагрегаттың номиналды энергия қысымын алып жүруін қамтамасыз етуге, конденсатордағы температуралық қысымды төмендетуге және ПЭК арттыруға бағытталған.

3-кезекті күл үйіндісінің құрылысы бойынша жобаны жүзеге асыру жұмыстары аяқталды. Бұл станцияның үздіксіздігін қамтамасыз ету шараларының бірі. Ол күл-қож қалдықтарын 10,5 жыл бойы қоймалауға мүмкіндік береді.



«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ
Павлодар 2-ЖЭО

қуаты бойынша «ОАЭК» АҚ
үшінші энергия өндіруші активі.
Ол қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарын, жергілікті қызмет көрсету нысандарын, сонымен бірге үй шаруашылығын электр энергиясымен қамтамасыз етеді

- ★ Станция жылу беру кезеңінде орнатылған электр қуатын пайдалану көрсеткіші бойынша Қазақстандағы ең үздік станциялардың бірі. Оның үлесі шамамен 93 %.
- ★ Орнатылған электр қуаты – **110 МВт**

2021 жыл

Станцияның технологиялық циклінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін күл үйіндісінің екінші кезегін биіктеті шаралары аяқталды. Бұл күл-қож қалдықтарын 5,1 жыл бойы қоймалауға мүмкіндік береді.

Павлодар 2-ЖЭО №2 қазандық агрегатының ауа жылытқыш кубтарын қайта құру орындалды.



✓ Қызмет нәтижелеріне шолу
және даму перспективасы

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ
Екібастұз ЖЭО

қуаты бойынша «ОАЭК» АҚ
төртінші энергия өндіруші активі

- ★ ЕЖЭО Екібастұз қаласындағы жылумен қамтудың жалғыз көзі. Станция Корпорацияның ең көне кәсіпорны болып табылады.
- ★ Орнатылған электр қуаты – **12 МВт**

2021 жыл

«Екібастұзжылуэнерго» ЖШС құрылымын оған жаңа қызмет түрі – жылу энергиясымен қамтуды қосып қайта құруға байланысты инвестициялық бағдарламалар 2022 жылға шегерілді.



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ
Петропавл 2-ЖЭО

«ОАЭК» АҚ ірі энергия
өндіруші активі

- ★ 2-ПЖЭО қаланың өнеркәсіп кәсіпорындарын, жергілікті қызмет көрсету нысандарын, сонымен бірге үй шаруашылығын электр энергиясымен қамтамасыз етеді.
- ★ Станция Қазақстандағы ең заманауи станциялардың бірі болып табылады: 2009 жылдан бері станция жабдықтары 49,7 % жаңаланды. Негізгі қондырғылардың 42 %-ы ТП АБЖ жүйесімен жабдықталған.

- ★ Орнатылған электр қуаты – **541 МВт**

2021 жыл

№2 трансформаторды ауыстыру орындалды. 2022 жылғы 30 қарашада іске қосылды.

Қазандық, турбиналық, электрлік, отын-транспорттық цехтердің жабдықтарын қайта құру шаралары жүргізілді.



Электр энергиясын беру

2021 жылы инвестициялық бағдарламалар аясында жалпы ұзындығы 76,16 км 0,4–10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру бойынша жұмыстар орындалды:

- «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ – ӨОС қолдана отырып 10,78 км;
- «Ақмола ЭҮК» АҚ – 49,98 км, оның ішінде 49,42 км өздігінен берілетін оқшауланған өткізгіштен;
- «Павлодар ЭТК» АҚ – 15,4 км.

Ұзындығы 50,353 км 35-110 кВ әуе желілерін салу және қайта құру жұмыстары орындалды:

- «Ақмола ЭҮК» АҚ – 37,293 км, «Павлодар ЭТК» АҚ – 8,76 км, «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ – 4,3 км.

16 10-220 кВ шағын станциясын, оның ішінде «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ бойынша 3 шағын станцияны, «Павлодар ЭТК» АҚ бойынша 2 шағын станцияны, «Ақмола ЭҮК» АҚ бойынша 11 шағын станцияны қайта құру бойынша жұмыстар орындалды.



«Павлодар ЭТК» АҚ

— Ұзындығы 15,4 км болатын 0,4–10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру жұмыстары, ұзындығы 16,6 км 0,4 кВ электр берудің әуе және кабельді желілерін қауіпсіз және салу жұмыс жобалары әзірленді;

— Қолданыстағының орнына ұзындығы 21,7 км болатын 35 кВ Л-62 «Воскресенка 2 – Трофимовка» жаңа электрмен қамту әуе желісін салу жұмыстары аяқталып, ол 2021 жылдың 1 кварталында пайдалануға берілді;

— Қолданыстағының орнына ұзындығы 18,73 км болатын 35 кВ Л-52 «Федоровка 1,2 – Львовка» жаңа электрмен қамту әуе желісін салу жұмыстары жүргізіліп, ол 2022 жылдың 2 кварталында пайдалануға беріледі деп жоспарланды;

— Электр энергиясын техникалық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің 895 есептегіші орнатылып, 2022 жылдың 1-2 кварталында орнату мақсатымен 907 есептегіш сатып алынды;

— Павлодар қаласы аумағында құрғақ оқшаулағышы бар және вакуумды ажыратқышы бар күш трансформаторлы төрт модульді трансформатор шағын станциялары орнатылды. Бұл шағын станциялар күзет және өрт дабылының заманауи қондырғыларымен жабдықталған;

— Павлодар қаласында жаңа №11 тарату шағын станциясы монтажданды;

— Павлодар қаласында 10кВ РУ-10кВ ПС 110/10кВ «Заводская» екі ұяшығы монтаждала отырып, ВЛ-10кВ қайта құру кезінде тарату қондырғысын орнату;

— 220/35/10 кВ «Қалқаман» шағын станциясын қайта құру аясында екі телемеханика шкафын ауыстыру жүргізілді;

— 110/10кВ «Северная городская» шағын станциясын 40 МВА екі күш трансформаторын орната отырып салу жүргізілді, жоспарлы пайдалануға беру мерзімі 2022 жылдың 4 кварталы;

— Батыс ПЭС (Ақсу қаласы) күзет, өрт дабылын монтаждау жүргізілді;

— РРЛ «Восточное ПЭС – ПС «Заря» – ПС «Ямышево» – ПС «Чёрное» – Лебяжинский РЭС» жүйесінің 5 қондырғысын орнату бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды;

— 5 ғимарат пен құрылыс қайта құрылды;

— Мичурино қыстағында оқу-тренажер орталығын және тренажерлік дайындық пунктін салу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленді;

— Жалпы саны 383 дана технологиялық қондырғылар, арнаулы механизмдер және негізгі жабдықтардың өзге нысандары сатып алынды.

«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ

— М. Жұмабаев атындағы ауданның Булаево қаласында ұзындығы 10,78 км ВЛЭП 0,4 кВ ӨОС технологиясын қолдана отырып қайта құру шаралары орындалды;

— Петропавл қаласындағы ПС 110/10 кВ №3 16 МВА күш трансформаторларын 25 МВА трансформаторларына ауыстыру орындалды;

— 110 кВ ПС 110/35/10 кВ «Литейная» әуе желілерін жаңғырту жұмыстары орындалды;

— 40 дана ТМГ 10/0,4 кВ трансформаторлары сатып алынды;

— СҚО Қызылжар ауданында ЗРУ-10 кВ на ПС 35/10 кВ «Озёрная» қайта құру үшін РУ-10 кВ сатып алынды;

— Ұзындығы 4,3 км ВЛ-110 кВ «Новомихайловка-Литейная» құрылысы орындалды;

— УАЗ, МТЗ тракторы және орман шаруашылығы мұльчері түрінде арнаулы автотранспорт сатып алынды.



«Ақмола ЭҮК» АҚ

— 35 кВ және одан жоғары 11 шағын станцияны техникалық жаңғырту жұмыстары орындалды;

— Ұзындығы 37,293 км ВЛ-110 кВ «Макинск – Никольская» бірінші кезеңінің құрылысы орындалды;

— Электрмен қамтудың тарату желілерінің сенімділігін арттыруға бағытталған 10-0,4 кВ желілерін техникалық жаңғырту іске асырылды, ұзындығы 6,232 км АС-35,50 жалаңаш сыммен СИП-3 өздігінен берілетін өткізгішке ауыстыру жүргізілді, ескі 26 дана КТП-10/0,4 кВ жаңа КТПН-10/0,4 кВ-ға ауыстырылды, ВЛ-10 кВ тіректеріне 4 дана реклоузерлер орнатылды;

— Шағын станцияларда 511 есептеу құралдар монтажданып, ЭКЕАЖ жабдықтарын қондырғылар мен құралдармен жабдықтау жүзеге асырылды;

— Ерейментау, Жарқайың, Атбасар АЭС-нде 9 ғимарат пен құрылыс және «АЭҮК» АҚ Нұр-Сұлтан қаласындағы әкімшілік ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді;

— Арнаулы техника мен автотранспорт паркі 27 данаға жаңартылып, 7 арнаулы техникаға күрделі жөндеу жүргізілді;

— Метрологиялық қызмет зертханасы жаңғыртылды. Келесі заманауи қондырғылар сатып алынып, орнатылды: құрылғы орнында қысым трансформаторларын тексеру құрылғысы, 6 орынға арналған «НЕВА-Тест» 6303И үш фазалы автоматты тексеру құрылғысы.



Жылу энергиясын беру

Жылу энергиясы шығындарын төмендету бойынша негізгі шаралар Павлодар, Екібастұз және Петропавл қалаларында орталықтандырылған жылумен қамту желілерін қалпына келтіру мен жаңғыртуға бағытталған. Мұндағы мақсат жылумен қамту сенімділігін, энергияны қолдану тиімділігін арттыру, сонымен бірге жылу шығындарын азайту.

Жұмыс жүргізу кезінде дәстүрлі құбырдан жоғары термооқшаулау көрсеткіштерімен, жоғары сенімділік ресурсымен және 25 жылға дейінгі пайдалану мерзімімен айрықшаланатын алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіші қолданылады.



Павлодар


2021 жылы бекітілген Инвестициялық бағдарлама аясында «Петропавл жылу желілері» ЖШС келесі шараларды орындады:

1) «Павлодар қаласы Лесозавод ықшам ауданында ОЖП орната отырып, №3 сорғы станциясын қайта құру» шарасы бойынша жұмыстар жалғасын тапты. Ауданында ОЖП орната отырып, №3 сорғы станциясын қайта құру Лесозавод және Радиозавод аудандарының тұрғындары үшін гидравликалық режимді жақсарту үшін қажет.

2) «Электр энергиясын коммерциялық есептеу және телеметрия жүйелерінің автоматтандырылған жүйесі» шарасы орындалып, жүйе өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

3) Ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін 5 арнаулы техника сатып алынды. Оның ішінде: КАМАЗ базасындағы тягач, бортты жартылай тіркеме, Беларусь тракторы, тракторлы тіркеме (2 бірлік), экскаватор-тиегіш.

Жылу желілері тозуының жоғары деңгейі (84,05 %) көптеген технологиялық ақауларға алып келеді: 2020 жылы 666 және 2021 жылы 600 істен шығу тіркелді. Жылу шығындары 2020 жылмен салыстырғанда 1,5 % артты.



Факт

2021 жылы ұзындығы **1,128 км** жылу құбыр өткізгіштерін алдын ала оқшауланған құбырларды пайдалана отырып салу және қайта құру орындалды:

Павлодар қаласы – 0,220 км;

Петропавл қаласы – 0,908 км.

saerco_21

#құрылыс #қызмет_нәтижелеріне_шолу

#қайта_құру





Петропавл

«Петропавл жылу желілері» ЖШС компаниясында «СҚО, Петропавл қаласында 2Ду500 мм №3 жылу магистралінің Сәтпаев көшесі бойынша ТК-6-19 – ТК-3-15г аралығында қайта құру» жұмыс жобасына (құрылыс-монтаж жұмыстары 2022 жылы басталады) кешенді ведомствоаралық экспертиза жүргізілді. Компьютерлік техника, АТС комплекті және тепловизор сатып алынды.

Жылу желілері тозуының жоғары деңгейі (72,16 %) көптеген технологиялық ақауларға алып келеді: 2020 жылы 141 және 2021 жылы 270 істен шығу тіркелді. Жылу шығындары 2020 жылмен салыстырғанда 1,5% артты.

Екібастұз жылу желілері тозуының жоғары деңгейі (85,98 %) көптеген технологиялық ақауларға алып келеді: 2020 жылы 166 және 2021 жылы 187 істен шығу тіркелді. Жылу шығындары 2020 жылмен салыстырғанда 0,4 % артты.

Корпорацияның жылу беруші кәсіпорындарында жылу шығынын автоматты реттегіштер, өнеркәсіптік контроллерлер және механизмдер мен бақылау-өлшеу құралдарын диспетчерлік қызметпен байланыстыратын модемдер орнатылады. Жылу пункттерінің барлық жабдықтары бірыңғай желіге бірігеді, бұл диспетчерлерге гидравликалық және температуралық режимдерді жедел бақылауға, ал мамандарға штаттан тыс және апаттық жағдайларға жылдам әрекет етуге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Корпорация жылу энергиясы шығындары көздерін анықтаудың жетекші технологияларын қолданады: магистральды құбырларды бақылау және диагностикалауға арналған тепловизиялық зерттеу құралдары, ультрадыбыстық дефектоскоптар.



Қондырғыларды қайта құру және жаңғырту бойынша 2022 жылға жоспар

2022 жылы Инвестициялық бағдарлама аясында өндірісті арттыру, электр және жылу энергиясын беру кезіндегі шығындарды төмендету және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бойынша бірқатар шараларды жалғастыру жоспарланып отыр.

2022 жылы Корпорация инвестициялық бағдарламалардың шараларын орындауға 19,8 млрд теңге жұмсауға ниеттеніп отыр.

2022 Корпорация 5 654,2 млн кВт·с электр энергиясын өндіріп, 6 208,7 мың Гкал жылу энергиясын босатуды жоспарлап отыр.

«ОАЭК» АҚ ЕҰ барлық ЖЭО-нда жаңа Экологиялық кодекстің талаптарына сәйкес қоршаған ортаға бөлінетін эмиссияға мониторинг жасаудың автоматтандырылған жүйесін орнату бойынша шаралар орындалады.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО-нда №1 түтін тұрбасына жұмыс істейтін қолданыстағы қазандық агрегаттардың тартылысы бойынша шектеуді алып тастау мақсатында №2 түтін тұрбасын салу жұмыстары жалғасын табады. Бұл тұрбаға ст. №5 және №6 қазандық агрегаттарды және ст. №7 және №8 перспективалық қазандық агрегаттарды қосу мүмкіндігі қарастырылған.

Екібастұз ЖЭО-нда №14 қазандық агрегаты қайта құру жоспарланып отыр.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда 2022 жылы ғимараттар мен құрылыстар, №№4,5,6,7,8,9,12 қазандық агрегаттарын, №№5,7 турбоагрегаттарын күрделі жөндеу, №2 күл үйіндісінің №3 секция бөгетін биіктетудің екінші кезеңі бойынша жұмыстар жоспарланған.

2022 жылы алдын ала оқшауланған құбырларды пайдалана отырып ұзындығы 1,117 км магистральді жылу құбыр өткізгіштерін салу және қайта құру жоспарланып отыр: Павлодар қаласы – 0,24 км, Петропавл қаласы – 0,877 км. Павлодар қаласында «Павлодар қаласының Лесозавод ауданында ОЖП орнатып, №3 сорғы станциясын қайта құру» шарасы аясында құрылыс-монтаж жұмыстарын аяқтауды және нысанды пайдалануға беруді жоспарлап отыр.

2022 жылы ЭТК бойынша инвестициялық бағдарлама аясында келесі шаралар атқарылады:

- Ұзындығы 127,214 км 0,4-10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру, оның ішінде: «СҚ ЭТК» АҚ бойынша – 48,54 км, «АЭҰК» АҚ – 46,674 км, «ПЭТК» АҚ – 32 км;
- Ұзындығы 51,99 км 35-110 кВ әуе желілерін салу және қайта құру, оның ішінде: «СҚ ЭТК» АҚ бойынша – 31 км, «АЭҰК» АҚ – 11,02 км, «ПЭТК» АҚ – 9,97 км;
- 35 кВ және жоғары 12 шағын станцияны қайта құру, оның ішінде: «СҚ ЭТК» АҚ бойынша – 1 шағын станция, «ПЭТК» АҚ – 1 шағын станция, «АЭҰК» АҚ – 10 шағын станция.



Қондырғыларды қайта құру және жаңғырту бойынша 2023-2025 жылдарға жоспар

2023-2025 жылдары инвестициялық бағдарламалар аясында ЖЭО бойынша келесі негізгі шараларды жүзеге асыру жоспарланып отыр:

Павлодар 3-ЖЭО

- №1,2,3 жарықтандырыштарын ауыстыру;
- №6 қазандық агрегатында ТП АБЖ орнату.

Петропавл 2-ЖЭО

- №1 түтін тұрбасын салу;
- ст.№2 ҚА қайта құру;
- ст.№3 ҚА барабанын ауыстыра отырып күрделі жөндеу;
- ст.№1 ҚА барабанын ауыстыра отырып күрделі жөндеу;
- ст.№3 ТА қайта құру;
- ст.№6 ТА қайта құру;
- №4 күл үйіндісін салу.

«Екібастұз жылу энергo» ЖШС ЕЖЭО

- тұз көлі табанындағы күл үйіндісінің №2 секциясын қайта құру;
- қоршаған ортаға бөлінетін эмиссияға мониторинг жасаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу;
- ЕЖЭО ауыз сумен қамту сызбасын қайта құру және 6000 м³ ауыз су қорының багін техникалық суға ауыстыру;
- ПСВ-1,2 ауыстыра отырып шикі су сызбасын қайта құру;
- ст.№№11, 12, 13, 14 КВТК-100-150 қазандарын қайта құру;
- ЕЖЭО қазандық-турбиналық цехтің бас корпусының өндірістік ғимаратын қайта құру;
- ЕЖЭО су жылыту қазандығы және қазандық-турбиналық цех газ өту жолын қайта құру.

Инвестициялық бағдарламалар аясында 2023-2025 жылдары жылу желілері бойынша келесі негізгі шараларды орындау жоспарланған:

«Павлодар жылу желілері» ЖШС

1. Павлодар қаласының оңтүстік бөлігінің жаңа тұтынушыларын қосу мүмкіндігі мен жылумен қамтуды жақсарту, сонымен бірге қайта құрылатын учаскенің физикалық тозу деңгейі мен жылу шығындарын төмендету мақсатында диаметрін Ду 920 мм-ден Ду 1020 мм-ге арттыра отырып, алдын ала оқшауланған құбырларды пайдалану арқылы жалпы ұзындығы 7 км болатын «Павлодар қаласында «Алюминий Қазақстан» АҚ ЖЭО аумағынан (қоршау қабырғасынан) НП-6-ға дейінгі ТМ-20 жылу магистралін қайта құру» жобасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау.
2. Жылу механикалық қондырғыларды жылу тасымалдағыштың номиналды қысымының артып кетуінен қорғауды ұйымдастыру бойынша техникалық шаралар кешенін әзірлеу және енгізу;
3. Павлодар қаласында ЦТП және ПНС электрмен қамту жүйелерін қайта құру;
4. Жылу желілерін күрделі және ағымдағы жөндеу үшін арнаулы техника сатып алу.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС ұзындығы 3,455 км магистральды құбырлардың қайта құру жоспарланып отыр, оның ішінде:

- ұзындығы 1,149 км болатын 2 Ду 500 мм №3 жылу магистралін Сәтпаев көшесі бойынша ТК-6-19 бен ТК-3-15г аралығында қайта құру жұмыстарын аяқтау;
 - ұзындығы 1,680 км болатын 2 Ду 400-2 Ду 500мм №6 жылу магистралін Ружейников көшесі бойынша УН-6-10-с пен ТК-6-14 аралығында қайта құру;
 - ұзындығы 0,626 км болатын 2 Ду 500мм №6 жылу магистралін К. Кеншинбаев, Кошуков көшелері бойынша УН-6-14 пен ТК-6-21 аралығында қайта құру.
- «Екібастұз жылу энергo» ЖШС Екібастұз жылу желілері:**
- Орталық жылу тармақтарына апаратын алаңнан тыс жылу желілерін қайта құру;
 - №3 павильон мен ТК-4А аралығында ТМ – VIII қайта құру;
 - ТК-4А мен НО 41 А аралығында ТМ – XII қайта құру.



Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективасы

Инвестициялық бағдарламалар аясында 2023-2025 жылдары электр желілері бойынша келесі негізгі шараларды орындау жоспарланған:

ПЭТК

- «Ленинская» ШС 110/110кВ қайта құру;
- «Центральная-городская» ШС 110/10кВ қайта құру;
- ШС 220/110 кВ «Промышленная» шағын станциясында РЗА және 110кВ ұяшықтарының қондырғыларын қайта құру;
- жалпы ұзындығы 29,0 км болатын 35 кВ №63 «Ольгино-Тимирязево» әуе электр беру желілерін салу;
- ұзындығы 80,6 км болатын 0,4-10 кВ электр желілерін жобалық сметалық құжаттамасын әзірлей отырып салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру;
- ғимараттар мен құрылыстарды қайта құру (97 бірлік);
- Мичурино қыстағында оқу-жаттығу орталығы мен тренажерлік дайындық пунктін салу;
- күзет-өрт дабылын монтаждау (11 комплект);
- радиорелелік байланысты (5 комплект), транкингітік байланысты (10 комплект) монтаждау;
- талшықты оптикалық кабельді монтаждау – 231,6 км;
- жобалық сметалық құжаттамасын әзірлей отырып, автоматтандырылған техникалық есепке алудың 3119 есептегішін орнату;
- технологиялық қондырғылар, арнаулы механизмдерді және негізгі жабдықтар нысандарын сатып алу (909 бірлік).

СҚ ЭТК

- «Покровка» ШС 110/35/10 кВ шағын станциясында ОРУ-35 кВ қайта құру;
- 6,3 МВА ПС 35/10 кВ «Рабочий посёлок» на 10 МВА-да 6,3 МВА ПС 35/10 кВ «Рабочий посёлок» ауыстыру;
- Петропавл қаласында кабельді желілерді қайта құру;
- СҚО-да 0,4 кВ әуе желілерін қайта құру;
- Петропавл қаласында ОРУ -110 кВ на ПС 110/10 кВ №10 қайта құру;
- ЭКЕАЖ енгізу;
- ТП, КТПН 10/0,4 кВ қондырғыларын қайта құру.

АЭҮК

- ШС-35 кВ және жоғары шағын станцияларды техникалық жаңғырту;
- ӘЖ 35 кВ және жоғары желілерді салу;
- 0,4-10 кВ желілерін техникалық жаңғырту;
- энергожабдықтар мен ЭБЖ күрделі жөндеу.



ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ ЭКЕАЖ

2020 жылы «Электр энергиясын таратуды автоматтандырылған бақылауды ұйымдастыру концепциясы» бекітіліп, оның аясында бизнес процестерді стандарттау және ЭЕАЖ техникалық есепке алуды автоматтандыру басымдықтары белгіленді.

2021 жылғы инвестициялық бағдарлама аясында ЭЕАЖ 35 кВ және одан жоғары 61 шағын станцияда орнатылды:

- «Павлодар ЭТК» АҚ – 8 ШС;
- «Ақмола ЭУК» АҚ – 53 ШС.

БИЛЛИНГ

2021 жыл ішінде келесі жұмыстар орындалды:

- Заңды тұлғалар бойынша Kaspi банк қосымшасымен төлем қабылдау жүзеге асырылды;
- Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 166 бап, 6 тармақ, 2 тармақшасының талаптарына сәйкес, «ККМ чегін» беру жүзеге асырылды;
- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ талаптарына сәйкес, биллинг жүйесінде тұтынушылардың дебиторлық қарызын көрсетілетін қызметтер бөлінісінде шығару функционалы іске қосылды;
- Биллинг жүйесінің жылдам қызметін оңтайландыру мақсатында мәліметтер сақтау оймасына талдамалы есеп формалары көшірілді.

«ТЕЗИС» ҚҰЖАТТАРДЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

2021 жыл ішінде келесі жұмыстар атқарылды:

- **Жүйе релизін келесі мақсаттарда жаңарт бойынша жұмыс басталды:**
 - Өнімділік пен әкімшіліктендіруді арттыру;
 - Мобильді қосымшаны енгізу;
 - Электронды цифрлы қолтаңбаны қолдану мүмкіндігін жүзеге асыру;
- **«Канцелярия/Іс жүргізу» модулін жетілдіру;**

— Қаржылық процестерді автоматтандыру:

- Контрагенттермен өзара есеп айырысу;
- Контрагенттермен шарттарды мақұлдау;
- Контрагенттер бойынша мәліметтерді ІС УПП-пен біріктіру.



Шара

В 2021 жылы «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында өндірістік, есептік және қосымша ақпараттық жүйелерді кешенді жаңғырту және автоматтандыру шаралары жүргізілді. **Барлық жобалар еңбек өнімділігін, қызмет ашықтығын және экономикалық тиімділікті арттыруға бағытталған.**

Процестерді автоматтандыру бойынша 2022 жылға жоспарлар

- «ТЕЗИСті» өзекті релизге дейін жаңарту, кадрлық процестер мен ақпараттық қауіпсіздік процестерін автоматтандыруды дамыту;
- 126 35 кв және одан жоғары шағын станцияларда, 500-ден астам 6–10 / 0,4 кв трансформатор шағын станцияларында ЭКЕАЖ орнату;
- Тұтынушыларды дебиторлық қарызы бары туралы СМС-хабарлама арқылы ақпараттандыру бойынша жұмысты жүзеге асыру.
- Чат-бот жүйесі (WhatsApp және Telegram) арқылы электр және жылу энергиясы көрсеткіштерін қабылдау бойынша жұмыс жүргізу.

ЭНЕРГИЯМЕН ҚАМТУШЫ ҰЙЫМДАРМЕН ҚЫЗМЕТ

2020 жылмен салыстырмалы талдау жасау кезінде электр және жылу энергиясын өткізу табиғи және ақшалай бірлікте тұрақты өсім көрсетті

	2020		2021		Өсім пайызы	
	көлем (мың кВт·с/ мың Гкал)	өткізу (ҚҚС бар мың теңге)	көлем (мың кВт·с/ мың Гкал)	өткізу (ҚҚС бар мың теңге)	көлем (мың кВт·с/ мың Гкал)	өткізу (ҚҚС бар мың теңге)
Электр энергиясын өткізу:	2 891 081	47 868 546	3 017 172	60 459 653	4	26
«Павлодар-энергосбыт» ЖШС	1 293 190	18 778 305	1 314 648	23 574 352	2	26
«Севказ-энергосбыт» ЖШС	816 026	12 909 367	868 600	17 142 801	6	33
«АЭУК-Энергосбыт» ЖШС	781 865	16 180 873	833 924	19 742 500	7	22
Жылу энергиясын өткізу:	4 627	20 937 325	5 011	24 518 077	8	17
«Павлодар-энергосбыт» ЖШС	3 364	13 836 881	3 585	15 345 154	7	11
«Севказ-энергосбыт» ЖШС	1 263	7 100 444	1 426	9 172 923	13	29

Тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру. Тұтынушылармен операциялық жұмыс моделін жақсарту. Өз-өзіне қызмет көрсету мүмкіндіктері

Энергиямен қамтушы ұйымдардың негізгі міндеттерінің бірі тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандыру, тұтынушыларға қызмет көрсету деңгейін арттыру және халықаралық сапа жүйесі стандарттарының міндетті талаптарына сәйкес келу болып табылады.

Тұтынушыларға сервистік қызмет көрсетуді жақсарту және қызмет сапасын арттыру мақсатында 2021 жылы келесі шаралар жүзеге асырылды:

— орталық жұмысшыларының тұрғындарға бетпе-бет және сырттай қызмет көрсету дайындығы мен білім деңгейін арттыруға *бағытталған қызметкерлердің білімін тексеру және оқыту шарасы*. Оқу барысында энергия беруші ұйым өкілдерімен оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес бірқатар сұрақтар пысықталды.

— ұйым ұсынатын қызметтерге тұтынушылардың қанағаттану деңгейін талдау мақсатында өткіз учаскелерінде және сервис орталықтарында тұтынушылар арасында *анкета түріндегі сұрау салу жүргізу*;

— *«Жеке кабинеттің» қауіпсіздігін арттыру мақсатында* «АЭҰК-Энергосбыт» ЖШС әлсіздіктерді жоюға бағытталған бірқатар жұмыстарды орындады. Атап айтқанда, веб жүйеге XSS типті шабуылдардың алдын

алатын шаралар (бұл шабуыл кезінде зиянды кодтар веб жүйеге жіберіліп, ол код жүйені алаяқтардың веб серверлерімен байланыстырады), сонымен бірге SQL-кодты енгізумен күрес (бұл да сайттар мен бағдарламалардың бұзудың кең таралған тәсілдерінің бірі). Осы мақсатта тұтынушы «Жеке кабинетке» кірген кезде оны қосымша тексеру және «Жеке кабинет» сервисінде тұтынушының паролін өзгерте алу мүмкіндігі енгізілді.

— *Тұрмыстық тұтынушыларды қарызы туралы ерте ақпараттандыру*. «Павлодарэнергосбыт» ЖШС компаниясында бар автоматты қоңырау шалу жүйесі өңірдің барлық елді мекендеріне кеңейтілді (байланыс қалааралық каналға өткізілді), сонымен бірге қарыз сомасын адресі хабарлау қызметі жүзеге асырылды. сохранение и дальнейшее использование

— Карантин алынғаннан кейін тұтынушыларға қашықтан интерактивті қызмет көрсету мақсатында құрылған каналдардың *сақтап қалып, әрі қарай қолдану*.

Байланыс орталығының жұмысы көпканалды телефонға тұтынушылардан автоматты түрде және сонымен қатар оператормен байланысу арқылы түсетін барлық қоңырауға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді.

Байланыс орталығының жұмысына келесілер жатады: энергиямен қамту мәселелеріне қатысты тұтынушылардан түсетін барлық қоңырауларға қызмет көрсету, оның ішінде ыстық сумен қамтуды және электр энергиясын есепке алу құралдарының көрсеткіштерін қабылдау, көрсетілген қызметтерге есептеулер жүргізу мәселелері бойынша ақпарат беру, қалыптасқан қарыз туралы ақпараттандыру, құжаттар рәсімдеу, энергиядан жоспарлы және апаттық ажыратулар туралы хабарландыру.

Тұтынушылардың өзіне өзі қызмет көрсету мүмкіндігі кәсіпорындардың ресми сайттарында орналасқан «Жеке кабинет» арқылы қарастырылған.



Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективасы

Тұтынушылардан келетін шағымдар мен ұсыныстарды қарау және талдау Корпорацияның энергия өткізуші кәсіпорындарының жұмыс ашықтығын арттырады және өзара жұмыс сапасын арттыратын кері байланыстың маңызды механизмі болып табылады.

Тұтынушылардан түсетін шағымдар мен ұсыныстарды қарау процедурасы келесі негізгі кезеңдерді қамтиды, онда тұтынушылармен жұмыстың нақты бекітілген мерзімдері бар:

1. Шағым/ұсынысты алу;
2. Шағым/ұсынысты бағалау, тіркеу және жауапты адамдарды белгілеу;
3. Зерттеу, шешу және коммуникация;
4. Жауап дайындау және тұтынушыға жіберу;
5. Шағымды жабу;
6. Келесі әрекеттер (мониторинг, талдау).

Дебиторлық қарызбен жұмысты талдау (ҚҚС-сыз мың теңге)

ЭҚҰ атауы		«Павлодар-энергосбыт» ЖШС	«Севказ-энергосбыт» ЖШС	«АЭҰК-Энергосбыт» ЖШС	Барлығы
Дебиторлық қарыз 01.01.2022ж.	жалпы	5 770 512	3 134 465	1 580 135	10 485 113
	1 айдан астам	1 551 303	611 439	192 422	2 355 165
ДҚ бары туралы берілген ескертулер саны		691 625	103 277	210 030	1 004 932
Жүргізілген ажыратулар саны		44 361	1 962	4 930	51 253
Атқарушылық жазбалар саны		1 066 902	57 574	14 717	1 139 193
Қозғалған атқарушылық істер саны		1 104 715	159 817	24 003	1 288 535

Қоңыраулар мен «Жеке кабинет» сервисін қолданушыларға талдау

ЭҚҰ атауы	Тұтынушылар саны 01.01.2022ж.		2021 жылы түскен қоңыраулар саны	«Жеке кабинет» сервисінің қолданушылар саны 01.01.2022ж.
	ЭЭ	ЖЭ		
«Павлодарэнерго-сбыт» ЖШС	230 466	218 123	316 445	2 616
«Севказэнерго-сбыт» ЖШС	164 367	75 450	315 481	9 755
«АЭҰК-Энергосбыт» ЖШС	126 817		305 000	1 500
Барлығы	521 650	293 573	936 926	13 871



saerco_21
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Дебиторлық қарызды төмендету бойынша қолданылатын шаралар:

- дебиторлық қарыз туралы уақытылы хабарлама жіберу;
- қарыз туралы автоақпараттандыру;
- нарық сегменттері бойынша қарызға талдау жүргізу;
- ЭҚҰ және ЭӨҰ қызметкерлерінің борышкерлерді бірлесіп ажыратуы, оның ішінде демалыс күндері де;
- қарызды бөліп төлеу туралы келісімдер рәсімдеу;
- жұмысшысының қарызы туралы ақпаратты облыс әкіміне, қалалар әкіміне, ірі кәсіпорындар, бюджеттік мекемелер, энергожүйе кәсіпорындары басшыларына жіберу;
- претензиялық жұмыстар жүргізу.

Тұтынушыларға қолайлы болуы үшін төлем қабылдау пункттерінде төлем терминалдары орнатылған. Оның көмегімен тұтынушылар энергиямен қамту қызметін және сыртқы ұйымдардың қызметін қолма-қол ақша арқылы төлей алады. Одан бөлек, тұтынушылардың банктердің мобильді қосымшалары және қолданыстағы төлем жүйелері арқылы төлем жасауына мүмкіндік бар.

Бірыңғай есеп орталығының жұмысы

Корпорацияның энергиямен қамту ұйымдарының базасында Бірыңғай есеп орталықтары жұмыс істейді. БЕО – бір төлем құжатына бірқатар қызмет жеткізуші ұйымдардың сервистік және коммуналдық қызметтерін біріктірген жүйелік кешен. 2021 жылы қызмет ету аймағындағы қалалар мен аудандардың коммуналдық кәсіпорындарымен 50-ден астам шарт жасалды. БЕО жүйесіне кондоминиум нысандарына қызмет көрсететін 200-ден астам ұйым және өзге де қызмет жеткізушілері кірді.

БЕО функциялары:

- төлем жүргізу;
- есепшотты әзірлеу, басып шығару және жеткізу;
- төлем қабылдау;
- майланыс орталығы, сервис орталығы, жеке кабинет арқылы қалыптасқан қарыз туралы кеңес беру.

2021 жылы «Севказэнергобсбт» ЖШС өкілдері Instagram желісінде ers.petrovavlovsk_sko парағын ашты. Онда жарияланатын материалдар түрлі тақырыптарды қозғайды: БТҚ түсіндірмесі, жұмыс режимі, сұрақ жауап айдары, пәтерді аресттен қалай шешуге болады және басқалар. Instagram желісіндегі жұмыс тұтынушылар мен компания арасындағы өзара әрекеттің жаңа мүмкіндіктерін ашып, БЕО ашықтығын арттырады. 2022 жылы БЕО сайтында онлайн кеңесші қызметін енгізу мүмкіндігі қарастырылып жатыр.

66

2022 жылға қызмет жоспары

- Төлем тәртібін жақсарту және дебиторлық қарызды азайту;
- Тұтынушыларға сервистік қызмет көрсетуді, оның ішінде IT-жобаларды (Чат-бот, мобильді қосымшалар, SMS-хабарлама) кеңейту арқылы жақсарту;
- Жаңа тұрғын үй кешендерін енгізу мен өндірістік және өзге де энергия тұтыну нысандарының санын кеңейту есебінен энергия өткізу көлемін ұлғайту;
- БТҚ-на басқа да коммуналдық және өзге де қызмет жеткізушілерін тарту және қосу арқылы Бірыңғай есеп орталығын кеңейту.



Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективасы

САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАМТУ



saerco_21
Нұр-Сұлтан, Қазақстан



saerco_21
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Факт

Тауар, жұмыс, қызмет қажеттілігін уақытылы және толықтай қанағаттандыру, сонымен бірге қаржы ресурстарын тиімді шығындау **«ОАЭК» АҚ компаниялар тобының сатып алу саласындағы негізгі басымдықтары болып табылады**

saerco_21

#ТДМ #тиімді_институттар



67

Есептік кезең қорытындысы бойынша келесі міндеттер орындалды:

- 2021 жылы электронды сатып алуға көшу 100 % жүзеге асырылды;



- Жылдық сатып алу жоспары 98 % орындалды;
- Сатып алу бойынша есептілік online форматқа (MS Power BI) көшірілді.


Есептік жылда 65 млрд теңгеден астам қаражаттың 3 495 шарты жасалды. Резиденттермен жасалған шарттардың үлесі 97,02 %.

Есептік кезең қорытындысы бойынша келесі міндеттер орындалды:

- Сатып алудың жылдық жоспары орындалды;
- Жеткізу және төлем бойынша есептіліктің онлайн формалары енгізілді;
- Сатып алу бойынша жаңартылған ІНҚ бекітілді.

Сатып алу қызметі бойынша 2022 жылға жоспар:

- «ОАЭК» АҚ сатып алу процесін 90 % автоматтандыру;
- Жеткізілімдер сақинасы аясында сатып алу қызметінің тиімділігін, бақылау мен ашықтығын арттыру.



«ОАЭК» АҚ тәуекелдерді басқару саясаты

Тәуекелдерді басқару алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге және қызмет көрсеткіштерін жақсартуға, оның ішінде денсаулық, адамдардың қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау, нормативтік-құқықтық талаптарға сай болуы, қызмет тиімділігі бойынша жақсартуға негіз болады

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІ ЖҮЙЕСІ

«ОАЭК» Компаниялар тобында тәуекелдерді басқарудың корпоративті жүйесі (бұдан әрі - ТБЖ) әрекет етеді.

«ОАЭК» АҚ-нда Корпорацияның тәуекелдерге қатысын айқындап, ТБЖ құру және қызмет етуінің базалық принциптерін, оның мақсаты мен міндеттерін, Корпорацияда тәуекелдерді басқару процестерін ұйымдастыру, жүзеге асыру және бақылаудың негізгі тәсілдерін белгілейтін Тәуекелдерді басқару саясаты бекітілген және жүзеге асырылады.

Топтың тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі мақсаттарына Топтың шаруашылық қызметін тиімді жүзеге асыру мен репутациясына, жұмысшылар денсаулығына, қоршаған ортаға, акционерлер мен инвесторлардың

мүліктік мүддесіне қауіп төндіретін оқиғаларды (тәуекелдерді) айқындау, бағалау және олардың теріс ықпалын төмендету, сондай-ақ, Топ алдына қойған стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізудегі тұрақты үздіксіз қызмет пен даму, ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ету үшін оң мүмкіндіктерді туғызу.

Тәуекелдің Топ қызметіне ықпал ету деңгейін анықтау үшін тәуекелдің ықтималдығы мен салдарын expertтік бағалау жолымен, сондай-ақ, тәуекелдің ықтималдығы мен салдарын есептеудің математикалық тәсілдерін қолдана отырып сандық бағалау жолымен тәуекелдің маңыздылық деңгейі анықталады.

1 КЕЗЕҢ Тәуекелдерді анықтау

Тәуекелдерді анықтау процесі және одан әрі бағалау мен басқару үшін Корпорацияның тәуекелдер реестріне енгізу.

2 КЕЗЕҢ Тәуекелдерді талдау және бағалау

Тәуекелдің Корпорацияның өндірістік және қаржылық-экономикалық көрсеткіштеріне қаншалықты ықпал ететінін айқындау процесі.

4 КЕЗЕҢ Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару бойынша Шаралар жоспарына мониторинг жасауға бағытталған процесс (тұрақтылық, уақыттылық және шараны атқару сапасы).

3 КЕЗЕҢ Тәуекелдерге мониторинг

Корпорация қызметіне ықпал ететін оң оқиғаларды арттырып, теріс оқиғаларды азайту жолымен алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ең тиімді тәсілдерін анықтаумен, бағалаумен және таңдаумен байланысты процесс.



ТБЖ негізгі қатысушылары

Стратегиялық тәуекелдер

- Реттеу тәуекелдері
- Инвестициялық тәуекелдер
- Жобалық тәуекелдер
- Репутациялық тәуекелдер
- Саяси тәуекелдер
- Нарықтық тәуекелдер
- Басқарушылық тәуекелдер
- Кредиттік тәуекелдер
- Технологиялық тәуекелдер

Операциялық тәуекелдер

- Технологиялық тәуекелдер
- Сатып алулар және қамту
- Ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік
- Төтенше жағдайлар
- Кадрлық тәуекелдер
- Экологиялық тәуекелдер
- Контрагенттермен өзара қызмет
- Коммерциялық тәуекелдер
- Кәсіби тәуекелдер
- Отын тәуекелдері
- Репутациялық тәуекелдер
- Әлеуметтік тәуекелдер
- Мүліктік тәуекелдер
- Реттеу тәуекелдері
- Басқарушылық тәуекелдер

Құқықтық тәуекелдер

- Заңнаманың бұзылуы
- Коррупциялық және алаяқтық тәуекелдері
- Мүліктік тәуекелдер
- Коллекторлық тәуекелдер
- Реттеу тәуекелдері
- Экологиялық тәуекелдер
- Кадрлық тәуекелдер
- Салықтық тәуекелдер

Қаржылық тәуекелдер

- Бағалық тәуекелдер
- Басқарушылық тәуекелдер
- Кредиттік тәуекелдер
- Өтімділік тәуекелдері
- Пайыздық тәуекелдер
- Валюталық тәуекелдер

Аудит жөніндегі комитет

- Келесілердің алдын ала қаралуы және мақұлданыуы:
 - ТБЖ тиімділігі туралы ішкі аудиттің есептері;
 - Тәуекелдің қолайлы деңгейі (тәуекел-тәбет);
 - Тәуекелдер регистрі;
 - Тәуекел иелерінің тізімі;
 - Тәуекелдерді басқару бойынша есептер;
 - ТБЖ бойынша ішкі құжаттар.
- Директорлар кеңесін уақытылы ақпараттандыру және ТБЖ жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау.

Ішкі аудит департаменті

функционалды түрде Аудит жөніндегі комитетке бағынады

- ТБЖ және ІБЖ ағымдағы жағдайына мониторинг және тиімділігіне тәуелсіз бағалау;
- ТБЖ және ІБЖ тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар;
- Атқарушы орган мен Директорлар кеңесін жасалған аудиторлық тексерулер нәтижесі бойынша ТБЖ және ІБЖ жағдайы туралы ақпараттандыру.

Тәуекел-менеджмент департаменті

аудит жөніндегі комитетке есеп береді

- ТБЖ барлық қатысушыларының әрекеттерін үйлестіру;
- Тәуекелдерді басқару процестерін үйлестіру және әдістемелік қолдау;
- Сыни тәуекелдерді талдау және негізгі тәуекелдер туралы ақпаратты әзірлеу;
- Тәуекелдерді анықтау және бағалау процесін ұйымдастыру (Тәуекелдердің корпоративтік реестрі мен сыни тәуекелдер регистрін қалыптастыру/жаңалау);
- ТБЖ бойынша шараларды орындау бойынша ақпарат жинау және талдау;
- Тәуекелдердің негізгі индикаторларына (ТНИ) мониторинг және талдау;
- Барлық мүдделі тараптарды (Атқарушы орган, Аудит жөніндегі комитет, Директорлар кеңесі) тәуекелдер туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

ТБЖ аясында ТМД ақпараты/есебі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- ТБЖ даму стратегиясын айқындау;
- ТБЖ ұйымдастыру принциптері мен тәсілдерін бекіту;
- Сыни тәуекелдерді басқару бойынша шешімдер қабылдау;
- Келесілерді бекіту:
 - Акционерлер үшін қолайлы тәуекел деңгейі (тәуекел-тәбет);
 - Тәуекелдерді басқару бойынша тиімділік көрсеткіштері;
 - Тәуекелдер регистрі.
- Тәуекелдер иелерін бекіту (тағайындау);
- Негізгі тәуекелдерді бекіту бойынша есептерді қарау және бекіту;
- ТБЖ бойынша ішкі құжаттарды бекіту.

Басқарма

- ТБЖ қызметін қамтамасыз ету, оның ішінде:
 - ТБЖ жұмысы бойынша қажетті шешімдерді қабылдау және бекіту;
 - Тәуекелдерді басқару бойынша кросс-функционалды міндеттерді шешу.

Тәуекел иелері

- Тәуекелдерді уақытылы анықтау және бағалау;
- Тәуекелдерді басқару әдістері мен тәсілдері бойынша ұсыныстарды қалыптастыру;
- Тәуекелдерді басқару бойынша шаралардың орындалуын уақытылы әзірлеу және ұйымдастыру;
- Тәуекелдерге мониторинг.

Тәуекелдерді басқару бойынша соңғы процедуралар мен шаралардың орындаушылары

- Тәуекел иесіне тәуекелдерді басқару бойынша шараларды әзірлеуге көмектесу;
- Тәуекелдерді уақытылы азайту үшін бақылау процедураларын орындау;
- Тәуекелдерді басқару бойынша шараларды уақытылы және толық көлемде орындау.

ТБЖ қатысушылары арасында жауапкершіліктің бөлінісі және олардың өзара әрекет сипаты Корпорацияның Директорлар кеңесі бекіткен ішкі нормативтік құжаттармен регламенттеледі

2021 жылы Корпорация қызметті басқаруда тәуекел ориентациялы тәсілдерді енгізуді және жетілдіруді жалғастырды. ТБЖ және ІБЖ қызметі мен оны жетілдіруді үйлестіру мен әдістемелік қолдау көрсетуді Тәуекел-менеджмент департаменті жүзеге асырады. Ол келесі міндеттерді шешеді:

- тәуекелдерді басқару және ішкі аудит процестерін үйлестіру;
- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару процестерін қамтамасыз ету салаларында әдістемелік және ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу;
- компаниялар тобының ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару салалары қызметкерлерін оқытуды ұйымдастыру;
- «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобы Тәуекелдердің корпоративтік реестрі мен Тәуекелдер картасын талдау және сәйкес тәуекелдерді басқаруға қатысты ресурстарды бөлу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- тәуекелдерді басқару бойынша жинақ есептілікті жасау;
- компаниялар тобы бөлімшелерінің ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару процестерін оперативті бақылауды жүзеге асыру.

Жыл ішінде Тәуекел-менеджмент департаменті Директорлар кеңесі бір жылға бекітіп берген жоспарға сәйкес келесі жұмыстарды атқарды:

- «ОАЭК» АҚ және оның ЕҰ-ның Тәуекелдерінің корпоративтік реестрі мен Тәуекелдер картасын актуалдандыру және сыны тәуекелдерді талдау;
- «ОАЭК» Тобы бөлімшелерінің негізгі жұмысшылары мен басшылық қызметкерлері үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі бойынша оқыту өткізу;
- **Келесі бизнес-процестерде тәуекелдерді анықтау және бағалау, ІБЖ ұйымдастырудың тиімділігіне талдау жасау және тестілеу:**
 - «Кәсіпорынды транспорттық қамтамасыз ету»;
 - «Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуды басқару»;
 - «Қорлар мен қойма шаруашылығын басқару»;
 - «Техникалық қызмет көрсету мен жөндеулерді басқару».

Компаниялар тобында тәуекелдерді басқару түсінігінің деңгейін арттыру мақсатында 2021 жылы интерактивті сервистердің көмегімен бөлімшелердің негізгі қызметкерлері мен басшылық қызметкерлер үшін оқу өткізілді. Оқу процесінде басқарушылық және операциялық шешімдерді қабылдау кезінде тәуекел ориентациялы тәсілдерді қолдану мақсатында тәуекелдерді басқарудың базалық принциптері мен тәсілдерін түсіндіруге көңіл бөлінді.



Факт

«ОАЭК» АҚ Компаниялар тобы тәуекел-менеджменттің стандарттары мен үздік тәжірибелеріне ұмтылады, тәуекелдерді басқару мәдениетін арттырады және тәуекел-менеджмент процестерін үздіксіз жетілдіреді

саерсо_21

#процесстер #тәуекел_менеджмент



Тәуекел маңызының жоғарылауы



Тәуекел маңызының төмендеуі



Өзгеріссіз
(немесе динамика сәл ғана)

Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау және оларға жауап қату шаралары

Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы	Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару тәсілі	Өзгеріс
Сала: стратегиялық тәуекелдер			
Қызмет мерзімі бойынша шығып қалып жатқан ЖЭО өндіріс қуаттылықтары мен негізгі құрылғыларының уақытылы ауыстырылмауы	Тәуекелдің маңыздылығы Топ кәсіпорындарының негізгі және көмекші қондырғыларының физикалық және моральды тозуының жоғары деңгейімен байланысты. Бұл электр энергиясын өндіру көлемін қысқартуға және тұтынушыларды жылу энергиясын жеткілікті көлемде қамтамасыз ете алмауға әкеледі. НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР: - негізгі өндіріс қондырғылары мен құрылғыларының нақты тозуы мен өз ресурсын тауысуы; - қайта құру, жаңғырту және жаңа құрылыс өсімінің қанағаттанарлықсыз қарқыны; - энергетика кәсіпорындарын инвестициялық қаржыландырудың тиімді емес моделі; - өзіндік қаражаттың шектеулілігі; - қазіргі таңда қолданыстағы сала құрылымы мен жылу және электр энергиясына тарифтерді реттеу моделі аясында айтарлықтай кредиттік ресурстарды тарту мүмкіндігінің болмауы. - өкілетті органның электр және жылу энергиясын өндіруге қатысты қолайсыз тарифтік шешімдер қабылдауы.	Бұл тәуекелді басқару аясында Холдинг келесі шараларды жүзеге асырады: - инвестициялық бағдарламаларға істен шығатын қондырғыларды уақытылы ауыстыру үшін қайта құру/жаңа қондырғы орнату бойынша шараларды енгізу; - тұтынушыларды жылу және электр энергиясымен жеткілікті көлемде сенімді қамтамасыз ету үшін қондырғылардың жағдайын ескере отырып, қайта құру/жаңа қондырғы орнату бойынша шаралар кезектілігін айқындау; - істен шығатын қондырғыларды уақытылы ауыстыру үшін қайта құру/жаңа қондырғы орнату бойынша жұмыстарды орындау мақсатында қосымша қаржыландыру көздерін тарту; - өкілетті органмен қондырғыларды жаңғырту және қайта құруға Инвестициялық келісімдер (электр қуаты нарығы аясында) жасау.	



Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау және оларға жауап қату шаралары

Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы	Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару тәсілі	Өзгеріс
Сала: операциялық тәуекелдер			
Білікті өндірістік-техникалық қызметкерлердің жетіспеушілігі	«ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының қызметі көп жағдайда негізгі білікті қызметкерлерге тәуелді. Әсіресе өндірістік-техникалық салада қызметкерлер санының жеткілікті болмауы кадр дефицитімен байланысты тәуекелдің пайда болуына әкеледі. Білікті мамандар санының шектеулілігі мен оларға деген бір уақыттағы сұраныстың артуына байланысты Қазақстан мен жақын шетелдегі бәсекелестік күшейіп келеді. 2021 жылы эксперттік бағалауға сәйкес өндірістік-техникалық қызметкерлер жетіспеушілігі катастрофалық тәуекелдер зонасына орын ауыстырды. НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР: - негізгі өндіріс қондырғылары мен құрылғыларының нақты тозуы мен өз ресурсын тауысуы; - қайта құру, жаңғырту және жаңа құрылыс өсімінің қанағаттанарлықсыз қарқыны; - энергетика кәсіпорындарын инвестициялық қаржыландырудың тиімді емес моделі; - өзіндік қаражаттың шектеулілігі; - қазіргі таңда қолданыстағы сала құрылымы мен жылу және электр энергиясына тарифтерді реттеу моделі аясында айтарлықтай кредиттік ресурстарды тарту мүмкіндігінің болмауы. - өкілетті органның электр және жылу энергиясын өндіруге қатысты қолайсыз тарифтік шешімдер қабылдауы.	Аталған тәуекелді басқару аясында келесі шаралар кешені жүзеге асырылуда: - келесі жылға тарифтерді қорғау кезінде «ОАЭК» АҚ ЕҰ кәсіпорындарының тарифтік сметаларында еңбекті төлеу қорын арттыру; - еңбекті төлеу қорының резервтерін табу үшін басқарушылық және өндірістік процестерді, штаттық кестені оңтайландыру. Бұл бірінші кезекте аса қат және негізгі өндірістік қызметкерлердің еңбекақысын арттыру үшін ақша көзін табуға қажет; «PROFENERGY» бағдарламасын келесі бағыттар бойынша жүзеге асыруды жалғастыру; - жоғары және орта-арнаулы оқу орындары студенттері мен түлектерін тарту есебінен сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру; - қызметкерлердің білім деңгейін арттыру; - тәлімгерлік институтын дамыту; - білікті жұмысшыларды материалдық және ынталандыру.	

Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау және оларға жауап қату шаралары

Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы	Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару тәсілі	Өзгеріс
Білікті/негізгі қызметкерлерден айырылу	2021 жыл қорытындысы бойынша 2020 жылмен салыстырғанда жалпы Компаниялар тобында қызметкерлер тұрақсыздығы коэффициентінің артқаны байқалды. Соған байланысты эксперттік бағалау бойынша тәуекел катастрофалық тәуекелдер аумағына өтті.		
Жылу энергиясының нормативтен тыс шығындары	2020 жылмен салыстырғанда 2021 жыл қорытындысы бойынша Топтың жылу беруші кәсіпорындарында жылу энергиясының нормативтен тыс шығындары деңгейінің аздап төмендеуі байқалады. Дегенмен, аталған тәуекел Холдинг үшін тұрақты мониторинг нысаны болып қалып отыр. НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР: - жылу желілерінің өте жоғары тозу деңгейі; - жылу магистральдарындағы ақаулар мен апаттар; - тұтынушылардың жылу түйіндерінде гидравликалық және температуралық режимдерді қамтамасыз ету үшін жылу желілері жұмысының рационалды емес режимі; - тұрмыстық тұтынушылардың жылу желілерінде есеп құралдарының болмауы; - тұрғын үй қорының жылу тұтыну нормасының нақты жылу тұтынымымен сәйкес келмеуі; «иесіз»/тұтынушылық жылу желілеріндегі жылу энергиясының төленбейтін шығындары және т.б.; - жылу энергиясы құбырларының суық сумен қамту құбырларымен бірге салынуы.	Аталған тәуекелді төмендеті аясында тұрақты негізді нормативтен тыс шығындарды азайтуға бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылады: - құбыр өткізгіштерінің зақымдалған/жоқ қаптамаларын қалпына келтіру; - жылу желілеріне жыл сайынғы күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу; - алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіштерін (ППУ-технология) пайдалана отырып жылу желілерін қайта құру; - тұтынушылардың элеваторлық жылу түйіндерінде есептік дроссель құрылғыларын орнату; - жылу энергиясын рұқсатсыз тұтыну деректерін анықтау және олардың жолын кесу; - тұрғын үй қорының жылу тұтыну нормаларын нақты жылу тұтынымы деңгейіне көтеру мақсатында өкілетті мемлекеттік органдармен өзара қызмет.	

Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау және оларға жауап қату шаралары

Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы	Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару тәсілі	Өзгеріс
Қондырғы жұмысындағы технологиялық ақаулар (апаттар I және II деңгейлі істен шығулар)	2021 жылы технологиялық ақаулардың пайда болу тәуекелі Холдингтің сыни тәуекелдеріне жатқызылды. Өндірістік және желілік қондырғылардың физикалық және моральды шаршауы апаттық істен шығуларға алып келеді. Мұндай апаттардың салдарлары: — электр энергиясы өндіріс көлемінің азаюы; — электрлік қуат дайындығы бойынша шарт аясында көлемнің толық жеткізілмеуі (міндеттеменің орындалмауы) — тұтынушыларды жылумен қамту сапасының төмендеуі. НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР: 1. негізгі өндірістік/желілік қондырғылар ресурсының жоғары тозу деңгейі және таусылуы; 2. қаржының шектеулілігі, соның салдары ретінде қондырғыларды қайта құру және жаңғырту өсімінің төмен қарқыны, жөндеу бағдарламаларының жетіспеушілігі. 2021 жылдың қорытындысы бойынша кешіктірілген (3 айдан астам) дебиторлық қарыздың біршама азайғанына қарамастан, тәуекел Холдинг үшін маңызды әрі өзекті болып саналады және тұрақты бақылауда.	Аталған тәуекелді басқару аясында Холдинг келесі кешенді шараларды жүзеге асырады: 1. қондырғы, ғимарат және құрылыстарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу шаралар кешенін орындау; 2. инвестициялық бағдарламаларға тозған қондырғыларды уақытылы ауыстыру үшін қайта құру/жаңғырту/жаңасын салу шараларын қосу; 3. тұтынушыларды жылу және электр энергиясымен қажетті көлемде сенімді қамтамасыз ету үшін қондырғылардың сыни жағдайын ескере отырып, жөндеу/қайта құру/жаңғырту/жаңасын салу жұмыстарының кезектілігін айқындау.	

Қызметке айтарлықтай ықпал ететін негізгі тәуекелдерге талдау және оларға жауап қату шаралары

Негізгі тәуекел атауы және жыл қорытындысы бойынша тәуекелдің маңыздылық динамикасы	Тәуекелдің сипаттамасы және негізгі тәуекел-факторлар	Тәуекелді басқару тәсілі	Өзгеріс
Сала: Қаржылық тәуекелдер			
Электр және жылу энергиясының бөлшек нарығында кешіктірілген дебиторлық қарыздың өсімі	2021 жыл қорытындысы бойынша кешіктірілген (3 айдан астам уақытқа) дебиторлық қарыз сомасы ішінде төмендегеніне қарамастан, тәуекел Холдинг үшін маңызды және өзекті болып табылады және тұрақты бақылауда болады. НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛ-ФАКТОРЛАР: 1. жылу және электр энергиясын тұтынушылардың энергиямен қамту қызметі үшін уақытылы және толық төлем жасау бойынша шарттың талаптарын сақтамауы: — төмен төлем тәртібі; — негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің нашарлауы. 2. тұрғын жылжымайтын мүлікті энергиямен қамту қызметі үшін қарызды өтемей сату-сатып алу бойынша мәмілені жүзеге асыру мүмкіндігі тұрғысында заңнамалық базаның жетімсіздігі; 3. баспана меншік иесі ауысқан кезде энергиямен қамту шартын қайта жасаудың уақытылы жүргізілмеуі.	Аталған тәуекелді басқару аясында Топтың энергия өткізуші компаниялары келесі шаралар кешенін тұрақты түрде жүзеге асырады: — тұтынушыларды қарызы туралы хабарландыру; — энергиямен қамту қызметіне уақытылы төлем жасамаған жағдайда энергия беру тоқтатылады; — қарызды бөліп төлеу графигі жасалады; — аталған қызметтерді уақытылы төлемегені үшін тұтынушылардан қарыз бен үстемеақыны мәжбүрлі өтеу үшін претензиялық жұмыстар жүргізіледі; — борышкерлердің мүлкіне арест қойылады; — сот орындаушыларымен бірге борышкерлерге рейдтер ұйымдастырылып, оның барысында мүлік тізімі жасалып, тартып алынады; — кәсіпорындар адресіне жұмысшылардың коммуналдық қызметтер үшін кешіктірілген қарызы туралы ақпарат жолданады; — борышкерлердің Қазақстан Республикасы шекарасынан шығуы шектеледі; — борышкердің қаржыландыру көздерінен өндіріп алу (еңбекақысы мен зейнетақы аударымдарынан ұстап қалу) жүргізіледі; — өндіріп алу тәртібі өзгертіліп, соның негізінде саудаға шығару үшін борышкердің мүлкіне (пәтер немесе автотранспорт) бағалау жасалады. Төмен өндіріп алу ықтималдығына ие қарыздар бойынша Топтың энергия өткізуші ұйымдарының бухгалтерлік есебінде күмәнді қарыздар бойынша резерв құрылады.	

ІШКІ БАҚЫЛАУ СТАНДАРТТАРЫ

«ОАЭК» Компаниялар тобында бірегей үздіксіз процеске біріккен саясаттар, процестер, процедуралар, тәртіп және әрекет нормаларының жиынтығын құрайтын Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) енгізілген. ІБЖ Директорлар кеңесі, барлық атқарушы, бақылаушы органдар мен қызметкерлер жүзеге асыратын Компаниялар тобын басқару процесінің бөлігі болып табылады.

Басқарудың барлық деңгейіндегі жетекшілік Корпорацияда келесілер арқылы тиімді бақылау ортасын құрады:

- Компаниялар тобы қызметкерлерінде ішкі бақылау процедураларын орындау қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыру;
- Корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейін сақтау және адалдық пен компетенттік принциптерін көрсету;
- Компаниялар тобы қызметкерлерінің кәсібилік және компетенттігін арттыру;
- Құрылымдық бөлімшелер және қызметкерлердің өзара қызмет тиімділігін қамтамасыз ету;
- Өкілеттік пен жауапкершілікті тиімді бөлуді қамтамасыз ету;
- Алаяқтықты болдырмау механизмдерін қалыптастыру;
- Ішкі бақылау органдары қызметін ұйымдастыру.

ІБЖ Компаниялар тобының операциялық және инвестициялық қызметінің тиімділігін, барлық есептіліктердің дұрыстығын қамтамасыз етуге, заңнамалық актілер мен ішкі корпоративтік талаптардың сақталуына бағытталған. Корпорация оның барлық қызметі тәуекелдерді төмендету мақсатында адекватты бақылануына ұмтылады. Бақылау процедуралары басқарудың барлық деңгейінде енгізілген.

Компаниялар тобында
Ішкі бақылау жүйесінің үш деңгейі
айқындалған:

Операциялық

Ресурстардың өнімділігін, рентабельділігін және сақталуын қоса алғанда, Компаниялар тобының негізгі бизнес мақсаттарына қолданады.

Қаржылық

Аралық, қысқарған қаржылық есептер, сондай-ақ, есептен шығатын мәліметтерді (мәселен, табыс туралы мәліметтер) қоса алғанда, шынайы бұқаралық қаржылық есептілікті дайындауға жатады.

Сәйкестікті бақылау

Ұйым қызметін реттейтін заңдар мен нормаларға сәйкестікті қамтамасыз етумен байланысты.



ТБЖ және ІБЖ дамыту бойынша 2021 жылға жоспар:

- «ОАЭК» АҚ және ЕҰ тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру;
- Топтың негізгі бөлімшелері мен басшы қызметкерлеріне арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі саласы бойынша оқыту жүргізу;
- Операциялық және қаржылық қызметтің бизнес-процестерінде тәуекелдерді анықтау және бағалау, ІБЖ ұйымдастыру тиімділігін талдау және тестілеу;
- Бизнес-процестердің Негізгі Тиімділік Көрсеткіштері (KPI) мен Негізгі Тәуекел Индикаторлары (KRI) жүйелері дамыту және біріктіру;
- Орындау кезінде жұмысшылардың коррупциялық және алаяқтық әрекеттер жасау ықтималдығы бар Компаниялар тобының бизнес-процестері мен қызметінің бағыттарын айқындау мақсатында коррупциялық тәуекелдерді бағалау;
- Компаниялар тобын процестік басқарудың тәсілдері мен қағидаларын жетілдіру бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері саласындағы ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіру.





Тұрақты даму туралы

«ОАЭК» АҚ тұрақты даму мақсаттарын ұстануды жалғастырып келеді. Олар компаниялар тобы қызметінің негізі болып табылады. Қоғам қызметінің әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілердегі тиімділік көрсеткіштері GRI халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес ашылған. Жолға қойылған өзара қызмет жүйесінің арқасында Корпорация мүдделі тараптардың пікірі, көзқарасы және өтініштерінен әрдайым хабардар. Өз қызметінің жоғары қоғамдық маңызына байланысты «ОАЭК» АҚ тәуекелдерді төмендету мақсатында барлық мүдделі тараптармен өзара қызмет тиімділігін арттыру және кеңейту бағытындағы кешенді шараларды жүзеге асырады.



Факт

Қоғамның қызметтің әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілеріндегі тиімділік көрсеткіштері **GRI халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес ашылған**

саерсо_21
#ТДМ #таза_энергия #тұрақты_қалалар
#климаттың_өзгеруі #серіктестік



Мүдделі тараптармен (стейкхолдерлермен) өзара қызмет

«ОАЭК» АҚ өзінің корпоративтік жауапкершілігін сезініп, ақпараттық ашықтық принциптерін ұстана отырып, барлық мүдделі тараптармен өзара әрекет бойынша қызметке өзінің күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі ретінде қарайды.

Корпорация өзінің шешімдері мен қызметіне мүдделі тұлғалардың тобын айқындаған. Бұл оларға жауап ретіндегі өзінің ықпалы мен қандай шаралар қолдану қажеттігін түсінуге көмектеседі. Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеудің негізі – ағымдағы қызметі мен стратегиялық дамуына ықпалын бағалау, сондай-ақ, Корпорацияның мүдделі тараптармен қалыптасқан өзара қызметі болып табылады.



Мүдде сферасы	Өзара қызмет формасы	Әрекеттер
Акционерлер		
- Стратегиялық міндеттерді орындау; - экономикалық пайда/нәтижелілік; - корпоративтік басқару рейтингі; - даму қаражаты және дивидендтерді алу; - таза активтер құны; - әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру; - бизнес-процестердің ашықтығы.	- Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері; - директорлар кеңесінің шешімдері; - корпоративтік сайт; - жылдық есеп; - жиналыстар, іскери кездесулер.	Директорлар кеңесінің 18 отырысы өтті. Корпоративті басқарудың барлық формаларын жақсарту мақсатында жұмыстар жүргізілді.
Қызметкерлер		
- Кадрлық және әлеуметтік саясат; - ұжымдық шарт талаптары; - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау; - жоғары білікті жұмысшыларды ұстап қалуға және тартуға мотивация.	- Басшылық шешімдері; - бұйрықтар мен өкімдер; - өндірістік, оперативтік және өзге де жиналыстар; - ағымдағы қызмет туралы есептер; - ауызша келіссөздер; - өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша инструктаждар; - ішкікорпоративтік коммуникация каналдары; - сауалнама және анкета жүргізу; - әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттар.	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО», «СЕВКАЗЭНЕРГО» және «АЭҮК» АҚ-нда Ұжымдық шарт ережелері сақталды. Компаниялар тобында қызметкерлерге әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетілді. ЕҰ-да «Үздік маман» байқауы өткізілді. PROFENERGY корпоративтік жобасы аясында шараларды жүзеге асыру жалғасын тапты. ЕҰ-дың үздік қызметкерлері салалық және корпоративті наградалармен марапатталып, кәсіби атақтарға ие болды.

Мүдде сферасы	Өзара қызмет формасы	Әрекеттер
Мемлекеттік билік органдары мен бақылаушы органдар		
- Уақытылы және шынайы ақпарат алу; - ҚР электр энергетикасының дамуына үлес қосу; - энергиямен үздіксіз және сенімді қамту; - жергілікті бюджетке салық түсімдерін көбейту; - әлеуметтік жобаларды уақытылы және сапалы жүзеге асыру; - жұмыс орындарын арттыру/сақтау; - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында қазақстан республикасы заңнамасын сақтау.	- Корпорацияның қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша есеп беру; - Корпорация қызметінің түрлі бағыттары бойынша мемлекеттік органдардың сұрауларына орай ақпарат беру; - Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілеріне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар әзірлеу; - өңірлердің әлеуметтік салаларын қолдау және дамыту мақсатында жергілікті атқарушы органдар мен корпорация арасындағы меморандумдар; - жиналыстар, іскери кездесулер;	2021 жылы өңірлер әкімдерінің блогына күнделікті мониторинг жасалды. Азаматтардың Холдинг кәсіпорындарының қызметіне қатысты барлық өтініштеріне жауап берілді. Корпоративтік сайттарда электр және жылу энергиясының жоспарлы және апаттық өшірілуі туралы ақпарат тұрақты түрде жарияланды: жөндеу жұмыстарын өткізу мен жылу желілерін сынақтан өткізу мерзімдері көрсетілді. ЕҰ кәсіпорындары тобының жетекшілері (немесе тағайындалған жауапты тұлғалар) мемлекеттік және бақылаушы органдармен бірге тұрғын үй қорларын жылу беру маусымына дайындау бойынша штаб отырыстарына қатысты.
Жергілікті қоғамдастықтар (Тұтынушылар)		
- Нарықтағы үлесі/нарықта қатысуы; - электр және жылу энергиясымен үздіксіз және сенімді қамтамасыз ету; - маркетингтік коммуникациялар; - қоршаған ортаға эмиссиялар.	- Тұтынушыларды ақпараттандыру және олармен кері байланыс жүйесі; - қоғамдық тыңдаулар, кездесулер; - жылдық есеп; - серіктестік және әріптестік туралы меморандумдар мен келісімдерге қол қою; - әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттар.	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы тұтынушылардың 501 599 өтінішін қабылдап, қарастырды. «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы тұтынушылардың 320 703 өтінішін қабылдап, қарастырды. АЭҮК компаниясына тұтынушылардан 47 өтініш түсті. Қоңыраулар мен электронды хабарламаларда сұрақтар, өтініштер, ұсыныстар, есеп құралдарының мәліметтерін байланыс орталықтарына беру және басқалар болды.

Мүдде сферасы

Өзара қызмет формасы

Әрекеттер

Оқу орындары

— Салалық ғылым мен білімнің дамуына үлес қосу;

— перспективті кадрларды дайындау мен ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету;

— қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету.

— Қызмет ету өңірлеріндегі ЖОО-мен әріптестік;

— емтихан комиссиялары, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу процесіне қатысу;

— **шаралар өткізу:** ғылыми идеялар байқауы.

2021 жылы ПЭ және СКЭ корпоративтік атаулы стипендияларын алуға ғылыми жұмыстарға байқау ұйымдастырылып, өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша 24 студент атаулы корпоративті стипендия иеленді.

216 студент ақы төленетін тәжірибеден өтіп, білім туралы диплом алғаннан кейін Корпорация кәсіпорындарында жұмысқа орналасу туралы келісімге қол қойды.

Заңды тұлғалар қауымдастығы

— Ақпарат алмасу және электр энергетикасы саласындағы бірыңғай позицияны қалыптастыру;

— электр энергетикасы саласында нормативті-құқықтық базаны қалыптастыру және дамыту;

— бизнесті жақсартуға бағытталған мемлекеттік бастамалар мен шаралар

— Жиналыстар, конференциялар, семинарлар;

— нормативтік-құқықтық заңнамалық актілерге түзетулерді қарау және мақұлдау;

— корпорация қызметін реттеуін қолданыстағы заңнамаларға түзетулер енгізу бойынша ұсыныстар.

2021 жылы ҚЭҚ, KAZENERGY, «Атамекен» ҰКП салалық қауымдастықтарымен бірге қолданыстағы заңнаманы реформалау бойынша ұсыныстар әзірлеу жұмыстары жүргізілді.

Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)

— Корпорацияның даму перспективалары туралы ақпарат алу;

— қоршаған ортаға негативті ықпалды төмендету;

— қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету;

— қоғамдық тыңдаулар.

— Қоғамдық тыңдаулар өткізу;

— ағымдағы қызмет туралы ақпараттандыру;

— корпорацияға бағытталған хаттар (хабарламалар).

2021 жылы Компаниялар тобында экология, қызметтер көрсету, тарифтік сметаны бекіту, қызмет туралы есеп бойынша 22 қоғамдық тыңдау өткізілді:

ПЭ – 15;
СКЭ – 5;
АЭҰК – 2.

Мүдде сферасы

Өзара қызмет формасы

Әрекеттер

БАҚ

— Бизнес-процестердің ашықтығы;

— Корпорация қызметі туралы келесі тақырыптардағы ақпаратқа оперативті қолжетімділікті қамтамасыз ету:

- өндіріс қауіпсіздігі;
- өндірісті жаңғырту;
- қаржылық көрсеткіштер;
- бірлескен жобаларды жүзеге асыру;
- Корпорация, саланы дамыту перспективалары.

— Баспасөз турлары, БАҚ-қа арналған брифингтер, баспасөз конференциялары;

— баспасөз релиздері;

— ақпараттық сұрауларға жауаптар;

— БАҚ мониторингі.

2021 жылы «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы қызметі туралы БАҚ және әлеуметтік желілерде 7 092 материал жарияланды және эфирге шықты.

Холдингтің PR қызметтері корпоративтік басылымдардың 24 санын жарыққа шығарды.

Жеткізушілер, мердігерлер

— Ашық бәсекеге қабілетті орта құру;

— баға қалыптастырудың нарықтық механизмдерін қолдану;

— өзара тиімді әріптестік тұрақтылығы мен сенімділігі;

— шарттар/контракттар бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі.

— Кері байланыс жүйесі, кездесулер, келіссөздер өткізу;

— стратегиялық әріптестік туралы шарттар мен меморандумдар, келісімдер жасасу;

— тендерлер;

— мердігерлер мен тұтынушылармен кездесулер.

2021 жылы Компаниялар тобының корпоративті сайттарында және БАҚ-нда тендерлерді өткізу және олардың қорытындылары туралы хабарландырулар жарияланды.

Кәсіподақтар

— Жұмыс берушінің жұмысшыға қатысты бекітілген міндеттемелерді сақтауы;

— жұмысшының құқықтары мен мүдделерін қорғау;

— лайықты еңбек шарттарын құру;

— кәсіби және жеке өсу үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

— әлеуметтік кепілдіктер.

— Ұжымдық шартты талқылау және бекіту;

— кәсіподақ мүшелерінің менеджментпен кездесулері мен жиналыстары.

Кәсіподақ қызметін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау бойынша жұмыстар жүргізілді. Кәсіподақ ұйымдарымен әріптестік ҚР заңнамалық актілері мен Ұжымдық шарт талаптарына сәйкес өзара мүдде, тең құқылық принциптері аясында құрылады.



2021 ЖЫЛҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

Сәуір

- Павлодар қаласында жылу энергиясын өндіру бойынша қызмет көрсету бойынша 2020 жылғы «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ қызметі туралы жыл сайынғы есеп;
- Екібастұз қаласын жылу энергиясымен қамтамасыз ету қызметі бойынша 2020 жылғы «Павлодарэнергосбыт» ЖШС қызметі туралы есеп;
- Жылу энергиясын беру және тарату бойынша 2020 жылғы «Павлодар жылу желілері» ЖШС қызметі туралы есеп;
- Павлодар қаласын жылу энергиясымен қамтамасыз ету қызметі бойынша 2020 жылғы «Павлодарэнергосбыт» ЖШС қызметі туралы есеп;
- Екібастұз қаласында жылу энергиясын өндіру, беру және тарату қызметтерін көрсету бойынша 2020 жылғы «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС қызметінің жыл сайынғы есебі;
- 2020 жылы электр энергиясын беру және тараты бойынша қызметтер көрсету бойынша «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ бекітілген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы, бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы жыл сайынғы есеп;
- Алдағы уақытта электр энергиясы бағасының шекті деңгейін арттыру туралы «Севказэнергосбыт» ЖШС хабарламасын қарау жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар;
- Петропавл 2-ЖЭО қызметі және инвестициялық міндеттемелерін орындауы бойынша 2020 жылғы есеп;
- «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ қызметі және инвестициялық міндеттемелерін орындауы бойынша 2020 жылғы есеп;
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС қызметі және инвестициялық міндеттемелерін орындауы бойынша 2020 жылғы есеп;
- «Севказэнергосбыт» ЖШС қызметі және инвестициялық міндеттемелерін орындауы бойынша 2020 жылғы есеп;
- 2020 жылы бекітілген тарифтік сметаның орындалуы және «АЭУК» АҚ қызметі туралы жыл сайынғы есебі;
- «АЭУК-Энергосбыт» ЖШС электр энергиясының құнының шекті деңгейін арттыру туралы хабарлама жобасын қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар.

Шілде

- Павлодар қаласында (2-ЖЭО, 3-ЖЭО) жылу энергиясын өндіру бойынша қызмет көрсету бойынша 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ қызметі туралы жыл сайынғы есеп;
- Жылу энергиясын беру және тарату бойынша 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы «Павлодар жылу желілері» ЖШС қызметі туралы есеп;
- Екібастұз қаласын жылу энергиясымен қамтамасыз ету қызметі бойынша 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы «Павлодарэнергосбыт» ЖШС қызметі туралы есеп;
- Павлодар қаласын жылу энергиясымен қамтамасыз ету қызметі бойынша 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы «Павлодарэнергосбыт» ЖШС қызметі туралы есеп;
- Екібастұз қаласының тұтынушылары алдында жылу энергиясын өндіру, беру және тарату қызметтерін көрсету бойынша 2021 жылдың бірінші жартыжылдығындағы «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС қызметінің жыл сайынғы есебі;
- Электр энергиясын беру және тарату қызметтерін көрсету бойынша «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ инвестициялық бағдарламасын орындау туралы 2021 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындылары туралы есеп;
- Реттеуші қызметтер көрсету бойынша «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО инвестициялық бағдарламасын орындау туралы 2021 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижелері бойынша есеп;
- Электр энергиясын беру және тарату бойынша реттеуші қызметтер көрсету бойынша «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ инвестициялық бағдарламасын орындау туралы 2021 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижелері бойынша есеп;
- Жылу энергиясын беру және тарату бойынша реттеуші қызметтер көрсету бойынша «Петропавл жылу желілері» ЖШС инвестициялық бағдарламасын орындау туралы 2021 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижелері бойынша есеп;
- Жылу энергиясымен қамту реттеуші қызметтерін көрсету бойынша «Севказэнергосбыт» ЖШС инвестициялық бағдарламасын орындау туралы 2021 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижелері бойынша есеп;
- Алдағы уақытта электр энергиясы бағасының шекті деңгейін арттыру туралы «Севказэнергосбыт» ЖШС хабарламасын қарау жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар;
- Электр энергиясын беру және тарату бойынша реттеуші қызметтер көрсету бойынша «АЭУК» АҚ 2021 жылдың бірінші жартыжылдығының нәтижелері бойынша есеп.



Желтоқсан

- 2022 жылға жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және қамту тарифіне өтініштерді қарастыру бойынша «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС қоғамдық тыңдаулары

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат Павлодар, Екібастұз, Петропавл қалаларының және Ақмола облысының БАҚ-нда және компанияның ресми аккаунттарында жарияланды.

Мамыр

12.05.2021 ж.

- «Павлодарэнергосбыт» ЖШС электр энергиясын бөлшек өткізу бағасының өзгеруі бойынша қоғамдық тыңдаулар

Тамыз

17.08.2021 ж.

- «Павлодарэнергосбыт» ЖШС электр энергиясын бөлшек өткізу бағасының өзгеруі бойынша қоғамдық тыңдаулар

Желтоқсан

20.12.2021 ж.

- «Павлодарэнергосбыт» ЖШС электр энергиясын бөлшек өткізу бағасының өзгеруі бойынша қоғамдық тыңдаулар

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАММЕН ЖҰМЫС

ОАЭК қызметін ақпараттық және PR бағытында қолдау шараларының 2021 жылғы басым міндеттері келесілер болды:

- Инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыру мен жаңа энергетикалық нысандардың салу барысы туралы, жылу беру маусымына дайындық барысы туралы ақпараттандыру;
- Холдингтің әлеуметтік жауапкершілігі тақырыбын қолдау;
- Акционерлер мен өзге де мүдделі тұлғаларды «ОАЭК» АҚ және оның еншілес компанияларының қызмет қорытындылары туралы ақпараттандыру;
- БАҚ және бұқара қауымның энергетика саласы туралы білімін арттыру, энергетик мамандығының танымалдығын күшейту.

2021 жылы «ОАЭК» АҚ-ның кәсіпорындарында 14 баспасөз туры ұйымдастырылды, Компаниялар тобының қызметі туралы БАҚ пен әлеуметтік желілерде 8398 материал жарық көрді

#Шаралар

оның ішінде «ОАЭК» АҚ туралы – 200, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ – 5 231, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – 1661, «АЭУК» АҚ – 1 486.

Холдингтің PR қызметтері корпоративтік басылымдардың 24 санын жарыққа шығарды.

Жыл ішінде мүдделі тараптарға арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жыл ішінде мүдделі тараптарға арналған ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «ОАЭК» АҚ қызметі туралы шынайы ақпараттандыру үшін баспасөз релиздерін тарату, ақпаратты корпоративтік сайт пен әлеуметтік желілерде жариялау, SMM-әдістер, «ОАЭК» АҚ өңірлердегі нысандарына баспасөз туралы, сұрау-жауаптарға жедел жауап беру, қоғамдық тыңдаулар, дөңгелек үстелдер және өзге де шаралар ұйымдастыру қолданылды.

КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ


Қызметкерлерді басқару саясаты

«ОАЭК» АҚ қызметкерлерді басқару саясаты қызметкерлер мүмкіндігін толық ашудың барлық мүмкіндіктерді жасау бойынша үздіксіз жұмыс жүретін тиімді корпоративтік басқару жүйесі бар компания құру негізіндегі Корпорацияның стратегиялық даму мақсаттарына сәйкес келеді. Корпорация қызметкерлерді басқару саласындағы саясатын түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, жоғары кәсіби қызметкерлерді ұстап қалу, қызметкерлерді үздіксіз кәсіби оқыту және дамыту, жас қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндіктер беру, кадрлық резервті құру және дарындарды басқару жолымен бекемдейді.

Құрылым және саны

Корпорация қызметкерлерінің сандық құрамы 2021 жылдың 31 желтоқсаны бойынша 9 536 адамды құрады. Сандық құрамның 2020 жылмен салыстырғанда 9,5 %-ға төмен. Ол Корпорация құрамынан «АСТАНА-ЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС-н шығарумен және «ПАВЛОДАР-ЭНЕРГО» АҚ-ның «ЦАТЭК Green Energy (ЦАТЭК Грин Энерджи)» ЖШС-нда 51 % қатысу үлесін сатып алуымен байланысты болды.

Сандық құрамның өзгеру динамикасы, адам



«ОАЭК» АҚ кәсіпорындары бойынша 2021 жыл соңындағы сандық құрамның бөлінісі

Компания атауы	Жұмысшылар саны, адам
«ОАЭК» АҚ компаниялар тобы	88
«ПАВЛОДАР-ЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы	4 689
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы	2 385
«АЭУК» АҚ компаниялар тобы	2 374
Барлығы	9 536

88



Қызметкерлердің санаты мен жыныстық құрамы

Корпорация қызметкерлерінің жынысы бойынша құрылымының ара қатынасы ерлердің 61,5 % жоғары үлесімен сипатталады. Өндіріс қызметкерлері негізінен «жұмысшылар» санатынан тұрады, оның 73,1 % пайызын ерлер құрайды.



Қызметкерлердің санаты мен жыныстық құрамы


Қызметкерлер санаты	Барлығы		оның ішінде:			
			ерлер		әйелдер	
	адам	%	адам	%	адам	%
Саны	9 536	100	5 861	61,5	3 675	38,5
Басшылар	1 491	15,7	1 107	74,2	384	25,8
Мамандар/қызметкерлер	2 873	30,1	972	33,8	1 901	66,2
Жұмысшылар	5 172	54,2	3 782	73,1	1 390	26,9

Қызметкерлердің жасы бойынша құрылымы

2021 жыл соңында қызметкерлердің негізгі бөлігін 30–50 жас (52,8 %) аралығындағы еңбек қызметіндегі ең тәжірибелі жұмысшылар құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 1,5 %-ға жоғары. 30 жасқа дейінгі жұмысшылар үлесі (16,4 %) 2019 жылғы көрсеткіштен 3,3 % төмен. 50 жастан асқан қызметкерлер (30,8 %) саны 2020 жылмен салыстырғанда 1,8 % артты. Бұл көрсеткіштерді назарға ала отырып, Компания кәсіби білім мен біліктілікті беру және ізбасарлықты қамтамасыз ету мақсатында жас мамандар мен тәжірибелі, жоғары білікті қызметкерлердің оңтайлы қатынасына қол жеткізу үшін қызметкерлер құрамын бірте-бірте жасарту бағытындағы шараларды жүргізеді.

Холдинг бойынша орташа жас – 41 жасты құрайды

Жұмысшылардың жас құрамы




Қызметкерлердің білім бойынша құрылымы

2021 жылдың соңында жоғары білімді қызметкерлер үлесінің 2020 жылмен салыстырғанда 1,5 % төмендеп, техникалық/кәсіби білім бар қызметкерлер үлесінің 1,2 % артқаны байқалды. Жалпы орта білімі бар жұмысшылардың үлесі 2020 жылмен салыстырғанда аз ғана артты. Жыл сайын Компаниялар тобының кәсіпорындарында қызметкерлердің өз білім деңгейін арттыруына ынталандыратын, оның ішінде «PROFENERGY» корпоративтік бағдарламасы бойынша шаралар жүзеге асырылады.

Жыл сайын Корпорацияның 250-ге жуық қызметкері ЖОО және колледждерде, оның ішінде салалық мамандық бойынша білім алады. «PROFENERGY» шараларына қатысу-қатыспауына қарамастан кәсіпорындар оқудағы жұмысшылар мен оқу орнын бітірген жұмысшыларға қолдау көрсетеді. 2021 жылы 109 жұмысшы диплом қорғаса, олардың ішінде 78 жұмысшы кәсіпорын саласы бойынша оқуын тәмамдады.

Білім беру деңгейінің динамикасы



Олардың үлесі жұмыс күшінің жалпы санының 0,1 %-ын құрайды. Компаниялар тобы қызметкерлері санының 1,8 %-ы жұмыспен ішінара қамтылған.

Қызметкерлердің 2021 жылдың соңындағы жұмыспен қамту типі бойынша бөліністегі жалпы саны

2021 жылдың соңында жұмысшылармен еңбек шартын жасау үлесі 99,9 %-ды құрады. Жұмыстың белгілі бір түрлерін немесе маусымдық жұмыстарды орындау үшін кәсіпорындар штаттан тыс қызметкерлерді тартады.

Қызметкерлердің 2021 жылдың соңындағы жұмыспен қамту типі бойынша бөліністегі жалпы саны

Көрсеткіш	Мәні (адам)	оның ішінде	
		ерлер	әйелдер
Жұмысшылардың есептік кезең соңындағы (штаттағы) саны			
шарт мерзімі бойынша:	9 536	6 312	4 129
белгіленбеген мерзімге еңбек шартымен жұмыс істеушілер	7 438	4 627	2 811
уақытша (жедел) шартпен жұмыс істеушілер	2 098	1 234	864
жұмыс типі бойынша:	9 536	5 861	3 675
толық жұмыспен қамтылғандар	9 368	5 760	3 608
ішінара жұмыспен қамтылғандар	168	101	67
Бақылаудағы жұмысшылар (штаттан тыс)	10	0	10
Жұмыс күшінің жалпы саны	9 546		

2021 жылы жұмысқа қабылданған жұмысшылар саны


2021 жылы 1 785 жұмысшы қабылданды, бұл Корпорация қызметкерлерінің орташа тізімдік санының 18,3 %-ын құрайды.

Қызметкерлердің санаты мен жыныстық құрамы

Көрсеткіш	Барлығы		оның ішінде:			
			ерлер		әйелдер	
	адам	%	адам	%	адам	%
Қабылданды, олардың ішінде:	1 785	100	1 049	58,8	736	41,2
30 жасқа дейін	616	38,0	429	69,6	187	30,4
30-50 жас	841	45,1	426	50,7	415	49,3
50 жастан жоғары	328	16,9	194	59,1	134	40,9

Жұмысшыларды қабылдау бойынша айналым коэффициентінің 2020 жылмен салыстырғанда 0,7 %-ға артуы карантиндік шектеу шараларын (пандемия COVID-19) алып тастаудан кейін қызметкерлерді қабылдаудың артуымен байланысты болды.

Қызметке алу бойынша айналым коэффициенті




Қызметкерлер тұрақсыздығы

2021 жыл соңында Корпорация бойынша 2020 жылмен салыстырғанда қызметкерлердің тұрақсыздығы 2,6 %-ға артты.

Холдинг бойынша қызметкерлердің тұрақсыздығының басты себептері:

- еңбекақы көлеміне қанағаттанбаушылық;
- Қазақстан ішіндегі (қала/ауылдық елді мекендер) көші-қон;
- кішкентай балалар/немерелер, отбасының науқас не қарт мүшелеріне күтім жасау мақсатындағы отбасылық жағдайларға байланысты.


Тұрақсыздық коэффициенті



Тұрақсыздық себебімен 2021 жылы жұмыстан шыққан жұмысшылар саны, ерлер мен әйелдерге бөлінісі

2021 жылы еңбек шарты Корпорацияның 2 179 жұмысшысымен бұзылды, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 5 % артық. Қызметкерлердің жұмыстан шығуының артуына карантиндік шектеу шараларының (COVID-19 пандемиясы) алынуы ықпал етті. Тұрақсыздық себебімен 1660 қызметкер жұмыстан шықса, олардың басым бөлігін еңбекке қабілетті және кәсіби өнімді, сондай-ақ, еңбек нарығында сұранысқа ие 30-50 жастағы (49,2 %) жұмысшылар құрады.

2021 жылы тұрақсыздық себептерімен жұмыстан шыққандардың саны, ерлер мен әйелдерге бөліністе



2021 жылы тұрақсыздық коэффициентін төмендету үшін келесі шараларды жүзеге асыру жалғасын тапты:

- еңбекті төлеу қоры резервтерін анықтап, босаған қаржыны еңбекақыны көтеруге бағыттау;
- тәлімгерлік институтын дамыту және жас мамандарды қолдау жүйесі;
- қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру;
- ұжымдық келісімшарттарға сәйкес, әлеуметтік кепілдіктер мен жағдайды жақсарту.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Корпорациядағы оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды қамтиды:

- қауіпсіздік техникасы, өртке қарсы қауіпсіздік, техникалық пайдалану ережелерін міндетті, нормативті оқу;
- аралас мамандықтарды оқу;
- кәсіби және басқарушылық компетенцияларды дамыту үшін біліктілікті арттыру.

Қызмет тиімділігін арттырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын орнату үшін Корпорация кәсіпорындарында корпоративтік форматта және жеке даму жоспары бойынша оқытулар жүргізіледі, оқудың қашықтан және дистанциялық формалары енгізілуде. Компаниялар тобында өзіндік оқу орталықтарында, сондай-ақ, сыртқы компанияларда корпоративтік бағдарламаларға оқыту тәжірибесі бар.

2021 жылы барлық қызметкерлердің 75,5 %-ын құрайтын 7 198 адам оқытудан өтті. Корпорацияның оқу орталықтарында 2021 жылы оқыған қызметкерлер саны – 3 540 адам, олар оқудан өткен барлық қызметкерлердің 49,2 %-ын құрайды. 2021 жылы оқудан өткен жұмысшылардың жалпы саны 2019-2020 жылдары білім алғандардың санынан жоғары. Бұл бекітілген оқу жиілігімен және карантин кезеңінде көпшіліктің қашықтан (онлайн) оқуымен байланысты.

Негізгі бағыт қауіпсіздік техникасы, техникалық пайдалану бойынша алғашқы және кезеңдік оқу болып табылады: 2021 жылы 4 624 адам оқыды (барлық оқығандардың 64,2 %-ы). Корпорация қызметкерлерінің кәсіби профилін кеңейту және олардың басқа мамандықтарда (аралас) қоса жұмыс істеуге дайындау мақсатында 2021 жылы 1 427 адам оқыды (барлық оқығандардың 19,8 %-ы). 2021 жылы біліктілік арттыру 1 088 адамға ұйымдастырылды (барлық оқығандардың 15,1 %-ы).



Оқытудың мақсаты – қызметкерлерді міндеттерді орындауда дұрыс шешім қабылдауға дайындау және жұмыс тиімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету.




Факт

2021 жылғы қарашада «ЦАТЭК Green Energy (ЦАТЭК Грин Энерджи)» жұмысшылары Global Wind Organization ұйымында жел турбиналарын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы стандарты бойынша оқудан өтті. Global Wind Organization 2009 жылы ірі әлемдік жел турбинысын өндірушілер құрған ұйым. GWO негізгі мақсаты – жел турбины саласында қауіпсіз жұмыс ортасын құру, қауіпсіздік техникасы мен төтенше жағдай кезінде әрекет ету үшін жалпы халықаралық стандарттарды орнату.


саерсо_21

#ТДМ #сапалы_білім_беру





Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағатының орташа саны



Бір ер қызметкерге шаққандағы орташа оқу сағаты 24,2 сағатты құраса, әйелдер бойынша көрсеткіш – 28,4 сағат. Корпорацияда негізінен лауазымы мен кәсібі, нормативтік талаптары мен оқу бағдарламасының корпоративтік құрамдас бөлігі, оқу бағдарламасының ерекшеліктеріне сәйкес өндірістік бөлімшелер жұмысшыларын оқыту жүргізіледі.

2021 жылы қолданыстағы дайындық деңгейін айқындау, одан әрі даму үшін бағыттарды анықтау мақсатында Корпорацияның қаржылық қызметінің 241 жұмысшысына

бағалау жүргізілді. Бағалау қорытындысы бойынша комиссия жұмысшылардың компетенцияларын дамытуды одан әрі жоспарлау бойынша ұсыныстар берді.

Кадрлық резерв

Түрлі деңгейдегі басқарушылық лауазымдарды толтыру үшін қажетті резервті қалыптастыру мақсатында 2021 жылы «ОАЭК» АҚ-нда 810 басшыдан құралған жоғарғы, орта және бастапқы басшылық буындарының кадрлық резерві қалыптасқан.

Кадрлық резервті дамыту – өзіндік оқу орындарында оқыту, біліктілік арттыру, тәлімгерлік алу, басқарушылық функцияларды атқару, уақытша ауыстыруды қамтитын жеке кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық бағдарламаға негізделеді. 2021 жылы кадрлық резервте тұрған қызметкерлердің ішінде 167 адам басқарушы лауазымдарға ауыстырылды.

Жыл сайын сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Резервке оқу орындары түлектері де қосылады.

Корпорация кәсіпорындарында 355 жас маман қызмет етеді, бұл барлық қызметкерлердің 3,5 %-ын құрайды. 2021 жылы 88 жас қызметкер жұмысқа қабылданды, оның ішінде жетекші лауазымдар мен мамандықтарға – 16 адам. Бұл ретте техникалық/кәсіби білімімен жұмысқа алынғандар үлесі 53 адам болса, жоғары білімі барлар – 35 адам.

ЖАС МАМАНДАРДЫ ТАРТУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ

2016 жылдан бері «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін арттыру бойынша «PROFENERGY» жобасы жүзеге асырылады. Бағдарлама оқу орындары түлектерін кәсіпорындардың негізгі/қат мамандықтарына тартуға, қызметкерлердің білім деңгейін дамыту мен көтеруге, негізгі қызметкерлерді ұстап қалуға бағытталған. Корпорация кәсіпорындары өзі қызмет ететін өңірлерде 15 ЖОО және колледжбен әріптестік орнатқан.

Бағдарлама шарттары туралы тұрақты түрде ақпараттандыру жұмыстары жүргізіліп, студенттермен кездесулер, өндірістік нысандарға экскурсиялар ұйымдастырылады. Кәсіпорындардың қызметкерлері емтихан комиссияларына, бітіру емтихандарын өткізу және диплом жобаларын қорғау бойынша мемлекеттік аттестациялық комиссия жұмысына қатысады.

Жоба жүзеге асырылған жылдар ішінде бағдарламаға 2 798 студент қатысты. Олардың ішінде:

— 216 студент ақы төленетін тәжірибеден өткен соң диплом алғаннан кейін Корпорация кәсіпорынында жұмысқа орналасу туралы келісімге қол қойды;

— 2 442 студент ақы төленбейтін өндірістік және дипломалды тәжірибеден өтті;

— Жазғы каникул уақытында 116 студент жұмысқа орналастырылды;

— 24 студентке ғылыми жұмыстар байқауының қорытындысы бойынша атаулы корпоративтік стипендия тағайындалды.

Оқу орындары түлектерінің Корпорация кәсіпорындарында жұмыс істеуге деген қызығушылығын арттыру үшін Бағдарлама ұдайы жетілдіріліп, оның шарттары студенттердің қажеттілігі, кәсіпорындардың мүмкіндігі және қызмет аймақтарындағы еңбек нарығының ерекшеліктеріне қарай түзетіліп отырады.

Бағдарламада сонымен қатар жұмысшыларды профильді білім алуға ынталандыратын шаралар да қарастырылған.


Бағдарламада жұмысшыларды салалық білім алуға ынталандыратын шаралар да қарастырылған. 2016-2021 жылдары 1 140-дан астам жұмысшы бұл мүмкіндікті пайдаланды:

— 720 жұмысшыға ақы төленетін оқу демалысы берілді;

— 239 жұмысшыға оқу орнын сәтті аяқтағаны үшін бонус берілді;



«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда
PROFENERGY жобасын жүзеге асыру



— 152 жұмысшыға оқу ақысын төлеу үшін пайызсыз қарыз берілді;

— 2 жұмысшының оқу ақысы төленді.

«PROFENERGY» бағдарламасы аясында Тәлімгерлік институты (менторинг) дамуда. Оның мақсаты – кәсіби білім мен білікті студенттерге беру және жас мамандарды тез бейімдеу. 6 жылда «ОАЭК» АҚ жоғары білікті жұмысшылары мен зейнеттегі мен зейнеталды жастағы жұмысшыларынан тәлімгерлер пулы қалыптасып, оларға оқыту жүргізілді. Тәлімгерлер жылына 500-дей жұмысшыға тағайындалады.

Қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау

Компаниялар тобында Бірыңғай тарифтік кестеге негізделген уақытылы-сыйақылы еңбекті төлеу жүйесі әрекет етеді. Еңбекақы мөлшері жынысына қарамастан жұмысшылардың барлық санатына еңбекақы төлеудің разрядты жүйесі болып табылатын бірыңғай тарифтік сеткаға сәйкес белгіленеді.

Корпорацияда ынталандыру және марапаттау әрбір жұмысшының тиімділігі мен нәтижелілігін, арттыруға бағытталған. Жыл сайын «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында

бекітілген бюджет пен тарифтік сметалар шегінде, жұмысшының жұмыс нәтижесіне қосқан үлесі ескеріле отырып, еңбекақысы көтеріледі.


2021 жылы Компаниялар тобында еңбекақыны өндірістік және жұмысшы қызметкерлерге акцент жасай отырып индекстеу (5-тен 19 %-ға дейінгі өсім) жүргізілді.

Компаниялар тобы бойынша орташа табыс деңгейі 17 %-ға артты.

Материалдық емес ынталандыру

Жыл сайын Холдинг кәсіпорындарында шаралар өткізіліп, кәсіпорын жұмысшылары мен ардагерлеріне грамоталар, атақтар мен наградалар беріледі. Қазақстан Республикасы энергетика саласын дамытуға қосқан үлесі, сондай-ақ, Компаниялар тобында жоғары еңбек көрсеткіштеріне қол жеткізгені үшін 2021 жылы кәсіпорындардың 330 жұмысшысы мен ардагері құрметті атақтар мен наградалармен марапатталды: мемлекеттік, ведомстволық және салалық наградалармен – 120 адам, «ОАЭК» және кәсіпорындардың корпоративті наградаларымен – 163 адам. ГОЭЛРО жоспарының 100 жылдығын мерекелеуге байланысты естелік белгілерге 3 жұмысшы ие болды.

Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы



Қызметкерлер мен басшылықтың қарым-қатынасы

Корпорация қызметкерлермен қарым-қатынаста еңбек заңнамасы мен Іскерлік этика кодексінің талаптарын сақтайды, адамның жеке бостандығы мен құқықтарын сыйлайды, әркімге тең мүмкіндіктер береді және еңбек саласындағы дискриминацияға, сондай-ақ, өз бизнесінде бала еңбегінің қолданылуына жол бермейді.

Қызметкерлерді Компания қызметіндегі айтарлықтай өзгерістер туралы хабарландырудың ең минималды мерзімі ҚР заңнамасына және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес белгіленеді.

Қызметкерлер санын не штатын қысқартуға байланысты еңбек қатынастарын бұзу кезінде жұмысшыларды хабарландырудың ең минималды мерзімі Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес, бір айды құрайды.

Корпорация кәсіпорындарында еңбек даулары қолданыстағы заңнамаға, сондай-ақ, ұжымдық шарттарға және жеке еңбек даулары бойынша келісім комиссиясы туралы ережеге сәйкес, жұмыс беруші мен жұмысшының қатысуымен шешіледі. Еңбек даулары бойынша өтініштерді қабылдау және олар бойынша кері байланыс тәртібі кәсіпорындардың ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған. Жұмысқа тұру кезінде әрбір жұмысшы бұл құжаттармен танысады.

Келісім комиссиясының құрамы кәсіпорындар бойынша ұжымдық-өкімдік құжаттармен бекітіледі. Еңбек дауы туындаған кезде келісім комиссиясына шағымданудан бұрын жұмысшы:

- 1) қызметкерлермен жұмыс қызметінің басшысына;
- 2) кәсіподақ ұйымының төрағасына/жұмысшылар өкіліне;
- 3) кәсіпорынның бірінші басшысына хабарласуға құқылы.

2021 жылы келісім комиссиясына еңбек дауын реттеу бойынша үш шағым түсті. Олардың барлығы қаралып, реттелді. Жұмысшыларды қандай да бір белгісі бойынша дискриминациялау және жұмысшы құқығын бұзу оқиғалары тіркелмеді.

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

Корпорация кәсіпорындарында кәсіподақ ұйымдары қызмет етеді, жұмысшылармен еңбек қатынастары ұжымдық шарттармен реттеледі. «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобында 2021-2024 жылдарға Бірыңғай ұжымдық шарт жасалды. «АЭУК» топ кәсіпорындарында жаңа 2019-2021 жылдар кезеңіне Бірыңғай ұжымдық шарт қабылданды. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобында Бірыңғай ұжымдық шарт 2020-2025 жылдарға қабылданған. Ұжымдық шарттар жұмысшылар мен олардың отбасыларына жұмысшының кәсіподаққа мүше не мүше еместігіне қарамастан әлеуметтік жауапкершілік шараларын реттейді.

Әлеуметтік серіктестік аясында кәсіпорындар мен кәсіподақ ұйымдарының қатысуымен жыл сайын келесі шаралар өткізіледі:

- спорттық-сауықтыру шаралары;
- демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру, мәдени-бұқаралық шаралар;
- мерейтойлық және мерекелік даталарға демеушілік көрсету;
- қайырымдылық қолдау.



Ұжымдық келісімшартты жасауда: **экономикалық мақсаттылық, жетімділік, бірлескен жауапкершілік пен айқындылық принциптері басшылыққа алынған**

#Факт



Атауы	2019	2020	2021
Кәсіподаққа мүше қызметкерлер саны	5 196	4 699	3 862
Барлық қызметкерлер ішіндегі үлесі, %	49	45	40

Соңғы жылдар динамикасында барлық кәсіпорындарда кәсіподақ ұйымына мүше жұмысшылар үлесінің төмендеуі байқалды. Бұл Корпорация қызметкерлері санының азаюымен және әлеуметтік-еңбек қатынастарының жалпыәлемдік индивидуализация процесінің ықпалына байланысты.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

«ОАЭК» АҚ әлеуметтік саясаты жұмысшылармен және олардың өкілдері – кәсіподақ ұйымдарымен анықталады және Корпорация еншілес ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктері есебінен қамтамасыз етіледі.



Мақсаттар	Әлеуметтік пакет
Қызметкерді ұзақмерзімдік қызметке ынталандыру	5 % көлемдегі қосымша кәсіби зейнетақы жарналары; кәсіби жарыс үшін сыйақы; мерейтойлық және мерекелік даталарға орай сыйақылар.
Тиімді өтемақы және жеңілдік жүйесі	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарына өтемақы, жатақхана, баспана жалдау бойынша жеңілдіктер; жұмысшыларды жұмысқа және жұмыстан үйіне жеткізуге автотранспорт қызметтері; пеш арқылы жылытылатын үйлерде тұратын қызметкерлерге көмірді өзіндік құны бойынша беру; 15 жасқа дейінгі балаларға лагерьге жолдама беру; балаларға жаңа жылдық сыйлықтар. өндірістегі қайғылы оқиғалар мен аурулардан сақтандыру; міндетті медициналық сақтандыру; санаторий-профилактикалық ем алу шығындарын өтеу.
Қызметкерлердің еңбек қабілеті мен денсаулығын қолдау	өндірістегі қайғылы оқиғалар мен аурулардан сақтандыру; міндетті медициналық сақтандыру; санаторий-профилактикалық ем алу шығындарын өтеу.

Мақсаттар	Әлеуметтік пакет
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	бала дүниеге келгенде материалдық көмек; жерлеу қызметтеріне материалдық көмек; көпбалалы және аз қамсыздандырылған отбасыларға материалдық көмек; ақы төленетін оқу демалысы; зейнетке шыққанда сыйақы беру; компания ардагерлерін қолдау бағдарламасы; басқа көмек.
Спорттық-сауықтыру шаралары	спорттық жарыстар қатысушыларының тамақтану шығындарын өтеу; мәдени-бұқаралық шаралар мен ұжымдық демалысты өткізу шығындарын өтеу.

Ана және әке болуға байланысты әлеуметтік қолдау көрсету					
Компания атауы	Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыс рәсімдеген жұмысшылар саны			Жыл соңындағы жағдай бойынша жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстағы жұмысшылар саны	Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстан шыққан жұмысшылар саны
	әйелдер	ерлер	барлығы		
«ОАЭК» АҚ	1	0	1	6	0
«ПАВЛОДАР-ЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы	84	3	87	201	65
«СЕВКАЗ-ЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы	30	1	31	76	20
«АЭҮК» кәсіпорындар тобы	37	0	37	41	31
Барлығы	152	4	156	324	116



caerco_21

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Корпорация тұрақты негізде ардагерлерге, кәсіпорынның зейнет жасына жеткен бұрынғы қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетеді. Ұжымдық шарт аясында материалдық көмек көрсетіліп, мерекелік даталарға орай сауықтар ұйымдастырылады.

«ОАЭК» АҚ қызмет ететін өңірлерінде халықты қолдау шараларына өте белсенді қатысады. Петропавлда кәсіпорын жұмысшылары мен қала тұрғындары үшін 2 жатақхана және «Алақай» балабақшасы қызмет етеді.

100

2022 жылға жоспар

2022 жылы Корпорацияның кәсіби кадрлық құрамын тартуға және дамытуға бағытталған қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру жалғасын табады. Оның ішінде келесі шараларды атқару жоспарланған:

1. «PROFENERGY» бағдарламасы аясындағы шараларды ары қарай жүзеге асыру:

- жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін арттыру;
- тәлімгерлік институтын дамыту;
- негізгі қызметкерлерді дамыту бағдарламасы;
- аса қат мамандықтарды дамыту бағдарламасы.

2. Корпорацияның стратегиялық және оперативті мақсаттарына қол жеткізу бойынша негізгі көрсеткіштерді жетілдіру;

3. «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдары өндірістік процесі жұмысшыларының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағдарламаларын жүзеге асыру;

4. Қызметкерлерді дамытумен байланысты HR-процестерді (бейімдеу, бағалау, оқыту және т.б.) одан әрі автоматтандыру;

5. Қазақстан Республикасының еңбек ресурсы мол өңірлерінен Компаниялар тобының кәсіпорындарында жұмыспен қамту мақсатында қызметкерлерді тартуға арналған «ENBEKENERGY» жобасын жүзеге асыру;


6. Еңбек нарығындағы дефицит жағдайында корпоративтік оқыту, дайындау және қайта дайындау жүйесін жетілдіру, оқытудың сапалық көрсеткіштерін жақсарту, оқыту қорытындысы бойынша тиімділікті мониторингілеу жүйесін енгізу.



РУС



Басқарма төрағасының қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша бейнеүндеуі



ҚАЗ



2021

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттар және атқарылған шаралар

Компаниялар тобы қызметінің барлық түрлерінде негізгі принцип өндірістік қызмет нәтижелерімен салыстырғандағы қызметкерлер өмірі мен денсаулығының басымдығы болып табылады. Компаниялар тобының қызметкерлері жоғары өндірістік мәдениетті қалыптастыруда негізгі ресурс саналады.

«ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы негізгі мақсаты «0 қайғылы жағдай, яғни өндірісте 0 қайғылы жағдайдың орын алуы, 0 кәсіби аурудың болуы, қызмет нәтижесінде біреулерге 0 зиян келуі болып табылады.

2021 жылы қайғылы оқиғалардың жалпы санын 2020 жылмен салыстырғанда 30 % және 2016 жылмен салыстырғанда 60 % төмендетуге қол жеткізілді. **Өліммен аяқталған жағдайлар орын алған жоқ**

#Нәтижелер

2021 жылы Корпорация кәсіпорындарында 2020 жылы бекітілген «ОАЭК» АҚ 2020-2021 жылдарға арналған ҚжЕК бойынша корпоративтік жоспарын жүзеге асыру әрі қарай жалғасты. Жоспарға сәйкес 2021 жылы келесі шараларды жүзеге асыру жалғасын тапты:

1. Бригадалардың жұмысқа рұқсатын белгілеу, бригадаларға инструктаж жасау, жұмыс орындарын дайындауды жүзеге асыру үшін электр желілік компанияларында (бұдан әрі – ЭТК) бейне-регистраторларды практикалық енгізілді;

101



2. Қауіпсіз еңбекті насихаттау мақсатында Корпорацияның ЕҰ-нда дәстүрлі түрде Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күніне арналған шаралар өткізілді:

— қауіпсіздік айлықтары, олардың аясында аудиттер, профилактикалық әңгімелесулер, ҚжЕК жиналыстары өткізілді;

— «Менің ата-анам қауіпсіз жұмыс істейді» тақырыбындағы балалар суреттері мен көркемөнері байқаулары;

— Жыл бойы тәртіп бұзбай жұмыс істеген, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын ұстанатын үздік жұмысшылар естелік сыйлықтар мен сертификаттармен (дипломдармен) марапатталды.

3. Аудиттер, оқиғаларды басқару, ҚжЕК тәуекелдері, ҚжЕК бойынша оқыту, мердігерлерді басқару (мердігердің нысанда жұмыс істеу рұқсатын бақылау және мердігердің қауіпсіздік талабын бұзуын анықтау) бағыттары бойынша ҚжЕК саласындағы қызметті шоғырландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік беретін еңбекті қорғаудың барлық аспектілерін кешенді автоматтандыру (Safety walk) енгізілді.

4. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ еншілес ұйымдарының кәсіпорындарында энергетикалық және технологиялық қондырғыларды пайдалану кезінде жарақаттану, қайғылы оқиғалардың алдын алуға бағытталған өзара аудит өткізілді. Өзара аудит кезінде анықталған үздік тәжірибелерді қолдану жалпы жағдайды және еңбекті қорғау көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік берді.

Бұлардан бөлек, Корпорация ЕҰ-нда келесі шаралар жүзеге асырылды::

1) «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «Екібастұз-жылуэнерго» ШС өндіріс нысандарында күрделі, ағымдағы жөндеулерді жүргізу кестелеріне сәйкес қызмет көрсету алаңдары, қорғаныс қоршаулары, КҚЖ арналары ҚжЕК талаптарына сәйкестендірілді;

2) «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ құрылымдық бөлімшелерін санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сәйкестендіру мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық аудит жүргізілді;

3) Барлық еншілес ұйымдарда ТОО «TÜV Rheinland Kazakhstan» (ТЮФ Рейнланд Казахстан) компаниясы кәсіпорындардың ISO 45001 стандартына сәйкестігіне сыртқы аудит жүргізді. Нәтижесінде барлық кәсіпорындар жаңа стандартқа сәтті көшті;

4) «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-нда KBTK су жылыту корпусының шатырын ішінара қайта құру жұмысы жүргізілді;

5) «Павлодар жылу желілері» ЖШС Оңтүстік желілік ауданының (№2 квартал учаскесі) жуыну және тұрмыстық орындарына жөндеу және ОЖП-32, ОЖП-34 орталық жылу пункттерінің шатырына күрделі жөндеу жүргізілді;

6) Жұмыс аумағының ауасындағы көміртек оксидін (жанған газ) бақылау үшін «Павлодар жылу желілері» ЖШС-не 3 дана «Хоббит-Т» газ анализаторлары сатып алынды.

7) «Павлодар жылу желілері» ЖШС денсаулық пункті жылжымалы кварц шамдарымен қамтамасыз етілді;

8) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО периметрі бойынша және ғимараттарында автотранспорттың жылдамдық режимін сақтауды, жұмысшылардың қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауын бақылау мүмкіндігі болуы үшін видеокамералар орнатылды;

9) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда кіріспе инструктаж өткізу үшін видеоролик түсірілді және көрсетіледі;

10) Жыл ішінде жеке қорғаныс заттары үлгілерін (арнаулы киім мен аяқ киім) өндірістік сынақтан өткізіліп, сонымен бірге бұл сынақтар нәтижесі бойынша тиісті құжаттар (актілер, хаттамалар) рәсімделді;

11) Электр желілік компаниялар электротехникалық қызметкерлерді термикалық тәуекелдер мен электр доғаларынан сақтайтын термоқорғанысты матадан тігілген арнаулы киіммен қамтамасыз етті.

2021 жылы «Еңбекті қорғау» бабы бойынша нақты шығындар 1,84 млрд теңгені құрады. Қаражат Корпорация қызметкерлерін жеке қорғаныс заттарымен, оның ішінде электр қорғаныс заттарымен, арнайы тағам-мен, медикаментпен қамтамасыз етуге, вакциналауға, ҚжЕК бойынша ақпараттық плакаттар, нормативті-техникалық құжаттар және белгілерді сатып алуға, өрт сөндіру құралдарын сатып алуға, сондай-ақ, жұмыс орындарын қосымша жарықтандыру шараларын орындауға, желдету және кондиционерлеу жүйелерін жөндеуге, ғимараттар мен құрылыстарды жөндеуге және басқаларға жұмсалды.



«ОАЭК» АҚ қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы саясаты» www.caerco.kz сайтында жарияланған.



ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР

Әрбір ЕҰ-да Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңестері құрылған. Кеңес құрамына жұмыс беруші өкілдері, техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда кәсіподақ ұйымының өкілдері кіреді.

ҚжЕК бойынша кеңес келесі функцияларды орындайды:

— Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңесі өндірістік жарақаттану мен кәсіби ауру себептерін зерттейді, еңбекті қорғау шарттары бойынша өткізілетін шаралар тиімділігін, ұйымдағы еңбекті қорғаудың нақты жағдайы туралы ақпараттық-сараптамалық материалдарды талдайды;

— Еңбек жағдайы бойынша жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерін талдайды, құрылымдық бөлімшелерді дайындауға және өндірістік нысандардағы тұрақты жұмыс орындарын еңбекті қорғау талаптарына сәйкестікке келтіруді ұйымдастыруға қатысады;

— Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы анықталған ақауларды жою, ұйымда қауіпсіз еңбек жағдайларын құру, еңбек қызметі барысында жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған бағдарламалар, ұсыныстар, шешімдер және өзгелерді әзірлеу бойынша ұсыныстарды қарастырады;

— Жұмысшыларға еңбек қауіпсіздігі бойынша уақытылы және сапалы инструктаж жасауға, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласы бойынша жұмысшылардың білімін тексеруге, жұмысшыларды, кәсіподақ активтері бойынша тұрақты оқытып, білімін арттыруға өз үлесін қосады;

— Қауіпсіз еңбек жағдайларын құру, ауыр физикалық жұмыстарды жою мақсатында өндіріске заманауи технологияларды, жаңа техниканы енгізу бойынша ұсыныстар береді;

— Ұйым жұмысшыларын еңбек жағдайларын жақсарту және еңбекті қорғау, өндірістік жарақат профилактикасы бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы, жұмысшыларды арнаулы киім, арнаулы ақ киім және басқа да жеке қорғаныс заттарымен қамтудың қолданыстағы нормативтері туралы ақпараттандырады;

— Ұйымда еңбекті қорғау бойынша шараларды қаржыландыру, өндірісте қайғылы оқиғалардан және кәсіби аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелерін қарауға, еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға бағытталған ұйымның заттар шығынын бақылауды жүзеге асыруға қатысады.

Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлар

Әрбір еншілес ұйымда еңбекті қорғау бойынша техникалық инспектор жұмыс істейді. Өз қызметінде еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлар бөлімшелер басшыларымен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметімен, пайдалану жөніндегі инспекциямен, өнеркәсіптік қауіпсіздік нысандарын қадағалау жөніндегі инспекциямен, сондай-ақ, мемлекеттік еңбек, мемлекеттік қадағалау және бақылау инспекторларымен өзара қызмет етеді.

Еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлардың негізгі функциялары:

— жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;

— ұжымдық шарттың «Еңбекті қорғау» бөліміне, сонымен бірге кешенді мақсатты бағдарламалар мен еңбекті қорғауды жетілдіру бойынша бірінші кезектегі шаралар жоспарына ұсыныстар әзірлеу мен енгізуге қатысу;

— жұмыс орындарында еңбекті қорғау талаптарының сақталуына бақылау жасау;

— еңбекті қорғау саласы бойынша Еңбек кодексін қолданумен байланысты еңбек дауларын қарау кезінде мемлекеттік қоғамдық ұйымдарда, түрлі соттарда кәсіподақ мүшелерінің мүддесін қорғау.





COVID-19

2021 жылы «ОАЭК» АҚ және оның ЕҰ басшылары қызметкерлер қауіпсіздігі үшін және халықтың жылу және электр энергиясымен үздіксіз қамту үшін қажетті барлық шараларды қабылдады. Инфекцияның алдын алу және оның таралуын болдырмау мақсатында түрлі шаралар қолға алынды. Пандемия кезінде негізгі міндет екпе алу арқылы жалпыға ортақ иммунитетті қалыптастыру болды.

Екпе алған қызметкерлер саны 8271 адамды құрап, ол жалпы қызметкерлер санының 90%-ы болды. Өзге жұмысшылардың тұрақты және уақытша медициналық қарсы көрсетілімдері болды немесе соңғы үш ай ішінде COVID-19-бен ауырған.

#Факт

Екпені алғашқылардың бірі болып көп адам тобымен тікелей жұмыс істейтін энергия өткізуші компаниялардың қызметкерлері (операторлар, контролерлер) алды. Вакцинациямен «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Павлодар-энергосбыт» ЖШС және «Севказэнергосбыт» ЖШС қызметкерлерінің 95 %-ға жуығы қамтылды.

«ОАЭК» АҚ басқарушы компаниясында екпе алған қызметкерлер үлесі 93 %.

«ОАЭК» АҚ ЕҰ бөлінісі бойынша екпе алған қызметкерлер үлесі келесідей:

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ - 85 %;

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ - 95 %;

«АЭҮК» АҚ - 90 %.

«ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында вакцинация бойынша жоғары көрсеткіштерге келесі шаралар есебінен қол жеткізілді:

қызметкерлер және қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі мамандар тарапынан қызметкерлерге тұрақты түсіндірме жұмыстарын жүргізу;

вакцинацияны кәсіпорынның медпункттерінде ұйымдастыру;

екпе алған жұмысшыларға қосымша демалыс күндерін беру;

әлеуметтік желі, салалық газеттер, видеороликтер арқылы екпе алу туралы түсіндіру;

цехтерде және ақпараттық стендтерде екпе алудың пайдасы туралы плакаттар орналастыру.

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Есептік жылда Корпорацияның ЕҰ кәсіпорындарында 5 қайғылы оқиға болды. Олардың 1-уі жеңіл, 4-уі ауыр аяқталды. Жыл сайын өндірістік жарақаттану бойынша терең талдау жасалады. Ол келесілерді қамтиды: «ОАЭК» АҚ және ЕҰ бойынша жарақат саны және оның ауырлық деңгейі туралы статистика; қайғылы оқиғалар жиілігі коэффициенті бойынша мәліметтер; жарақаттану көрсеткіштері динамикасы; қайғылы оқиғалар санын тәулік ішіндегі орын алған уақыты бойынша бөлу диаграммасы; жарақат алушының жұмыс өтілі бойынша қайғылы оқиғалар санын бөлу диаграммасы; қайғылы оқиға себептері; қайғылы жағдайға әкелген оқиғалар түрлері бойынша классификатор; жарақаттану деңгейін балама қызмет саласындағы өзге компаниялармен салыстыру және басқалар. Корпорация өндірістік жарақат санын азайтуға ұмтылып, жұмыс орындарындағы қауіпсіздік мәселесіне, сондай-ақ, қайғылы оқиғалар себептерін жоюға көңіл бөледі.

2021 жылғы оқиғалар түрлері бойынша қайғылы оқиғалардың классификациясы:

жарақат алушының биіктен құлауы – 2 оқиға;

жарақат алушының құлауы – 2 оқиға;

электр тогымен жарақаттану – 1 оқиға.

Қайғылы оқиғалардың себептері:

ғимараттар мен құрылыстардың қанағаттанарлықсыз жағдайы;

жарақат алушының өрескел қателігі.

Әрбір қайғылы оқиға бойынша келесі шаралар кешені өткізілді:

түпкілікті және жүйелік себептерін айқындау және мұндай оқиғалардың қайталануын болдырмау мақсатында түбегейлі зерттеу;

қызметкерлерді оқиғаның жағдаяттары мен себептерімен таныстыру;

оқиғаның себептерін жою;

қызметкерлерге инструктаж өткізу және басқалар.




Корпорациядағы өндірістік жарақаттанудың деңгейі мен коэффициенті төмендегі кесте мен диаграммаларда берілген.

Өндірістік жарақаттану деңгейі

	2019	2020	2021
Қызметкерлер саны	10 553	10 441	9 536
Жарақаттану оқиғаларының саны	9	7	5
Жарақаттанғандар саны / олардың ішінде әйелдер	9/0	7/0	5/0
Өліммен аяқталған жағдайлар саны	1	1	0

Өндірістегі барлық жарақаттану жағдайларының (TIFR) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті



TIFR есептеу формуласы


1000 адамға шаққандағы өндірістегі барлық қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (TIFR) келесі формуламен есептелген:

$$K_{ж} = \frac{n \times 1000}{N}, \text{ мұнда}$$

n – есептік кезеңде өндірісте қайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің жалпы саны;

N – жұмысшылардың орташа саны.

Өліммен аяқталған жарақаттану жағдайларының (FIFR) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті



TIFR есептеу формуласы

1000 жұмысшыға шаққандағы өліммен аяқталған қайғылы оқиғалардың жиілік коэффициенті (FIFR) келесі формуламен есептелді:

$$K_{ж1} = \frac{n_1 \times 1000}{N}, \text{ мұнда}$$

n₁ – есептік кезеңде өндірісте қайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің жалпы саны;

N – жұмысшылардың орташа саны.



Корпорацияда қолданылатын қайғылы оқиғаларды тіркеу, есеп беру және хабарлау жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасы және Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) талаптарына сәйкес келеді.

Корпорация және ЕҰ-да өндірістік жарақатқа мониторинг жасау және оның алдын алу, қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарының бұзылуын есепке алу мақсатында келесі шаралар атқарылады:

— ірі жарақат пен шығынның бастауы болып табылатын микро жарақаттар, инциденттер және қауіпті оқиғаларды зерттеу;

— қайғылы оқиғалар нәтижесі бойынша ақпараттық бюллетеньдер дайындау және болашақта мұндай жағдайлардың қайталануын болдырмау үшін Корпорация ЕҰ-ның барлық кәсіпорындарының қызметкерін ақпараттандыру;

— қызметкерлерді ҚжЕК және электр қауіпсіздік тақырыбында оқыту, білімін тексеру;

— ҚжЕК бойынша ішкі нормативтік құжаттарды енгізу;

— ҚжЕК жағдайын жоспарлы және жоспардан тыс тексеру;

— ҚжЕК күндерін өткізу;

— ҚжЕК бойынша жиналыстар өткізу;

— жұмыс орындарын ҚжЕК талаптарына сәйкес келтіру;

— жұмыс орындарын ақпараттық плакаттар мен қауіпсіздік белгілерімен жабдықтау;

— кәсіби жарыстар өткізу;

— наряд-допуск шараларын өткізу.

Қазақстан Республикасының «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қайғылы оқиғалардан сақтандыру туралы» заңнамасының талаптарына сәйкес, Корпорация кәсіпорындарының барлық қызметкерлері қайғылы оқиғалардан сақтандырылған

#Факт

Корпорацияның кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары тәуекелімен байланысты қызметкерлері

Энергетикалық қондырғыларға қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары жоғары тәуекелдерге ие. Электр құрылғыларымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қызметкерлер оқытылып, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар атқарылады, олардың орындалуы бақыланады. Қызметкерлер жеке қорғаныс заттарымен, электрден қорғайтын заттармен және басқалармен қамтамасыз етіледі.

Соңғы жылдары электр құрылғыларымен жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бірқатар қосымша шаралар атқарылды:

— электр доғасынан қорғану үшін «ОАЭК» АҚ ЕҰ электротехникалық қызметкерлері арнайы киім мен жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз етілді;

— Корпорация ЕҰ-нда оперативті қосылу, жұмыс орындарын дайындау, жұмыс орындарында жерлендіруді орнату және алу жұмыстарына қатысатын өндірістік қызметкерлердің еңбек тәртібі мен жауапкершілігін арттыру үшін мобильді бейнерегистраторлар қолданылады;

— электр қондырғыларына және 6-10 кВ әуе желілеріне қызмет көрсететін жұмысшылардың электро тоғымен жарақаттануының алдын алу мақсатында



ЭТК қызметкерлері қауіпті қысымның бар-жоғын қашықтан бақылауға арналған каскалық қысым сигнализаторларымен жабдықталған.

Атқарылған жұмыстарға қарамастан 2021 жылы электр тоғымен жарақаттану/электр құрылғыларымен жұмыс кезінде электр доғасының пайда болуынан күйік шалудың 1 оқиғасы тіркелді.

Электр жарақатының барлық оқиғалары зерттеліп, алдын алу шаралары қабылданды.

Мердігер ұйымдар

Корпорацияның өндірістік нысандарында әрекет ететін мердігер ұйымдардың қызметі бақыланады: еншілес ұйымдар мердігер ұйымдарға тексерулер жүргізеді, мердігер қызметкерлеріне инструктаж өткізіп, олармен жиналыстар ұйымдастырады. Қауіпсіздік, еңбекті қорғау

және экология саласында мердігер ұйымдармен өзара қызмет «ОАЭК» АҚ ЕҰ мердігер ұйымдарымен ЕҰ аумағында жұмыс атқару не қызмет көрсету кезінде, сондай-ақ, тауарлар мен материалдарды жеткізу кезінде қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология саласындағы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Жарақаттанудың алдын алу және мердігер жол берген қайғылы оқиғаларға жедел әрекет ету үшін «ОАЭК» АҚ ЕҰ-ндағыдай жұмыстар жүргізіледі. Шартты аумақта орын алған мердігермен болған кез келген қайғылы жағдай бірінші кезекте тапсырыс беруші компанияның имиджіне әсер етеді. Жарақаттанудың алдын алу және мердігер жол берген қайғылы оқиғаға жедел әрекет ету үшін «ОАЭК» АҚ ЕҰ-ның өндірістік бөлімшелерінде іске асырылатын шаралар қолданылады.

2021 жылы мердігерлер 2 қайғылы оқиғаға жол берді. Олардың 1-і жеңіл, 1-і ауыр сипаттағы оқиғалар.





2022 жылға жоспарлар:

2022 жылы ҚЖЕҚ саласындағы келесідей үздік тәжірибелерді енгізу жұмыстары жалғасады:

- 1) ҚЖЕҚ бойынша «Жұмыс қауіпсіздігін талдау немесе ЖҚТ» процедурасын енгізу. Процедурада жұмысты бастау алдындағы тәуекелдерді бағалау, жұмысты орындау алдындағы қызметкерлерге инструктаж жасау процестері толық сипатталады;
- 2) бүкіләлемдік еңбекті қорғау күніне арналған шараларды өткізу;
- 3) «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «АЭҮК» АҚ кәсіпорындарында өзара аудиттерді өткізу;
- 4) Компанияның ішкі нормативтік құжаттары шеңберінде
 - жұмыс орындарын паспорттау бойынша жұмыс топтарының қызметін ұйымдастыру әдістемесі («Жылдам жеңістер»);
 - қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша сигналды парақ туралы ереже;
 - альбом – энергетикадағы қосымша қауіпсіздік белгілері және оларға қойылатын талаптар;
 - «Өндірістік алаңдар мен нысандарда транспорт пен жаяу жүргіншілердің өзара әрекет кезіндегі қауіпсіздік талаптары» стандарты;
 - «Биіктікте жұмыс істеу» стандарты;
 - «Тұйық кеңістіктерде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары» бойынша басқарушылық нұсқаулар;
 - «Энергия көздерін оқшаулау» стандарты;
 - мобильді видеорегистраторларды қолдану тәртібі мен бақылау бойынша нұсқаулық.

Сонымен қатар, 2022 жылға келесі шаралар жоспарланған:

- 1) электр желілік компаниялардың бөлімшелері арасында кәсіби шеберлік бойынша жарыстар өткізу;
- 2) «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-нда жол белгілерін сатып алу және орнату, жаяу жүргінші жолақтарын жоспарлау;
- 3) «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС-нда ауысым бастшылары тарапынан сапалы интруктаж жүргізуді бақылау үшін бейнерегистраторларды сатып алу;
- 4) «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС жұмысшылары үшін санитарлық нормаларды жақсарту, КВТК (Б-В қатар, ось 1-29, отм. +39,0м) су жылыту корпус ғимаратының шатырын қайта құруды жалғастыру;
- 5) «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО оқу класын ҚЖЕҚ бойынша қажетті қондырғылармен және агитациялық материалдармен толық жабдықтау;
- 6) ЦТП – 15 ғимаратын күрделі жөндеу, АБК-да пластик терезелер орнату, өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келуі үшін «Павлодар жылу желілері» ЖШС Оңтүстік желілік ауданының коридорының еденін ауыстыру;
- 7) «Павлодар жылу желілері» ЖШС Солтүстік желілік ауданының жерүсті павильондарында қызмет көрсету алаңдарын жөндеу.



ТҰТЫНУШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

Корпорация өз тұтынушыларының қауіпсіздігі мен денсаулығына қамқорлықпен қарайды. Бұл мақсатта жоспарлы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, қондырғыларды тексеру шаралары жүргізіледі. Корпорацияның еншілес ұйымдары жетекші технологияларды енгізіп, қауіпсіз жұмыс өндірісі бойынша шараларды жүзеге асырады.

Ақпараттық-түсіндірме жұмыстары

Корпорацияның электр желілік кәсіпорнының әрбір аудандық бөлімшелерінің басшылығы қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі мамандарымен бірге тұрғындарға қолданыстағы электр құрылғылары мен электр беру желілері жанында қауіпсіздік талаптарын сақтау тақырыбында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Жыл сайын компания қызмет ететін өңірлердегі оқу орындарында электр қауіпсіздігі бойынша сыныптан тыс сағаттар өткізіледі. Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола облыстары әкімдіктерінің білім басқармаларына, Петропавл және Павлодар қалаларының білім бөлімдеріне, аудандық білім беру бөлімдерінің басшыларына негізгі электр қауіпсіздігі ережелері жазылған жадынамалар әрі қарай тарату мақсатында жолданады. Бұл шаралар үшінші тұлғалар, нақты айтқанда мектеп жасындағы балалар мен колледж студенттері арасында жарақаттанудың алдын алу мақсатында жасалады.

Еншілес ұйымдар пайдаланатын барлық электр құрылғыларындағы қауіп туралы тұрғындар мен қызметкерлерге ескерту үшін қауіпсіздік белгілері мен жазбалары орналастырылған, қондырғылар рұқсат етілмеген енуден қорғалған, олар тиісті қоршаулар, құлыптар, бекітулермен қамтылған.

Облыстық және аудандық БАҚ-та жарақаттану профилактикасына, оның ішінде балалардың жарақаттануына және тұрғындардың денсаулығын қорғауға арналған мақалалар жарияланып тұрады.

Өткізу ұйымдарында тұтынушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын қорғау

Тұтынушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және денсаулығын қорғау мақсатында «ОАЭК» АҚ ЕҰ энергия өткізуші кәсіпорындарының сервис орталықтары келесілермен жабдықталған/ қамтамасыз етілген:

- тұтынушылардың құлауының алдын алу үшін кіреберістердегі сырғанамайтын кілемшелермен;
- пандустармен немесе физикалық мүмкіндігі шектелген тұтынушыларға көмек үшін қызметкерді шақыру батырмасымен;
- видеобақылау жүйесімен;
- қажетті медикаменттері бар медициналық қобдишамен;
- ауа кондиционерлеу жүйесімен;
- өрт-дабыл жүйесімен, өрт сөндірудің алғашқы құралдарымен және қауіпсіз эвакуациялық жолдарымен.



ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ



Қызмет ету аймағында Корпорация энергия және жерасты отын түрлерін өндіру саласына тән қоршаған ортаға теріс ықпалды үздіксіз төмендетуге ұмтылады.

Бұл үшін Корпорация өзінің өндірістік активтерін жаңғырту бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп, өзінің еншілес компанияларында экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты даму деңгейін арттырады.

«Инвестицияға тариф айырбас» мемлекеттік бағдарламасы қолданыста болған кезеңде (2009-2015 жж) Корпорация негізгі өндірістік жабдықтар мен табиғат қорғау бағытындағы қорларды жаңғыртуға қоса инвестиция тартты. Корпорацияның барлық қазандық агрегаттарында күл аулау, тазалау құрылғылары жаңғыртылып, азот оксидінің эмиссиясын төмендету тәсілдері енгізілді. Қалдықтарды көмуге арналған полигондардың жаңа секцияларын салу кезінде экожүйенің құрамдас бөліктерінің ластануының алдын алатын әлемдік технологиялар мен материалдар қолданылады.

Есептік жылда Корпорация өзінің екі ірі станциясында үздік қолжетімді технологияларды енгізу бойынша алдын ала техникалық экономикалық негіздеменің жобасын әзірледі. Бұл жобада атмосфералық ауаға таралатын эмиссияларды қысқарту бойынша ең үздік қолжетімді технологиялар қарастырылған.

Экологиялық менеджмент жүйесі

Сертификаттау кәсіпорындарға өндірістік қызметті жүргізумен байланысты қауіптерге душар болатын қоршаған орта, қызметкерлер және өзге де мүдделі тараптар үшін тәуекелдерді төмендету процесін жетілдіруге көмек беріп, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы міндеттерді тиімді орындауға мүмкіндік береді.

Экологиялық менеджмент жүйесінен бөлек, Корпорацияда сапа менеджменті жүйесі (ISO 9001), денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі (ISO 45001) және энергетикалық менеджмент жүйесі (ISO/CD 50001) әрекет етеді.




Факт

Корпорацияның барлық өндірістік нысандарында **сегіз жылдан** астам уақыттан бері ISO сериясының халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген экологиялық менеджмент жүйесі әрекет етеді

саерсо_21

#ТДМ #серіктестік #жауапты_тұтыну



2021 жылы TÜV Rheinland Gert GmbH компаниясы Корпорацияның еншілес ұйымдарының сапа менеджменті жүйесі (ISO 9001), денсаулық қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі (ISO 45001) және энергетикалық менеджмент жүйесі (ISO/CD 50001) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігіне қадағалау және сертификаттау аудитін жүргізді. Нәтижесінде менеджменттің біріккен жүйесінің сертификат алынып, оның жұмыс қабілеті, нәтижелілігі мен жақсаруға бейімділігі расталды.

«ОАЭК» АҚ міндеттемелері:

1) «ОАЭК» АҚ мен ЕҚДБ арасындағы шарттық міндеттемелерге сәйкес, жыл сайын Холдинг пен оның еншілес ұйымдары Табиғат қорғау және әлеуметтік шаралар жоспарын әзірлеп, орындайды. Бұл қарыз туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. ҚЕҚЭД жыл сайын Жоспардың орындалуы туралы ESAP есебін әзірлеп, ол Компания сайтында жарияланады;

2) ҚжЕК және ҚОҚ саласындағы мердігер ұйымдармен өзара қызмет ережелерінде жазылған «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының мердігер ұйымдарына қойылатын талаптар. Егер компанияда менеджмент жүйесі болмаса, Холдинг компания нысандарында жұмыс атқаруға қатысатын мердігерлерден аталған жүйелерді талап етуге құқылы емес;

3) «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының мамандарын жүйелер бойынша оқыту, жүйелерді енгізу және қолдауға жұмсаған компанияның уақыты мен қаражаты;

4) Қазақстан энергетика саласында басқарушы компания мен өндірістік бөлімдерді қоса алғанда барлық компаниялардың 95 %-ы менеджмент жүйелерінің халықаралық стандарттарына сәйкестік сертификаттарына ие.

«ОАЭК» АҚ МБЖ сертификаттары бойынша ақпарат

№ р/с	Стандарт	Сертификаттың тіркеу №	Әрекет ету мерзімі	2022 жылғы аудит түрі	Аудит жүргізудің шекті мерзімі
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ (2-ЖЭО және 3-ЖЭО)					
1	ISO 14001:2015	01 104 1321810	20.12.2021 – 19.12.2024	1 қадағалау	Қыркүйек-қазан
2	ISO 9001:2015	01 100 1321810	20.12.2021 – 19.12.2024	1 қадағалау	Қыркүйек-қазан
3	ISO 45001:2018	01 213 1321810	26.01.2021 – 25.01.2024	2 қадағалау	Қыркүйек-қазан
4	ISO 50001:2018	01 407 1321810	20.12.2021 – 19.12.2024	1 қадағалау	Қыркүйек-қазан
«ЕКІБАСТҰЗЖЫЛУЭНЕРГО» ЖШС					
5	ISO 14001:2015	01 104 1819006	20.01.2020 – 19.01.2023	Қайта сертификаттау	Тамыз-қыркүйек
6	ISO 9001:2015	01 100 1819006	20.01.2020 – 19.01.2023	Қайта сертификаттау	Тамыз-қыркүйек
7	ISO 45001:2018	01 213 1819006	20.01.2020 – 19.01.2023	Қайта сертификаттау	Тамыз-қыркүйек
8	ISO 50001:2018	01 407 1819006	20.01.2020 – 19.01.2023	Қайта сертификаттау	Тамыз-қыркүйек
«ПЭТК» АҚ					
9	ISO 14001:2015	01 104 1319426	21.06.2021 – 20.06.2024	1 қадағалау	Сәуір-мамыр
10	ISO 9001:2015	01 100 1319426	21.06.2021 – 20.06.2024	1 қадағалау	Сәуір-мамыр
11	ISO 45001:2018	01 213 1319426	21.06.2021 – 20.06.2024	1 қадағалау	Сәуір-мамыр
12	ISO 50001:2018	01 407 1319426	21.06.2019 – 20.06.2022	Қайта сертификаттау	Сәуір-мамыр
«Павлодар жылу желілері» ЖШС					
13	ISO 14001:2015	01 104 2143050	18.02.2021 – 17.02.2024	1 қадағалау	Ақпан-наурыз
14	ISO 9001:2015	01 100 2143050	18.02.2021 г. до 17.02.2024	1 қадағалау	Ақпан-наурыз
15	ISO 45001:2018	01 213 2143050	18.02.2021 г. до 17.02.2024	1 қадағалау	Ақпан-наурыз
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ					
16	ISO 14001:2015	01 104 2026502	10.09.2020 – 09.09.2023	2 қадағалау	Сәуір-мамыр
17	ISO 9001:2015	01 100 2026502	10.09.2020 – 09.09.2023	2 қадағалау	Сәуір-мамыр
18	ISO 45001:2018	01 213 2026502	07.10.2020 – 06.10.2023	2 қадағалау	Сәуір-мамыр
«СҚ ЭТК» АҚ					
19	ISO 14001:2015	01 104 1518811	28.06.2021 – 27.06.2024	1 қадағалау	Мамыр-маусым
20	ISO 9001:2015	01 100 1518811	28.06.2021 – 27.06.2024	1 қадағалау	Мамыр-маусым
21	ISO 45001:2018	01 213 1518811	28.06.2021 – 27.06.2024	1 қадағалау	Мамыр-маусым
«Петропавл жылу желілері» ЖШС					
22	ISO 14001:2015	01 104 2026503	07.07.2021 – 06.07.2024	1 қадағалау	Сәуір-мамыр
23	ISO 9001:2015	01 100 2026503	02.12.2020 – 01.12.2023	2 қадағалау	Сәуір-мамыр
24	ISO 45001:2018	01 104 2026503	07.07.2021 – 06.07.2024	1 қадағалау	Сәуір-мамыр
«АЭҮК» АҚ					
25	ISO 14001:2015	01 104 1819000	19.08.2021 – 18.08.2024	1 қадағалау	Маусым-шілде
26	ISO 9001:2015	01 100 1819000	19.08.2021 – 18.08.2024	1 қадағалау	Маусым-шілде
27	ISO 45001:2018	01 213 1819000	19.08.2021 – 18.08.2024	1 қадағалау	Маусым-шілде

Экологиялық саясат

Қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз етудің негізгі міндеттемелері мен қағидалары Корпорацияның экологиялық кодексінде жазылған. Құжат Корпорацияның қызмет ету өңірлерінде қоршаған орта саласындағы мақсаттары мен міндеттерін қамтиды және өзінің барлық қызметкерлерінің тұрақты экологиялық білім лу маңызын айшықтайды.



«ОАЭК» АҚ Экологиялық саясатының толық мәтінімен www.caerco.kz сайтында танысуға болады

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметке Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаменті жалпы басшылық жасайды. Департамент Корпорацияның қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмысын үйлестіреді, бұл жұмыстың тиімділігіне талдау жасайды, жоғары басшылық пен акционерлер үшін есептер әзірлейді. Еншілес ұйымдар деңгейінде Экологиялық саясатты жүзеге асыруды, өндірістік процестердің қоршаған ортаны қорғау талаптары мен корпоративтік стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ететін бөлімшелер құрылған.

Корпорация ішінде жылына екі рет еншілес компаниялардың бірінде қоршаған ортаны қорғау бойынша өзара аудиттер өткізіліп тұрады. Олардың аясында барлық кәсіпорындардың эколог мамандары қоршаған ортаны қорғауды тиімді басқару және экологиялық менеджмент бойынша тәжірибемен алмасып, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай тәсілдерді әзірлейді.

Корпорацияның экологиялық саясатының негізгі қағидалары:

қолайлы қоршаған ортаға адамның конституциялық құқығы, мақұлдау



экологиялық теріс ықпалды жоюдан алдын алу шараларын қабылдаудың үстем болуы



электр және жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және тұтыну кезеңдерінде табиғи және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану және энергоүнемдеу



үздік қолжетімді технологияларды енгізу және энерго-тиімділікті арттыру есебінен қоршаған ортаға ықпалды азайту



Факт

2021 жылы өзара аудит мамыр және қыркүйекте «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ базасында өткізілді

саерсо_21
#экологиялық_саясат

Корпорация жеткізушілермен және мердігерлермен жұмыс кезінде экологиялық қауіпсіздікті басқарады. Өнімдер мен қызметтерді сатып алуға қойылатын талаптар «ҚЖЕҚ және ҚОҚ саласындағы мердігер ұйымдармен өзара қызмет ережелері» корпоративтік құжатында және Корпорацияның типтік шартында айқындалған. Бұл талаптарды сақтау контрагенттер үшін міндетті.

Корпорация ақпараттандыру және ішкі табиғат қорғау талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету үшін мердігер ұйымдармен тұрақты түрде қызмет етеді және бұл жұмысты жеткізушіні таңдау мен келісімшарт жасасу кезеңінде бастайды.

ҚЕҚЭБ еншілес ұйымдардың жауапты қызметтерімен бірге мердігерлердің қызметін жұмыс орындарында тексеру жүргізу жолымен бақылайды. Тексерулердің нәтижесінде мердігерлердің қызметі мен олардың ҚОҚ саласындағы корпоративтік стандарттардың бәрін сақтауына баға беріліп, есеп жасалады.

Корпорациядағы «Жасыл кеңсе» Қағидалары

«Жасыл кеңсенің» мақсаты — кәсіпорын қызметінің қоршаған ортаға теріс ықпалын азайту және ресурстарды тиімді қолдануға үлес қосу.

Корпорация 2018 жылдан бері өз қызметін «жасыл кеңсе» ұсыныстарына сәйкес бастады. Бүгінге дейін келесі шаралар енгізілді:

- макулатураны бөліп жинау (қағаз және картон қалдықтары);
- қызметкерлердің компьютерлеріне жұмыс күні соңында компьютер мен электр құрылғыларын электр желісінен ажыратуға шақыратын хабарламалар жапсыру;
- «Жасыл кеңсе» концепциясы бойынша видеороликтер мен презентациялар тарату жолымен қызметкерлердің білімі мен ақпарат алу мүмкіндігін арттыру.



«Жасыл кеңсе» аясында 2021 жыл қорытындысы бойынша Корпорация кеңсесінде (қағаз бен картонды қоса алғанда) шамамен 300 кг макулатура жиналды. Макулатураны пайдалану ағашты айтарлықтай үнемдеп (1 тонна макулатура 4 текше метр ағашты алмастырады немесе 100 кг макулатура 1 ағашты сақтап қалады), орманды отау мөлшерін азайтады.

#Нәтижелер

«ТЕЗИС» электронды құжат айналымы жүйесін енгізу қағаз құжаттар саны қысқартып, кеңсе қағазын үнемдеуге мүмкіндік берді.

Корпорацияның еншілес ұйымдарында да қалдықты бөліп жинау жолға қойылған. Кіріспе инструктаждар мен келушілерге арналған жадынамаларда су ресурстарын, энергияны тиімді пайдалану және қалдықтарды бөліп жинау бойынша «жасыл кеңсе» ұсыныстары көрініс тапқан.

Табиғат қорғау шаралары

ҚОҚ саласындағы қызмет тиімділігін арттыру үшін Корпорация өз қызметінің қоршаған ортаға ықпалын төмендетуге және өз кәсіпорындарының экологиялық тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шараларды жоспарлап, жүзеге асырады.

9 340,916 млн теңге 2021 жылғы табиғат қорғау шараларын жүзеге асыру шығындары

#Факт

Корпорация қызмет ету өңірлерінде қоршаған ортаға бөлінген эмиссия үшін 1,2 млрд теңге салық төлемдерін аударды

#Факт

Мұндай шаралар тізіміне энергияны өндіру, тасымалдау және тарату кезінде қолданылатын негізгі және көмекші технологиялық қондырғыларды қайта құру және күрделі жөндеу, өндіріс қалдықтарын жою, өндірістік экологиялық бақылау жатады.

Құрылыс және қайта құру бойынша барлық жаңа жобаларға «Қоршаған ортаға ықпалды бағалау» (ҚОЫБ) жобасы әзірленіп, оның материалдары қоғамдық тыңдау түрінде жергілікті қоғамдастық пен мүдделі тараптардың назарына ұсынылады. Қазақстан Республикасының экологиялық стандарттарына сәйкестікті растау үшін барлық жобалар ҚОҚ саласындағы аумақтық қадағалау органдарында мемлекеттік экологиялық сараптаудан өтеді.

Табиғат қорғау шаралары шығындары*, млн теңге

№ р/с	Шығындар атауы	Шығындар сомасы, млн теңге		
		2019 ж	2020 ж	2021 ж
	«ОАЭК» АҚ	5 259,676	5 530,789	9 340,916
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ				
1	Қоршаған ортаға теріс ықпал ететін қондырғыларды жаңартуға инвестициялық шығындар	2 613,091	3 600,752	6 940,504
2	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	431,929	20,906	60,070
3	Ағымдағы шығындар	196,625	317,942	285,977
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ				
1	Қоршаған ортаға теріс ықпал ететін қондырғыларды жаңартуға инвестициялық шығындар	981,923	1 217,167	1 164,349
2	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	266,600	306,824	257,756
3	Ағымдағы шығындар	228,987	55,983	70,070
«АЭҮК» АҚ				
1	Қоршаған ортаға теріс ықпал ететін қондырғыларды жаңартуға инвестициялық шығындар	518,343	0	553,171
2	Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	–	–	–
3	Ағымдағы шығындар	22,178	11,215	9,018

*Атқарылған табиғат қорғау шаралары туралы толығырақ ақпарат келесі бөлімдерде берілген.

Қолданылатын материалдар

Корпорация өндіретін өнім – жылу және электр энергиясы. Бұл саланы реттеуді Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу комитеті жүзеге асырады.

Өндірілетін өнім түрлеріне экологиялық маркалау және қораптау талаптары қолданылмайды.

Электр және жылу энергиясы жаңартылмайтын отын түрлері (Екібастұз көмірі және М100 маркалы мазут) қолданылып өндірілді.

Шығындалған материалдан	Өлшем бірлігі	мәні		
		2019 ж	2020 ж	2021 ж
Көмір, барлығы	тонна	6 521 840	6 729 367	6 029 199
Оның ішінде электр энергиясын өндіруге	тонна	4 312 158	4 556 271	3 738 789
Жылу энергиясын өндіруге	тонна	2 209 682	2 173 096	2 290 410
Мазут, барлығы	тонна	9 257	9 961	10 496
Оның ішінде электр энергиясын өндіруге	тонна	5 515	6 342	6 124
Жылу энергиясын өндіруге	тонна	3 742	3 619	4 372



КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

Климаттың өзгеруі әсіресе соңғы кезде бүкіл әлем үшін өте өзекті тақырып. Климаттың өзгеруінің теріс тенденциялары Қазақстанда да көрініс тауып отыр. Су ресурстарының дефициті, биоәртүрліліктің жойылуы және табиғи апаттар ауыр экономикалық салдарларға, егіннің болмауы мен аштыққа әкелуі мүмкін.



Факт

Корпорация климаттың өзгеруі мен оның салдарларымен күрес бойынша жедел шаралар қабылдауға үндейтін **№13 БҰҰ тұрақты даму мақсатын және Париж климаттық келісімін қолдайды**

саерсо_21

#ТДМ #климаттың_өзгеруі




Корпорацияда парниктік газдар қызмет ету аймақтарын-да тіршілікті қамтамасыз ету мақсатында энергия алу үшін көмір отынын жағу кезінде бөлінеді. Парник газдары шығарылымдарын мониторингілеу бойынша қызмет тұрақты түрде жүргізіледі, жанама шығарылымдарды (SCOPE2) ішінара бағалауды қоса алғанда тікелейшығарылымдар (SCOPE1) көлемін сандық бағалау жүргізіледі. Тікелей шығындарды есептеуде кәсіпорынның өзіндік энергетикалық қажеттіліктері де ескеріледі.

Парник газдарын мониторингілеу үшін қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес, отындағы көміртек құрамын лабораториялық анықтауға негізделген есептік тәсіл қолданылады. Парник газдары шығарылымдарын есептеумен Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаменті айналысады.


Корпорацияның 2021 жылғы парник газдары шығарылымдарының көлемі **9 056,166 мың тонна CO₂** болды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда **10,5 % аз**

#Нәтижелер

CO₂ в 2018-2021жж. CO₂ тікелей шығарылымдары, млн тонна



2018-2021 жж. CO₂ шығарылымдарының интенсивтілігі, тонна/МВт·с



2021 жылы парник газдары шығарылымдарының азаюы өнім өндіру көлемінің төмендеуі себепті отын (көмір және мазут) жағу мөлшерінің азаюымен байланысты.

2021 жылы парник газдары шығарылымдарына бөлінген квотаның жалпы лимиті 10 140,6 мың тонна көмір қышқыл газын (CO₂) құрады.

Есептік кезеңде Корпорация базалық линиямен салыстырғанда өндірістің төмендеуінен лимиттің бір бөлігін алу себепті парник газдарының дефицитін күтіп отыр.

2018-2020 жылдары парник газдары шығарылымдарына квота бөлудің Ұлттық жоспары қызметінің қорытындылары бойынша Корпорация жалпы 2021 жылы **616,032 млн теңге жалпы сомаға CO₂ шығарылымдарына қосымша квота сатып алуды жүзеге асырды**

#Шаралар

Корпорацияның климаттың өзгеруімен күрес аясындағы стратегиялық мақсаттарына келесілер жатады: энергияның жаңартылатын көздерін дамыту, энергия менеджменті жүйесін енгізу, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру бойынша бағдарламалар әзірлеу.

ЖЭК жобаларын жүзеге асыру желден электр энергиясын алу және оны Қазақстан Республикасының ұлттық электр желісіне жеткізу жолымен парник газдары шығарылымдарын азайтуды қамтамасыз етеді. Өндірілген электр энергиясының көлемдері көмір жағу арқылы өндірілетін электр энергиясының орнын ауыстырады. Сол арқылы электр энергетикасы саласындағы парник газдарын бөлу үлесін азайтады.

2020 жылдан бастап Корпорация құрылымында «Астана EXPO-2017» («ЦАТЭК Green Energy» ЖШС) бар. ЖЭС өндірісі 2021 жылы 130,245 мың тонна шартты отынды үнемдеп, электр энергетикасы саласындағы парник газдарының жалпы шығарылымын 330,0 мың тонна/жылға қысқартуға мүмкіндік берді.

Атмосфераға шығарылымдар

Атмосфераға бөлінетін ластаушы заттардың шығарылымдарын азайту Корпорацияның табиғат қорғау қызметінің маңызды аспекті болып табылады. Шығарылымдардың азаюына энергетикалық және экологиялық тиімділігі төмен тозған өндіріс нысандарын қоршаған ортаны қорғау саласындағы заманауи талаптарға сай келетін жаңа қуатты нысандармен ауыстыру үлкен ықпал етеді.

Есептік жылда өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады (2,6 %), соның нәтижесінде жанған отын көлемі 10,4 %-ға артты, ластаушы заттарды жалпы шығарылымы 19,9 %-ға азайды. Олардың ішінде күкірт оксиді (SO_x) 16,0 %-ға азайса, қатты бөлшектер шығарылымдары (көмір күлі) 17,0 %-ға төмендеді, азот оксиді (NO_x) 16,0 %-ға азайды. Сәйкесінше, ластаушы заттар бойынша бөлшек шығарылымдар 13-15 %-ға азайды.

2018-2021 жж. Атмосфераға бөлінетін ластаушы заттардың бөлшек шығарылымдары., кг/мың кВт·с



2018-2021 жж. Атмосфераға бөлінетін ластаушы заттардың жалпы шығарылымдары, мың тонна



2021 жылы атмосфералық ауаға бөлінетін эмиссияларды төмендетуге бағытталған ең маңызды табиғат қорғау шаралары:

— қазандықтарды күрделі жөндеу кезінде батареялық эмульгаторлар мен күл аулаушы құрылғыларды, аспирациялық құрылғыларды жөндеу;

— пайдалы әсер коэффициенті 99,6 % болатын құйындатқыштың үшінші деңгейлі блоктарды орната отырып, II буынды батареялық эмульгаторларды жаңғырту.

— жаңғырту құйындатқыштың қолданыстағы блок ұяшықтарына биіктігі бойынша екінші орын алатын күректік аппараттардың белдігін орнатуға негізделеді. Яғни, бір құйындатқыш шеңберінде түтін газдарын екі рет тазалау жүзеге асырылады.

Бағдарлама аясында энергия үнемдеу шаралары жоспарланып отыр. Оның мақсаты өндіріс процесінің энерготиімділігін арттырумен қатар, ластаушы заттар мен парник газдар шығарылымдарын азайту болып табылады.

Парник газдары шығарылымдарын төмендетудің ұйымдастырушылық құралдарының бірін – өндіріс үлесін жаңа энергоблоктармен арттырумен және кәсіпорындарда ISO 50001 энергетикалық менеджмент жүйесі стандартын енгізумен байланысты отынды пайдаланудың жалпы тиімділігін арттыру мен Энергоүнемдеу бағдарламасы болды

#Факт

Энергия үнемдеу

Корпорацияның энергия үнемдеу және энерготиімділікті арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйесі» стандартының базасында жүзеге асырылады. Корпорацияның еншілес ұйымдарында 2015–2025 жылдарға арналған Энергия үнемдеу және энерготиімділікті арттыру бағдарламасы әрекет етеді.

Бұл бағдарламаның мақсаты – бақылау мен есепті қоса алғанда отын-энергетикалық ресурстарды қолдану тиімділігін арттыру бойынша шаралар әзірлеу болып табылады.

Энергия үнемдеу және энерготиімділікті арттыру бойынша жасалатын жұмыстар аясында есептік жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды төмендетуге бағытталған 36 шара жүзеге асырылды. Бұл 43,0 мың тонна шартты отын, 23 424,0 мың кВт·ч, 69 599,0 Гкал үнемдеуге мүмкіндік берсе, тағы 10 шара отын-энергетикалық ресурстарды бақылау мен есепке алуды ұйымдастыруға бағытталды.

2021 жылы ластаушы заттар мен парник газдарының эмиссиясын төмендетуге бағытталған Энергия үнемдеу бағдарламасының маңызды шараларының қатарында келесілерді атауға болады:

— «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО гидравликалық сорғысын орната отырып, турбиналардың конденсаторларын тазалау;

— «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО ст.№2, 4, 6 қазандық агрегаттарының тұтатқышының аэроқоспасының құбырларын ауыстыру;

— «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО ст.№1 – 6 қазандық агрегаттарының газ-әуе тракты бойынша сормаларды жою;

— «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО ст.№2,4,6 ТЭЦ-3 қазандық агрегаттарының ВЗП текшелерін жөндеу;


— «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО II деңгейлі су экономайзерін ауыстыру.

Аталған бағдарлама шараларын жүзеге асыру арқасында 2021 жылы CO₂ парник газдары шығарылымдарын 7,3 мың тоннаға азайтуға қол жеткізілді

#Нәтижелер

Мемлекеттік экологиялық бақылау

2021 жылы Корпорацияның еншілес ұйымдарында профилактикалық бақылау формасында табиғатты қорғау заңнамасын сақтау бойынша жоспарлы тексерулер және анықталған ескертулерді орындау бойынша жоспардан тыс тексерулер жүргізілді. Профилактикалық бақылау нәтижесінде ескертулер беріліп, жалпы сомасы



120

11 120,9 мың тенгеге қоршаған ортаны ластағаны үшін шығын берілді. Барлық ескертулер толық көлемде және белгіленген мерзімде орындалып, шығын төленді.

СУ РЕСУРСТАРЫ

Су ресурстарын қолдау кәсіпорындар өндірістік процесінің негізгі бөлігі болып табылады және жабдықтарды салқындату процесінде маңызды роль ойнайды. «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобының өндіріс нысандарында тұйық, яғни техникалық сумен қамтудың айналымды жүйесі (Петропавл қаласында салқындатқыш тоғандар, Павлодар қаласында градириялар) қолданылады.

Сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ Компаниялар тобының кәсіпорындарында ауыз сумен қамту, ағын су және коммуналдық-тұрмыстық кәріз жүйелері бар. Шаруашылық-тұрмыстық, ауыз су, өрт қажеттіліктеріне су әкелу және су әкету жүйелері келісім бойынша қалалық су жүргізу және кәріз жүйелері есебінен орталықтандырылып жүргізіледі.

«ОАЭК» АҚ қолданатын барлық су – тұщы су болып табылады. Сезімтал су көздері қолданылмайды. 2020 жылы компаниялар тобы сумен қамту мақсатында 676 012,885 мың м³ су қолданса, оның негізгі бөлігін айналымды сумен қамту жүйесінің суы құрайды. Есептік кезеңде су әкету көлемі 2 256,2 мың м³ құрады.

Көздерге бөлгендегі қолданылған судың жалпы саны, мың м³

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Барлық қолданылған су, оның ішінде:	973 424,3	703 204,8	676 012,9
беткі су нысандарынан	222 224,0	7 787,5	8 472,6
сыртқы жеткізушілерден	23 515,5	24 282,5	26 947,4
тұйық су қолдану жүйелерінде	727 685,3	671 134,8	640 592,9

121

Ағын су өткізу көлемі, мың м³



Су ресурстарын тиімді қолдану бойынша 2021 жылы атқарылған маңызды табиғат қорғау шаралары:

— Екібастұз ЖЭО техникалық су қорының багі ретінде 6 000 м³ ауыз су қоры багін қолдана отырып, станцияның сумен қамту жүйесін қайта құру;

— Екібастұз ЖЭО техникалық шаруашылық-ауыз су құбыр өткізгіштерін, запорлы және реттеуші арматураларын ауыстыру және жөндеу;

— Петропавл 2-ЖЭО салқындатқыш тоғанының (Большое Белое көлі) арнасын тазалау;

— Павлодар 2-ЖЭО техникалық шаруашылық-ауыз су құбыр өткізгіштерін, запорлы және реттеуші арматураларын ауыстыру және жөндеу.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Барлық қалдық көлемінің 99 %-ын құрайтын күл-қож қалдықтары жазық типті арнайы жасақталған гидротехникалық құрылғы – күл үйінділерінде қоймала-нады. Күл-қож қалдықтарын қоймалау үшін жаңа орын құру кезінде Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасын сақтау қоршаған ортаны күл-қож қалдықта-рымен ластаудың алдын алуға және ЖЭО-ның тұрақты қызметін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2021 жылы «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында 2 479,0 мың тонна қалдық қалыптасса, оның ішінде күл-қож қалдықтар – 2 465,8 мың тонна, тұрмыстық және коммуналдық қалдықтар – 13,224 мың тонна.

2020 жылмен салыстырғанда қалдықтардың 365,9 мың тоннаға азаюы жанған отынның кемуімен байланысты

#Нәтижелер

Қалыптасқан қалдықтардың жалпы массасы, мың тонна

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Күл-қож қалдықтары	2 677,8	2 831,7	2 465,8
Қалдықтардың өзге түрлері	12,307	10,8	13,2

Қауіптілік деңгейіне бөліністегі қалдықтар, мың тонна

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Қалыптасқан қалдықтар:	2 690,1	2 842,5	2 479,0
Жасыл тізім	2 689,8	2 842,3	2 478,7
Янтарь тізім	0,25	0,20	0,28




Қолдану тәсілдеріне бөліністегі қалдықтар, мың тонна

Көрсеткіш	2019	2020	2021
Қалыптасқан қалдықтар:	2 690,1	2 842,5	2 479,0
Оның ішінде күл-қож қалдықтары	2 677,8	2 831,7	2 465,8
Кәсіпорында қолданылған қалдықтар	2,839	0,335	0,352
Залалсыздандырылған қалдықтар	0,04	0,03	0,03
Сыртқы ұйымдарға берілген қалдықтар*	9,978	10,575	12,404
Кәсіпорынның өзіндік нысандарында орналастырылған қалдықтар	2 676,7	2 831,3	2 465,8
Оның ішінде күл-қож қалдықтары	2 677,8	2 831,3	2 465,8

2021 жылы келісімшарт негізінде «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ күл үйінділерінен **22,82 тонна** күлдің жеңіл фракциясы (микросфера) әкетілді

#Нәтижелер



Алюмосиликатты қуыс микросфералар — көмірді жоғары температурада жағу кезінде пайда болатын шыны кристалды алюмосиликатты шариктер. Жылу электр станцияларының күл қалдықтарының ең құнды бөлшектері болып табылады. Оқшаулағыш материалдар, толықтырғыштар, аэрозольдер және басқаларды жасауда қолданылады.



Қалдықтармен жұмыс бойынша 2021 жылы атқарылған маңызды шаралар күл-қож үйінділері мен өзге қалдықтарды орналастыру нысандарында өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздікті арттыруға бағытталған:

- Павлодар 3-ЖЭО күл үйіндісінің 3-кезегін салу;
- энергонисандарды салу және қайта құру кезінде қалыптасатын қалдықтарды қоймалау орындарын (алаң жабдықтары, контейнер құрылғылары) ұйымдастыру;
- күл-қож қалдықтарын (микросфералар) олардың қалыптасу көлемін азайту мақсатында өткізу;
- ҚТҚ полигонына тастамайтын қалдықтарды (қағаз және картон макулатура, пластик және шыны қалдықтары) бөліп жинау механизмін жүзеге асыру.

Күл үйінділерінің жаңа карталарын салу кезінде күл үйіндісінің табанында фильтрациялық экранға қарсы жаңаша технология – **канадалық полисинтетикалық геомембрана** қолданылды

#Факт

Бұл – гидрокүлжюю айналымды жүйесінің жарықтандырылған суының құрамында кездесетін химиялық құрамдас бөліктердің есебінен ластанатын жер қыртысы және жерасты суларды қорғауды қамтамасыз ететін сенімді және ұзақмерзімді фильтрацияға қарсы экран.



Экологиялық саясатты жүзеге асыру бойынша **2022 жылға жоспар**

2021 жылы Корпорацияда Қазақстан және жалпы әлемнің барлық энергетикалық, экономикалық және экологиялық мәселелерін ескере отырып, өндірісті дамытудың орта мерзімді перспективасы әзірленуде. Әзірленген стратегия аясында Корпорацияның экологиялық тиімділікті және кәсіпорындарының қауіпсіздігін арттыруға, қызметтің қоршаған ортаға теріс ықпалын азайтуға, ең үздік қолжетімді технологияларды ендіруге бағытталған жұмыстар одан әрі жүргізілетін болады.

Басым міндеттердің қатарында табиғат қорғау шаралары мен энергия үнемдеу бағдарламалары орындау, Петропавл 2-ЖЭО тозған жабдықтарын одан әрі жаңғырту және штаттық пайдалануды қалпына келтіру, экологиялық заңнама талаптарын сақтау, экология саласындағы нормативті құқықтық актілерге түзетулер енгізу бастамасын көтеруге белсенді қатысу.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Холдинг қызметі тұрақты даму саласындағы тәуекелдермен байланысты. «ОАЭК» компаниялар тобы өз қызметінің Біріккен Ұлттар Ұйымы Жаһандық шартының адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және коррупцияға қарсы әрекет ету салаларындағы негізгі қағидаларына сай келуіне бар күшін салады. Топ тұрақты даму саласындағы БҰҰ мақсаттарын ұстанады және оларға қол жеткізуге, соның ішінде тәуекелдерді уақытылы анықтау, бағалау және оған әрекет ету арқылы өз үлесін қосады.

Климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдер

Климаттың өзгеруімен байланысты тәуекелдер және оның аясында экологиялық және климаттық нормалардың қатаңдатылуы «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы жоспарлары мен стратегиясын жасау кезінде ең басымдық берілетін тәуекелдердің тобына жатады. Бүгінгі күні халықаралық экологиялық және климаттық нормалар, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамалары Топты аталған тәуекелдер тобын басқару бойынша мүлтіксіз шаралар қабылдауға мәжбүрлейді.

Қазақстан париж келісімін 2015 жылы ратификациялап, сол арқылы өзінің климаттың өзгеруімен жалпыәлемдік күресте бірге екенін растады. Республикада парник газдарын шығаруды қысқарту бойынша міндеттемелерді мойынға алу аясында негізгі өнеркәсіп салаларын, оның ішінде энергия өндіруші ұйымдарды көміртеккі квоталау жүзеге асырылады.

«ОАЭК» АҚ компаниялар тобы парник газдарын қысқарту ісіне асқан жауапкершілікпен қарайды, бірақ, бұл ретте көміртеккі квоталау Топ үшін келесі мәселелер мен тәуекелдерді туындататынын хабарлайды:

- тегін бөлінетін квоталарды жыл сайынғы қысқарту көлемі;
- CO₂ шығарылымдарының өзіндік бөлшек коэффициенті бекітілген бенчмарктардан жоғары энергия өндіруші кәсіпорындар үшін квота дефицитінің қалыптасуы;
- базалық линиямен салыстырғанда өнім өндірісі көлемінің төмендеуіне жол берген кәсіпорындардан тегін бөлінетін квота лимитінің бөлігін тартып алу;
- көміртеккі бірлік құнының күтілетін өсімі (2021 жылғы 1 евро/тоннадан (CO₂) 2023–2025 жылдары 15 евро/тоннаға (CO₂) және 2026–2030 жылдары 45 евро/тоннаға (CO₂));
- квота сатып алу шығындарын тарифтер есебінен жабу мүмкіндігінің жоқтығы (шығындар энергия өндіруші кәсіпорындардың тарифіне қосылмаған);



шығарылымдарды қысқарту және парник газдарын жұтуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру бойынша тиімді жұмыс механизмдерінің болмауы және тегін бөлінетін квоталардың қысқаруымен байланысты сату нарығында еркін квоталардың болмауы не дефицит болуының ықтималдығы.

2021 жылы ластану көз болып табылатын (бұл топқа көмір когенерациясы да айтарлықтай деңгейде жатады) кәсіпорындарды қоршаған табиғи ортаға ықпалды экономикалық (жоғары шығынды) ынталандырушы механизмдерді қолдана отырып төмендетуге ынталандыратын Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі күшіне енді.

Мұндай механизмдерге келесілер жатады:


ең үздік қолжетімді технологияларды (ҰҚТ) ендіру қажеттігі. Бұл ретте ҰҚТ ендіру шығындары не электр энергиясы тарифтерінде, не жылу энергиясы тарифтерінде қарастырылмайды;

қоршаған ортаға эмиссиялардың автоматтандырылған мониторингін жүзеге асыру қажеттігі;

бірінші санатты нысандардың (бұған Топтың барлық ЖЭО жатады) пайдалануға беру салдарларын жою бойынша өз міндеттемелерін орындауды қаржылық қамтамасыз етуді беру қажеттігі. Алдын ала болжамдық бағалау бойынша, салдарларды жоюдың ең төменгі сомасы бірнеше ондаған миллиард теңгені (әрбір ЖЭО үшін) құрайды. Ал сонымен қатар, тарифі қатаң реттелетін энергия өндіруші кәсіпорындардың міндеттемелерін орындаудың қаржылық қамтамасыз ету механизмі әзірленбеген.

Бұл ретте Экологиялық кодекстің талаптарын орындамағаны үшін әкімшілік айыппұлдарды арттыру, қайтара құқық бұзушылық үшін, оның ішінде ертелік және рецидив мерзімі, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдер өсімі үшін санкцияларды күшейту қарастырылады.

Кәсіпорындар тобының өндіріс орындарында барлық заманауи экологиялық және климаттық нормаларды (ҚР экономикасын декарбондау аясында) сақтау қаржылық тәуекелін туғызып, ол Топ үшін айтарлықтай қаржылық қиындықтарға әкелуі мүмкін. ҰҚТ енгізу бойынша қымбат тұратын ауқымды жобаларды жүзеге асыру, парник газдары шығарылымдарын төмендету бойынша міндеттемелерді орындау қомақты қаражатты талап етеді, сәйкесінше Холдингтің қызмет нәтижелері мен қаржылық жағдайына теріс ықпал етеді. Алайда, Топ жаңа Экологиялық кодекс энергетикалық сала алдына тек қана жаңа міндеттер ғана емес, сонымен бірге атмосфераға шығарылымдарды азайту және Холдингтің энергетикалық және экологиялық тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа мүмкіндіктер ашатынын түсінеді.



Жұмысшылар денсаулығын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы тәуекелдер

«ОАЭК» АҚ компаниялар тобы корпоративтік саясатының негізгі қағидаларының бірі негізгі актив қызметкерлер болып табылатынына негізделген. Өндірістік қызмет кезінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамаудан болатын оқиғалар тәуекелі Топтың ең маңызды тәуекелдерінің тізіміне жатады.

Холдинг қызмет қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен жұмысшылардың еңбек жағдайларына ерекше талаптар қояды: жұмысшылар еңбекті қорғау және өндірістегі қауіпсіздік ережелерін, эргономисандарда жұмыс жүргізу тәсілдерін оқиды.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы Топтың стратегиялық басым бағыты жұмысты қауіпсіз орындауды қамтамасыз ететін процестерді ұдайы жетілдіру болып табылады. Бұл өндірістік қауіпсіздік саласындағы әлемдік үздік тәжірибелерді бейімдеумен байланысты. Жазатайым оқиғалар мен жарақаттануды болдырмауға бағытталған шаралар стратегиялық мақсат - «ноль жазатайым оқиғаларға» қол жеткізуді көздейді.

Коррупцияға қарсы әрекет

«ОАЭК» АҚ Компаниялар тобында Директорлар кеңесі бекіткен Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясаты бар. Ол Корпорацияның бұл саладағы негізгі ішкі нормативтік құжаты болып табылады. Саясат Корпорация басшылығының коррупцияны кез келген формада болмасын қабылдамау бойынша бірыңғай этикалық стандарт қалыптастыруына негізделеді.

Саясаттың негізгі принциптеріне корпоративті басқаруды жоғары деңгейде жүргізу, коррупция мен алаяқтыққа жол бермеу, тәуекелдерді бағалау, ашық ұйымдық құрылымды қалыптастыру жолымен өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді тиімді бөлу негізінде мүдделер қайшылығын азайту жатады.

Бұл бағытты күшейтудің негізгі элементтері – коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекетті қамтамасыз ететін тиімді стратегияны құру және енгізу, сондай-ақ, мұндай сипаттағы оқиғаларға оперативті ықпал ету болып табылады. Корпорацияда тиісті тәртіп мәдениеті және алаяқтықтың кез-келген түріне негативті қарым-қатынас қалыптасып келеді.

Саясатта Корпорацияның алаяқтық пен коррупцияға қарсы әрекет тәсілдері мен процедуралары баяндалған. Олардың қатарында мұндай деректерді анықтау және бағалау, қызметтік тексерулер жүргізу, барлық заңсыз де-

ректер бойынша жауапкершілікке тарту бар. «ОАЭК» АҚ компаниялар тобында кері байланыс каналдары («жедел желі», телефон және пошта сервисі) бар. Оған заңды және жеке тұлғалар (Корпорация қызметкерлері де) хабарласып, дайындалып жатқан не жасалып қойған коррупциялық және алаяқтық әрекеттер туралы хабарлай алады.


Компаниялар тобында қызмет ашықтығын арттыруға бағытталған жұмыстар ұдайы жүргізіледі. Корпорацияның іскери серіктестерін Коррупцияға және алаяқтыққа қарсы әрекет ету бойынша саясатының талаптары мен принциптері туралы хабардар ету мақсатында Корпорацияның тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алу туралы шарттарының типтік шаблондарына коррупция деректерін анықтау жағдайына байланысты тиісті бөлімдер қосылған.

Корпорацияның ішкі процедураларына сәйкес, жұмысқа жаңадан қабылданған жұмысшылар Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясатымен міндетті түрде танысып, бұл талаптарды сақтау туралы жазбаша түрде растайды.

2021 жылы коррупция не алаяқтық оқиғасы тіркелген жоқ



ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



«ОАЭК» АҚ Тобының 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес әзірленді және еншілес кәсіпорындардың сатып алынған уақытынан бергі қаржылық есептіліктерінен тұрады. Есеп саясатының принциптері Топ кәсіпорындарының бәріне бірегей. Басты қаржы-экономикалық көрсеткіштері операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін, сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ стратегиялық дамуының негізгі бағыттары орындалғанын көрсетеді

2019-2021 жылғы негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Негізгі қызмет табыстары	137 195	104 249	139 734
Өзіндік құн	-116 318	-89 882	-106 088
Жалпы пайда	20 878	14 368	33 646
Кезең шығындары	-11 085	-10 388	-11 250
Операциялық қызметтен түскен пайда	9 793	3 979	22 396
Бір жылғы жалпы EBITDA*	20 004	16 869	44 310
Бір жылғы жалпы EBITDA, айырма %	14,58	16,18	31,71
Құнсызданудан болған шығындар	-282	-1 456	-85 000
Курс айырмасынан болған шығындар	-10	1 347	-1 799
КТС бойынша шығындар	-1 829	-2 303	12 607
Бір жылғы таза пайда (шығын)	-5 044	-5 768	-74 835
Тоқтатылған қызмет шығындары	-	296	10 047
Бір жылғы шығын	-5 044	-5 472	-64 789
Негізгі жабдықтарды қайта бағалау	-	-	69 325
Бір жылғы жиынтық табыс (шығын)	-5 044	-5 472	4 536
Активтер	319 211	375 010	500 244
Капитал	136 342	123 535	174 621
Негізгі жабдықтар бойынша капиталды шығындар	16 832	14 880	14 073

*жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

ТАУАР/ҚЫЗМЕТ ӨТКІЗУДЕН ТҮСКЕН ТАБЫС

2021 жыл қорытындысы бойынша, Топ жалпы сомасы 139 734 млн теңгенің, электр және жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу қызметтерін жүзеге асырды. Бұл 2020 жылғы нәтижеден 35 485 млн теңгеге немесе +34 %-ға жоғары. Оның ішінде:

— электр энергиясын беру және өткізуден түсетін табыс 35 762 теңге немесе +49 %-ға артты;

— электр энергиясы нарығынан түсетін табыстың 3 335 млн теңгеге (-40 %) төмендеуі, оның ішінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ — 3 233 млн теңге;

— жылу энергиясын өткізуден және беруден түсетін табыс 3 117 млн теңгеге (-14 %) кеміді;

— өзге қызмет табысы 59 млн теңгеге кеміді.

2021 жылы табыстың артуына ықпал еткен басым факторлар:

— 2021 жылғы 01 наурыздан бастап «ОАЭК» АҚ тобы «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС бақылауға алып, қауымдастырылған кәсіпорындағы қатысу үлесін 51 %-ға дейін арттырды. Бұл табыстың 17 640 млн теңгеге (+10,6 %) артуына мүмкіндік берді.

— электр энергиясына орташа тарифтердің 25 % өсімі «ОАЭК» АҚ тобы табысының 20 477 млн теңгеге артуына әкелді, оның ішінде «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ - 21 118 млн теңге, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ - 7 811 млн теңге, «АЭҮК» АҚ - 2 348 млн теңге.

— жылу энергиясын өндіру көлемінің 6 % өсімі табысты 915 млн теңгеге арттырды;

— жылу энергиясын беру бойынша қызметтер тарифінің орташа есеппен 11 % өсімі табысты 846 млн теңгеге, көлемнің 9 % өсімі табысты 718 млн теңгеге көбейтті;

— электр энергиясын беру бойынша қызметтердің орташа тарифінің 6 % өсімі табысты 1 690 млн теңгеге, көлемнің 2 % өсімі табысты 589 млн теңгеге көбейтті.

2021 жылы табыстың азаюына ықпал еткен басым факторлар:

— жылу энергиясын өндіру бойынша тарифтің 6 % кемуі табысты 1 082 млн теңгеге азайтты;

— электр энергиясын өндіру көлемінің 7 % кемуі табысты 5 760 млн теңгеге азайтты.

ӨТКІЗІЛГЕН ТАУАР/ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

2021 жылы өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны 106 088 млн теңгені құрап, 2020 жылмен салыстырғанда 16 206 млн теңгеге (+18 %) көп болды.

Ол келесі негізгі факторлармен байланысты орын алды:

— ауыспалы шығындардың 11 % кемуі, оның ішінде электр энергиясын өндіру көлемінің азаюы есебінен отын (көмір және мазут) шығындарының 12 % кемуі;

— пайдалану бойынша материалдар (-7 %), транспорт қызметтері (-4 %), электр қуаттылықтарының қысымды алып жүруге дайындығын қамтамасыз ету (ЕҚО қуатын сатып алу (-17 %), КЕГОК техникалық диспетчеризациясы (-24 %), рекультивация (-62%) бойынша ешығындардың азаюы.

Өзіндік құнның артуына келесі негізгі факторлар әсер етті:

— 2021 жылғы 01 наурыздан бастап «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін шоғырландыру 2021 жылы өзіндік құнның 4 535 млн теңгеге (+5 %) артуына әкелді;



— операциялық шығындар өсімі, оның ішінде қосалқы салықтарымен бірге еңбекті төлеу (+15 %), жөндеу (+28 %), сыртқы ұйымдар қызметтерінің (+63 %), сатып алынатын электр энергиясының шығындары (+63 %), сатып алынатын жылу энергиясының шығындары (+24 %) электр энергиясының нормативті шығындары (+40 %), амортизация (+76 %), салықтар (+49 %) және өзге шығындар (+17 %).

Топтың өзіндік құн құрылымында 2021 жылы басым бөлшек үлеске (20 %) отын (көмір, мазут) шығындары ие. Электр энергиясы өндірісінің 5 147 мың кВт·с (-11 %) төмендеуі «Отын» бабы бойынша шығындардың 2 938 млн теңгеге азаюына әкелді. Еңбекті төлеу шығындары білікті қызметкерлердің тұрақсыздығын төмендету мақсатында 1 882 млн теңгеге (+15%) артты. Жөндеу шығындарын 2 161 млн теңгеге (+28%) арттыру энергетикалық жабдықтар жұмысының тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін қажет. Сатып алынатын электр энергиясы бойынша шығындардың 3 983 млн теңгеге (+63%) өсуі ЕҚО-нан ЖЭК электр энергиясын сатып алу көлемінің 51,4 млн кВт·с-қа (+1 903 млн теңге) артуымен және ГРЭС-1 мен ГРЭС-2-ден электр энергиясын сатып алу көлемінің 644 млн кВт·с-қа (+2 327 млн теңге) артуымен байланысты. Электр энергиясының нормативті шығындары бойынша шығындардың өсімі энергия көзі бойынша тарифтің орташа 33 %-ға дейін және көлемі бойынша 5%-ға дейін артуы шығындарды 403 млн теңгеге дейін көбейтті. ЕҚО қуаттылықтарын сатып алу бойынша шығындардың 875 млн теңгеге (-17 %) азаюының басты себептері – ЕҚО тарифінің 13 %-ға (айына 799 869-дан 692 376 теңге/МВт-қа дейін) азаюы және көлемінің 4 % кемуі саналады.

ЖАЛПЫ EBITDA ДИНАМИКАСЫ

2021 жылғы операциялық EBITDA көрсеткіші 44 310 млн теңгені құрады, 2020 жылмен салыстырғанда өсім 27 441 млн теңге немесе +163 % болды. Көрсеткіштің артуының негізгі факторлары келесілер: 2021 жылғы 01 наурыздан бастап «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін (+15 383 млн теңге) шоғырландыру, электр және жылу энергиясы тарифтерінің өсімі.

Бір жылғы жалпы EBITDA, млн теңге



Корпорация өндірістік қызметін бағалауда **операциялық EBITDA көрсеткіші** негізгі болып таңдалған.

Бұл көрсеткіш — Корпорацияның базалық өндірістік қызметіне әсер етпейтін өзге кірістер, қаржыландыру кірістері, курстық айырмаға қатысты міндеттемелердің сенімсіз компоненті, еңбекке қабілеттіліктен айрылу бойынша әлеуметтік төлемдер, амортизация мен қай-таланбайтын немесе тұрақсыз баптарды қарастырмайды.

Корпорацияның 2021 жылғы операциялық EBITDA 44 310 млн теңге құрап, 2020 жылмен салыстырғанда жоғарылау келесі факторлардың есебінен 27 441 млн теңге немесе 163 % құрады:


— Операциялық EBITDA көрсеткіш құрылымында негізгі (бірінші кезектегі) айырмалы сегмент – электр және жылу энергия өндірісі (35 729 млн теңге) болып табылады, 18 997 млн теңгеге (+114 %) өсім, оның ішінде 2021 жылғы 01 наурыздан «ЦАТЭК Green Energy» жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін (+15 535 млн теңге) шоғырландыру есебінен және тарифтердің жоғарылауына байланысты негізгі қызметтен түсетін пайданың артуы.

— «Электр энергиясын беру және тарату» сегменті бойынша қайта құрудан кейін негізгі жабдықтарды енгізумен байланысты амортизациялық аударымдардың көбеюі есебінен 198 млн теңгеге (+2 %) арту орын алды.

— «Жылу энергиясын беру және тарату» сегмент бойынша EBITDA көрсеткіші операциялық қызметтен түсетін пайданың 651 млн теңгеге артуына байланысты 759 млн теңгеге (немесе +104 %) өсті.

— «Электр және жылу энергиясын өткізу» сегменті бойынша EBITDA көрсеткіші операциялық қызметтен түсетін пайданың артуы (өзіндік құн мен кезең шығындарының азаюы есебінен) себепті 4 823 млн теңгеге өсті.

Қызмет сегменттері бойынша EBITDA, млн теңге



ТАЗА ПАЙДА/ ШЫҒЫННЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2021 жылғы операциялық қызметтен түскен пайда 22 396 млн теңге (өткізу табысынан айырмасы 16 %) құраса, **2020 жылмен салыстырғанда 18 416 млн теңгеге (+463 %)** өсуі келесі факторларға байланысты болды:

— жалпы пайданың 19 279 млн теңгеге (+134 %), оның ішінде 2021 жылғы 01 наурыздан бастап «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлестерін (+13 105 млн теңге) шоғырландыру есебінен (+12 592 млн теңге) өсуі;

— электр-жылу энергиясын өндіру мен өткізу бойынша жалпы пайданың (+15 880 млн теңге) өсімі.

2021 жылғы жиынтық табыс аудит қорытындысы бойынша 4 536 млн теңге болды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 10 009 млн теңгеге көп. Себептері:

— операциялық қызметтен түскен пайданың +18 416 млн теңгеге артуы;

— өзге қызметтен түскен табыс пен шығыс сальдосының -84 307 млн теңгеге кемуі (оның ішінде НЖ және Гудвилл құнсыздануынан 85 015 млн теңге шығын);

— курстық айырмадан табыс пен шығыс сальдосының -3 146 теңгеге төмендеуі;

— қаржылық қызметтен түскен табыс пен шығыс сальдосының -14 939 млн теңгеге азаюы;

— КТС бойынша +14 909 млн теңге мөлшерінде үнем жасау;

— тоқтатылған қызметтен + 9 751 млн теңге шығын (оның ішінде «АЭСбыт» ЖШС шығуынан +10 047 млн теңге табыс);


— НЖ қайта бағалаудан түскен табыс +69 325 млн теңгені құрады.

АКТИВТЕР

Топтың валюта балансы 2021 жылғы 31 желтоқсанда 500 244 млн теңгені құрады, бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 125 234 млн теңге немесе 33 % жоғары.

Корпорация активтері ағымдағы және ұзақмерзімді болып бөлінеді. Ұзақмерзімді активтердің құрамына 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 452 907 млн теңге немесе барлық актив құнының 91 %-ы болып табылатын негізгі жабдықтар құны кіреді. Негізгі жабдықтарға 2021 жылы салынған инвестициялық салымдар 14 073 млн теңге болды.

Активтер, млрд теңге



Басқа қаржылық активтер бөлшектеп толтыру және алуға мүмкіндік беретін жұмсақ шарттары бар депозит түрінде берілген. Депозиттер Топтың қарыздарға қызмет көрсету, инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру және айналымдық капиталды ұстап тұруы үшін жиналған ақшалай қаражат түрінде берілген.

МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ

Топтың жарияланған жарғылық капиталы 50 млн жай акцияны құрайды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толықтай төленген жай акциялардың құны 46 043 млн теңгені құрады.

Ұзақмерзімді және ағымдағы міндеттемелер құрамына VTB Bank (Europe) АҚ, Еуропалық қайта құру және даму банкі, «Халық банк» АҚ, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ, «Таза Технологиялар Қоры» алдындағы міндеттемелер кіреді. Қарыздар Компаниялар тобының нысандарын қайта құру және жаңғырту бойынша инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру және өзге компаниялардағы қатысу үлесін сатып алу үшін тартылған.


АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Корпорацияның операциялық қызметінен түскен таза ақша қаражаты 2021 жылы +8 028 млн теңгені құрады. Бұл 2020 жылғы көрсеткіштен -14 797 млн теңгеге (немесе -65 %) кем. Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының азаюы банк қарыздары бойынша кредиторлық қарыздар мен пайыздарды төлеумен байланысты. Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты 24 195 млн теңгені құрады. Ақша қаражатының кері ағыны ағымдағы кезеңнің инвестициялық бағдарламасын жүзеге асырумен және 2020 жылы аяқталған нысандар

бойынша несие қарыздарын төлеумен, сондай-ақ еншілес кәсіпорындардың («ЦАТЭК Green Energy» ЖШС) үлестерін сатып алумен байланысты. Қорытындысында таза ақша қаражаты 19 961 млн теңгені құрады.

Қаржылық қызметтен түскен таза ақша қаражаты +12 233 млн теңгені құрады. Қаржылық қызмет бойынша қозғалыс банк қарыздарын тарту және өтеумен байланысты. 2021 жыл соңындағы ақша қаражатының сальдосы 4 598 млн теңгені құрайды.

Ақша қаражатының қозғалысы, млн теңге





Қаржылық есептілік



«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(мың теңге)

	Қосымша	31 желтоқсан 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
АКТИВТЕР			
ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:			
Негізгі қаражат	6	361,604,933	267,050,953
Гудвилл	8	-	1,405,202
Бейматериалдық активтер	9	81,365,610	1,517,948
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	32	6,139,904	25,503
Берілген қарыздар	10	1,874,150	1,923,266
Өзге қаржылық активтер	11	59,916	40,601
Берілген аванстар	13	532,632	6,176,062
Қауымдастырылған кәсіпорындарға инвестициялар	7	94,051	47,999,737
Өзге ұзақмерзімді активтер	15	1,235,901	1,329,874
Барлық ұзақмерзімді активтер		452,907,097	327,469,146
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:			
Тауарлық-материалдық қорлар	12	7,179,624	5,695,742
Саудалық дебиторлық қарыз	14	18,211,071	20,102,546
Берілген аванстар	13	3,797,228	463,929
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		572,534	470,480
Өзге ағымдағы активтер	15	1,733,617	2,582,139
Берілген қарыздар	10	197,305	12,540,459
Өзге қаржылық активтер	11	11,047,702	1,434,725
Ақшалай қаражаттар	16	4,598,104	4,251,137
Барлық ағымдағы активтер		47,337,185	47,541,157
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		500,244,282	375,010,303
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	17	46,043,272	46,043,272
Қосымша төленген капитал		1,348,105	1,348,105
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв		100,844,231	34,315,020
(Жинақталған шығындар) / бөлінбеген пайда		(26,368,558)	41,828,696
Қатысудың бақыланбайтын үлесі		52,753,959	-
Барлық капитал		174,621,009	123,535,093

«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

(мың теңге)

		31 желтоқсан 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
ҰЗАҚМЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Шығарылған облигациялар	18	14,769,629	14,897,451
Ұзақмерзімді қарыздар	19	61,476,988	64,469,805
Болашақ кезеңдегі табыстар	21	5,940,428	6,292,412
Аренда бойынша міндеттемелер	22	12,591,042	971,735
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	32	66,585,194	38,042,113
Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелер	20	2,193,668	2,149,654
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелер		157,122	113,318
Өзге ұзақмерзімді кредиторлық міндеттемелер		309,163	767,957
Өзге міндеттемелер және есептелген шығындар		241,585	297,056
Барлық ұзақмерзімді міндеттемелер		164,264,819	128,001,501
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Шығарылған облигациялардың ағымдағы бөлігі	18	904,258	929,060
Қысқамерзімді қарыздар және ұзақмерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі	19		
		134,508,825	72,265,017
Болашақ кезеңдер табысы, ағымдағы	21	139,748	136,784
Аренда бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	22	1,936,515	506,326
Сауда кредиторлық қарыз	23	15,731,715	39,364,740
Алынған аванстар	24	2,059,791	3,083,483
Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	20		
		571,574	1,061,915
Табыс салығы бойынша міндеттемелер		565,462	-
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі		18,246	14,774
Үшінші тараптардан қарыз		-	1,039,011
Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындар	25	4,922,320	5,072,599
Барлық ағымдағы міндеттемелер		161,358,454	123,473,709
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР		500,244,282	375,010,303

Топ басшылығының атынан қол қойғандар

Орал Б. Е.
Басқарма төрағасы

29 шілде 2022 ж.
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

Мирошніченко Л. І.
Бас бухгалтер

29 шілде 2022 ж.
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы



«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ
ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың тенге, егер басқа көрсетілмеген болса)

	Қосымша	2021 ж.	2020 ж.
Жалғасып жатқан қызмет			
Табыстар	26	139,734,237	104,249,448
Өзіндік құн	27	(106,088,144)	(89,881,674)
ЖАЛПЫ ПАЙДА		33,646,093	14,367,774
Жалпы және әкімшілік шығындар	28	(9,480,450)	(8,825,990)
Өткізу бойынша шығындар		(1,770,040)	(1,562,450)
Қаржылық шығындар	29	(26,467,589)	(12,185,653)
Қаржылық табыстар	30	2,970,483	3,627,811
Күтілетін кредиттік шығындар бойынша қалпына келтіру / (есептеу)		14,846	(1,455,543)
Күрстық айырма бойынша (шығын) / пайда, нетто		(1,799,420)	1,346,945
Гудвилдің құнсыздануынан болатын шығын	8	(13,421,531)	-
Негізгі жабдықтардың құнсыздануынан болатын шығын	6	(69,087,531)	-
Бейматериалдық активтердің құнсыздануынан болатын шығын	9	(2,506,000)	-
Өзге шығындар	31	(3,193,646)	(1,078,500)
Өзге табыстар	31	2,606,505	2,235,853
Қауымдастырылған кәсіпорындар пайдасындағы үлес	7	1,046,211	64,297
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ШЫҒЫН		(87,442,069)	(3,465,456)
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ҮНЕМ / (ШЫҒЫНДАР)	32, 34	12,606,733	(2,302,695)
ЖАЛҒАСЫП ЖАТҚАН ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША БІР ЖЫЛҒЫ ШЫҒЫН		(74,835,336)	(5,768,151)
Тоқтатылған қызмет			
ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕН БІР ЖЫЛҒЫ ПАЙДА	34	10,046,685	296,022
БІР ЖЫЛҒЫ ШЫҒЫН		(64,788,651)	(5,472,129)
БІР ЖЫЛҒЫ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС / (ШЫҒЫН)			
<i>Кіріс пен шығында реклассификациялауға жатпайтын баптар:</i>			
Табыс салығын алып тастағанда негізгі жабдықтарды қайта бағалаудан болатын пайда	6	69,325,068	-
БІР ЖЫЛҒЫ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС / (ШЫҒЫН)		4,536,417	(5,472,129)
Шығын тиесілі:			
Топ акционерлері		(67,676,007)	(5,472,129)
Бақыламайтын акционерлер		2,887,356	-
Барлық жиынтық табыс / (шығын) тиесілі:			
Топ акционерлері		1,291,709	(5,472,129)
Бақыламайтын акционерлер		3,244,708	-
БІР АКЦИЯ ШЫҒЫНЫ			
Бір акцияның жылдық шығын, базалық және бөлінетін теңге	38	(1,831.50)	(148.09)

Топ басшылығының атынан қол қойғандар:

Орал Б. Е. 
Басқарма төрағасы

29 шілде 2022 ж.
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

Мирошниченко Л. И.
Бас бухгалтер

29 шілде 2022 ж.
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы





«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың теңге)

	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген табыс / (жинақталған шығындар)	Бақыланбайтын үлес	Барлық капитал
1 қаңтар 2020 ж.	46,043,272	1,348,105	36,607,620	52,342,715	-	136,341,712
Бір жылғы шығын	-	-	-	(5,472,129)	-	(5,472,129)
Кезеңдегі барлық жиынтық шығын	-	-	-	(5,472,129)	-	(5,472,129)
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв амортизациясы	-	-	(2,292,600)	2,292,600	-	-
Кейінге қалдырылған салықты есептемегендегі қаржылық кепілдіктерді түзету	-	-	-	1,347,527	-	1,347,527
Кейінге қалдырылған салықты есептемегендегі қарыздарды әділ құнына дейін түзету	-	-	-	(925,191)	-	(925,191)
Ортақ бақылаудағы компаниядан қауымдастырылған кәсіпорынға инвестициялар алудан болған шығын (7-қосымша)	-	-	-	(7,756,826)	-	(7,756,826)
31 желтоқсан 2020 ж.	46,043,272	1,348,105	34,315,020	41,828,696	-	123,535,093
Бір жылғы шығын	-	-	-	(67,676,007)	2,887,356	(64,788,651)
Өткен жылдар пайдасын түзету	-	-	-	(1,203)	-	(1,203)
Бір жылғы өзге жиынтық табыс	-	-	68,967,716	-	357,352	69,325,068
Кезеңдегі барлық жиынтық шығын	-	-	68,967,716	(67,677,210)	3,244,708	4,535,214
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв амортизациясы	-	-	(2,361,361)	2,361,361	-	-
Еншілес кәсіпорынды өткізу	-	-	(77,143)	-	-	(77,143)
Ортақ бақылаудағы Компанияға берілген қарыздардың құнсыздануынан болатын шығын (10-қосымша)	-	-	-	(2,881,406)	-	(2,881,406)
«Павлодар Водоканал-Северный» ЖШС еншілес кәсіпорнын сатып алу кезінде бақыланбайтын үлесті қабылдау	-	-	-	-	111,251	111,251
«ЦАТЭК Green Energy» ЖШС еншілес кәсіпорнын сатып алу кезінде бақыланбайтын үлесті қабылдау (33-қосымша)	-	-	-	-	49,398,000	49,398,000
31 желтоқсан 2021 ж.	46,043,272	1,348,105	100,844,231	(26,368,558)	52,753,959	174,621,009

Топ басшылығының атынан қол қойғандар:

Орал Б. Е.
Басқарма төрағасы

29 шілде 2022 ж.
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы



Мирошниченко Л. И.
Бас бухгалтер

29 шілде 2022 ж.
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы



«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың теңге)

	Қосымша	2021 ж.	2020 ж.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Бір жылғы шығын		(64,788,651)	(5,472,129)
Тоқтатылған қызметті қоса алғанда пайда немесе шығында көрсетілген табыс салығы бойынша (үнем) / шығыстар	32	(12,606,733)	3,033,643
Түзетулер:			
Тозу және амортизация	6, 9	21,940,837	12,889,705
Қаржылық шығындар	29, 34	26,494,541	12,407,970
Күтілетін кредиттік шығындары бойынша (қалпына келтіру) / есептеу		(10,429)	3,131,082
Берілген аванстардың құнсыздануынан болатын шығын		6,721	812,342
Ескірген тауарлы-материалдың қорлар бойынша резерв есептеу	12	226,578	163,752
Негізгі жабдықтар мен бейматериалдық активтердің шығып қалуынан болатын шығын		253,939	342,003
Гудвилдің құнсыздануынан болатын шығын	8	13,421,531	-
Негізгі жабдықтардың құнсыздануынан болатын шығын	6	69,087,531	-
Бейматериалдық активтердің құнсыздануынан болатын шығын	9	2,506,000	-
Аяқталмаған құрылыс нысандарының құнсыздануынан болатын шығын		199,571	-
Инвестициялардың шығып қалуынан болатын шығын	7	1,378,303	-
Қауымдастырылған кәсіпорындағы пайданың құнсыздануынан болатын шығын	31	766,330	-
Пайдаланылмаған босатылымдар бойынша резерв есептеу		26,279	57,684
Күрс айырмасы бойынша шығын / (пайда), нетто		1,797,612	(1,153,245)
Қаржылық табыстар	30, 34	(3,014,989)	(3,909,201)
Кредиттік қарызды алып тастаудан болатын табыстар		50,723	-
Қауымдасқан кәсіпорындар пайдасындағы үлес	7	(1,046,211)	(64,297)
Мемлекеттік субсидиялардан табыс	21	(227,334)	(231,930)
Күл үйінділерін рекультивациялау бойынша міндеттемелер		(246,858)	-
Еншілес кәсіпорынды өткізуден түскен пайда	34	(7,608,678)	-
Басқалар		29,723	64,551
Айналымдық капиталдағы өзгерістерге дейінгі ақша қаражатының қозғалысы		48,636,336	22,071,930
Тауарлық-материалдық қорлардың өзгеруі		(2,172,017)	(755,749)
Сауда дебиторлық қарыздың өзгеруі		3,320,091	(6,957,939)
Берілген аванстың өзгеруі		(2,912,568)	745,720
Өзге ағымдағы активтердің өзгеруі		658,561	2,595,964
Өзге дебиторлық қарыздың өзгеруі		(72,096)	-
Сауда кредиторлық қарыздың өзгеруі		(11,949,684)	15,123,567
Ұзақмерзімді кредиттік қарыздың өзгеруі		(150,547)	1,000,000
Болашақ кезеңдер табыстарының өзгеруі		2,964	(456,727)
Алынған аванстардың өзгеруі		(133,889)	678,227
Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындардың өзгеруі		(280,140)	1,052,726
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты		34,947,011	35,097,719
Төленген табыс салығы		(1,245,897)	(1,655,192)
Төленген пайыздар		(25,673,065)	(10,617,141)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты		8,028,049	22,825,386



«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2021 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН БОЙЫНША АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

(мың теңге)

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:		2021 ж.	2020 ж.
Негізгі қаражаттарды иелену		(16,242,869)	(16,871,588)
Бейматериалдық активтерді иелену		(78,644)	(102,541)
Депозит есепшоттарында ақша қаражаттарын орналастыру		(4,428,254)	(26,228,770)
Депозит есепшоттарынан ақша қаражаттарын шешу		1,650,370	26,045,629
Орналасырылған депозиттерге есептелген пайыздардың түсуі		462,396	197,822
Берілген қарыздарға есептелген пайыздардың түсуі		-	29,159
Негізгі қаражаттың шығып қалу түсімдері		-	39,932
Еншілес кәсіпорындарды сату	34	(548,105)	-
Инвестициялар үшін берілген ақша қаражаттарын қайтару		20,088	1,098,318
Қарыздар беру		(140,000)	-
Берілген қарыздарды өтеу		1,805,762	1,541,009
Еншілес кәсіпорынды сатып алу	33	(7,953,895)	-
Қауымдасқан кәсіпорынды сатып алу	7	-	(55,692,266)
Кепілдік салымдарды қайтару		(25,562)	(27,333)
Ортақ бақылаудағы Компанияға берілген қаржылық көмек	10	-	(5,598,203)
Ортақ бақылаудағы Компанияға берілген қаржылық көмекті қайтару	10	5,481,883	5,303,041
Инвестициялық қызмет бойынша өзге операциялар		35,380	-
Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттары		(19,961,450)	(70,265,791)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Банк қарыздарының түсімі	19	97,216,027	93,930,849
Үшінші тараптардың қарыздарының түсімі		-	1,039,011
Қарыздарды өтеу	19	(81,949,452)	(39,386,062)
Үшінші тараптардан алынған қарыздарды төлеу		(1,060,000)	-
Облигацияларды орналастыру түсімдері	18	-	5,000,000
Облигацияларды сатып алу	18	(500,000)	(9,244,690)
Аренда бойынша төлемдер	22	(1,473,997)	(523,971)
Қаржылық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары		12,232,578	50,815,137
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ТАЗА АРТУЫ		299,177	3,374,732
жыл басындағы АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ	16	4,251,137	894,566
Шетелдік валюта курсы өзгерісінің шетелдік			
валютадағы ақша қаражатының қалдығына әсері		1,808	(5,543)
Ақша қаражатының кредиттік шығындары астындағы бағалық резерв әсері		45,982	(12,618)
жыл соңындағы АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ	16	4,598,104	4,251,137

Топ басшылығының атынан қол қойғандар:

Орал Б. Е.
Басқарма төрағасы29 шілде 2022 ж.
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан РеспубликасыМирошниченко Л. И.
Бас бухгалтер29 шілде 2022 ж.
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

ЕСЕП ТУРАЛЫ

«Орталық-Азия Электрэнергетикалық Корпорациясы» АҚ («ОАЭК» АҚ))

2013 жылдан бері жыл сайынғы негізде Жылдық есебін шығарады. Жылдық есеп мүдделі тараптармен байланыстың негізгі құралы болғандықтан, Корпорация бұл құжатты әзірлеуге ерекше көңіл бөледі.

Холдинг PwC Kazakhstan зерттеуі бойынша тұрақты даму саласындағы ақпаратты ашу бойынша үздік 50 компанияның рейтингіне енді.

Есепте «ОАЭК» АҚ және оның еншілес компанияларының 2021 жылғы қызметі қамтылған. Құжатта GRI G4 нұсқаулығы бойынша әзірленген Тұрақты даму туралы есеп бар.

Есепті әзірлеу кезінде ақпаратты ашудың негізгі нұсқасы және электр энергетикасы саласына арналған GRI қосымшасы қолданылды.

МАҢЫЗДЫ ШЕКАРАЛАР МЕН АСПЕКТТЕР

GRI Standards есептің мазмұнын анықтау принциптеріне сәйкес, есепте баяндалатын тақырыптардың маңыздылығына бағалау жүргізілді.


Маңыздылықты анықтау үдерісі келесі кезеңдерден тұрады:

1-кезең – GRI Standards нұсқаулығының базасында тұрақты дамуға қатысты тақырыптардың бәрі айқындалды;

2-кезең – тізімде көрсетілген тақырыптардың Компания ішінде және оның сыртында ықпал ету деңгейіне талдау жасалды. Одан арғы тереңдетіліп баяндалатын тақырыптарды таңдау мүдделі тараптармен өзара қызмет ескеріліп жасалды. Бұдан бөлек, тақырыптар Компания қызметіне және оның даму стратегиясына ықпал ету тұрғысынан талданды;

3-кезең – мүдделі тараптардың пікірлері мен Корпорацияның стратегиялық жоспарларына сәйкес, маңызды тақырыптар Маңыздылық картасына орналастыру үшін реттеліп, орындары анықталды. Әрбір қызмет аспектісіне Корпорацияға ықпалы (көлденең ось) және мүдделі тараптарға ықпалы (тік ось) ескеріліп, орташа балл берілді. Аса жоғары басымдыққа ие аспектілер көк аумақта орналасты - есеп құруда оларға бірінші кезекте мән берілді. Сондай-ақ, есепте көгілдір аумақта орналасқан аспектілер де ішінара баяндалды.

Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы



GRI элементтерінің индексі

№	Аспектiлер	№	Аспектiлер
1.	Экономикалық нәтижелiлiк	18.	Дайындық және бiлiм беру
2.	Нарықтарда қатысу	19.	Әртүрлiлiк және тең мүмкiндiктер
3.	Тiкелей емес экономикалық әсерлер	20.	Алалаушылыққа жол бермеу
4.	Сатып алулар тәжiрибесi	21.	Қауымдастық және ұжымдық келiссөздер жүргiзу еркiндiгi
5.	Коррупцияға қарсы әрекет	22.	Балалар еңбегi
6.	Бәсекелестiкке тосқауыл	23.	Мәжбүрлi немесе мiндеттi еңбек
7.	Материалдар	24.	Қауiпсiздiктi қамтамасыз ету тәжiрибесi
8.	Энергия	25.	Негiзгi және ұсақ халықтардың құқықтары
9.	Су	26.	Адам құқықтарының сақталуын бағалау
10.	Биоәртүрлiлiк	27.	Жергiлiктi қоғамдастықтар
11.	Шығарылымдар	28.	Жеткiзушiлердiң әлеуметтiк критерийлерге сәйкестiгiн бағалау
12.	Қалдықтар	29.	Бұқаралық саясат
13.	Жеткiзушiлердiң қоршаған ортаны қорғау критерийлерiн сақтауын бағалау	30.	Тұтынушылардың денсаулығы мен қауiпсiздiгi
14.	Экологиялық талаптарға сәйкестiк	31.	Өнiмдер мен қызметтердi маркалау
15.	Жұмыспен қамту	32.	Тұтынушылардың жеке өмiрiне қол сұқпаушылық
16.	Қызметкерлер мен басшылардың өзара қарым-қатынасы	33.	Әлеуметтiк-экономикалық заңнамалардың сақталмауы
17.	Денсаулық пен жұмыс орнындағы қауiпсiздiк		

GRI ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ИНДЕКСІ

GRI стандарты және оның жариялану жылы	Көрсеткіш	Бет, бөлім номері	Ерекшелік/Түсіндірмелер
GRI 101: Есептілікті дайындау принциптері (2016)			
GRI 102: Жалпы ақпарат (2016)	Ұйым профилі		
	102-1 Ұйым атауы	«Қызмет профилі» бөлімі, 8-бет	
	102-2 Қызмет бағыттары	«Қызмет профилі» бөлімі, 8-бет және «Бизнес-модель» бөлімі, 16-бет	
	102-3 Бас кеңсенің мекен-жайы	«Байланыс» бөлімі, 150-бет	
	102-4 Қызмет географиясы	«Қызмет географиясы» бөлімі, 8-бет	
	102-5 Меншік формасы	«Корпорация құрылымы» бөлімі, 18-бет	
	102-6 Өткізу нарығы	«Қызмет географиясы» бөлімі, 8-бет «Еншілес ұйымдар» бөлімі, 18-бет	
	102-7 Ұйым ауқымы	«Қызмет көрсеткіштері» бөлімі, 12-бет	
	102-8 Қызметкерлер туралы ақпарат	«Кадрлық және әлеуметтік саясат» бөлімі, 87-бет	
	102-9 Жеткізілімдер тізбегі	«Бизнес-модель» бөлімі, 16-бет	
	102-10 Компания жұмысындағы маңызды өзгерістер	«Ұйымдық құрылым» бөлімі, 30-бет «Корпорация құрылымы» бөлімі, 30-бет	
	102-11 Сақтық принциптері	«Табиғат қорғау шаралары», 114-бет	
	102-12 Сыртқы бастамаларды қолдау	«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, 110-бет «Климаттың өзгеруі» бөлімі, 117-бет «Экологиялық менеджмент жүйесі» бөлімі, 110-бет	
	102-13 Қауымдастықтарға мүшелік	—	Корпорация Қазақстан Электрэнергетикалық Қауымдастығының (ҚЭК) мүшесі болып табылады
Стратегия			
	102-14 Менеджмент хабарламасы	«Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі» бөлімі, 4-бет «Бас директор үндеуі» бөлімі, 6-бет	
Әдеп және адалдық			
	102-16 Құндылықтар, принциптер, стандарттар және тәртіп нормалары	«Корпоративтік басқару кодексін сақтау» бөлімі, 42-бет	

GRI стандарты
және оның
жариялану
жылы

Көрсеткіш

Бет, бөлім номері

Ерекшелік/
Түсіндірмелер

Корпоративтік басқару

102-18 Басқару құрылымы	«Ұйымдық құрылым» бөлімі, 30-бет «Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер қызметінің нәтижелері» бөлімі, 37-бет	
-------------------------	--	--

Мүдделі тараптармен өзара қызмет

102-40 Мүдделі тараптар тізімі	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 82-бет	
102-41 Ұжымдық шарттар	«Кәсіподақ ұйымдарымен өзара қызмет» бөлімі, 85-бет	
102-42 Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 81-бет	
102-43 Өзара қызмет тәсілдері	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 81-бет	
102-44 Негізгі көтерілген тақырыптар мен қауіптер	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 81-бет	

Есеп туралы мәліметтер

102-45 Шоғырлану негізі	«Есеп туралы» бөлімі, 139-бет	
102-46 Есептің мазмұны мен шекараларын анықтау	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 140-бет	
102-47 Маңызды тақырыптар тізімі	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 140-бет	
102-48 Өткен кезеңдер мәліметтерін қайта есептеу	—	Көрсеткіштер өзгерген жоқ және Корпорацияның өткен жылдық есептерінде келтірілген мәліметтермен сәйкес келеді
102-49 Есеп мазмұнындағы өзгерістер	«Тұрақты даму» бөлімі, 80-бет	
102-50 Есептілік кезеңі	«Есеп туралы» бөлімі, 139-бет	
102-51 Соңғы жарияланым датасы	«Есеп туралы» бөлімі, 139-бет	
102-52 Есептілік циклі	«Есеп туралы» бөлімі, 139-бет	
102-53 Есеп мазмұны бойынша мәселелерге арналған байланыс ақпараты	«Байланыс» бөлімі, 150-бет	

GRI стандарты
және оның
жариялану жылы

Көрсеткіш

Бет, бөлім номері

Ерекшелік/
Түсіндірмелер

102-54 GRI стандарттарына сәйкестік деңгейі	«Есеп туралы» бөлімі, 139-бет	
102-55 GRI мазмұнының индексі	«GRI элементтерінің индексі» бөлімі, 141-бет	
102-56 Сыртқы растау	«Есеп туралы» бөлімі, 139-бет	

Маңызды тақырыптар

Экономика

GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 140-бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер» бөлімі, 126-бет	
	103-3 Менеджментті бағалау	—	Не проводится
GRI 203: Тікелей емес экономикалық әсерлер (2016)	205-3 Расталған жағдайлар	«Коррупцияға қарсы әрекет» бөлімі, 41-бет	

Экология

GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 140-бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Экологиялық ықпал етуді басқару» бөлімі, 112-бет	Экологиялық ықпал етуді басқарудың кешенді саясаты бұл саладағы барлық негізгі тақырыптарды қамтиды
	103-3 Менеджментті бағалау	—	Өткізілмейді

Материалдар

GRI 301: Материалдар (2016)	301-1 Масса не көлемі бойынша шығындалған материалдар	«Атмосфераға шығарылымдар» бөлімі, 118-бет	
-----------------------------	---	--	--

GRI стандарты және оның жариялану жылы	Көрсеткіш	Бет, бөлім номері	Ерекшелік/Түсіндірмелер
--	-----------	-------------------	-------------------------

Су			
	303-1 Су ресурстарын пайдалану	«Су ресурстары» бөлімі, 120-бет	
GRI 303: Су мен шығарылымдар (2016)	303-3 Су алу	«Су ресурстары» бөлімі, 120-бет	
	303-4 Су қашырту	«Қалдықтармен жұмыс» бөлімі, 121-бет	
Шығарылымдар			
GRI 305: Шығарылымдар (2016)	305-1 Парник газдарының тікелей шығарылымдары	«Климаттың өзгеруі» бөлімі, 117-бет	
	305-4 Парник газдары шығарылымдарының интенсивтілігі	«Климаттың өзгеруі» бөлімі, 117-бет	
	305-5 Парник газдары шығарылымдарының азаюы (COR2R)	«Климаттың өзгеруі» бөлімі, 117-бет	
	305-7 NO _x , SO _x және өзге маңызды ластаушы заттар шығарылымдары	«Атмосфералық ауаны қорғау» бөлімі, 118-бет	
Қалдықтар			
GRI 306: Қалдықтар (2016)	306-2 Типі мен орналастыру тәсілі бойынша қалдықтардың жалпы массасы	«Қалдықтармен жұмыс» бөлімі, 121-бет	
Талаптарға сәйкестік			
GRI 307: Талаптарды сақтау (2016)	307-1 Экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамау туралы ақпарат	«Атмосфераға шығарылымдар» бөлімі, 118-бет	
Әлеуметтік санат			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 140-бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Қызметкерлерді басқару саясаты» бөлімі, 87-бет	Кешенді кадрлық саясат бұл саладағы барлық негізгі тақырыптарды қамтиды
	103-3 Менеджментті бағалау	—	Өткізілмейді

GRI стандарты және оның жариялану жылы	Көрсеткіш	Бет, бөлім номері	Ерекшелік/Түсіндірмелер
--	-----------	-------------------	-------------------------

Жұмыспен қамту			
GRI 401: Жұмыспен қамту (2016)	401-1 Жалданған қызметкерлер мен кадр тұрақсыздығы	«Кадр тұрақсыздығы» бөлімі, 92-бет	
Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы			
GRI 402: Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және Маңыздылық картасы» бөлімі, 140-бет	
Денсаулық және қауіпсіздік			
GRI 403: Денсаулық және қауіпсіздік (2018)	403-1 Жұмысшылардың басшылық пен жұмысшылар қатысатын денсаулық пен қауіпсіздік жөніндегі ресми бірлескен комитетте болуы	«Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңестері» бөлімі, 103-бет	
	403-2 Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейлері, кәсіби сырқат деңгейі, жоғалтқан күндер коэффициенті мен жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ, өліммен аяқталған жұмысқа қатысты оқиғалар саны	«Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейлері» бөлімі, 104-бет	
	403-3 Жоғары жарақаттылықты және жұмысына қатысты сырқаттану қаупі бар жұмысшылар	«Корпорацияның кәсіби қызметі жарақат алудың жоғары тәуекелімен байланысты қызметкерлері» бөлімі, 106-бет	
Оқыту			
GRI 404: Тренинг және оқыту (2016)	404-2 Біліктілікті дамыту бағдарламалары	«Қызметкерлерді оқыту және дамыту» бөлімі, 93-бет	
Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер			
GRI 405: Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер (2016)	405-1 Басшылық органдар құрамы	«Қызметкерлердің санаты мен жынысына қарай құрылымы» бөлімі, 89-бет	

ГЛОССАРИЙ, ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

GRI стандарты және оның жариялану жылы	Көрсеткіш	Бет, бөлім номері	Ерекшелік/Түсіндірмелер
Жергілікті қоғамдастықтар			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 140-бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 82-бет	
	103-3 Менеджментті бағалау	—	Өткізілмейді
GRI 413: Жергілікті қоғамдастықтар (2018)	413-1 Жергілікті қоғамдастықтармен өзара қызмет, қызметтің жергілікті қоғамдастықтарға ықпалы мен жергілікті қоғамдастықтардың дамуын бағалау бағдарламалары	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 82-бет	
Тұтынушының қауіпсіздігі мен денсаулығы			
GRI 103: Басқару тәсілдері (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Қызмет профилі» бөлімі, 140-бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«2018 жылғы қызметтің негізгі көрсеткіштері» бөлімі, 109-бет	
	103-3 Менеджментті бағалау	—	Өткізілмейді
GRI 416: Тұтынушының қауіпсіздігі мен денсаулығы (2016)	416-1 Өнімдердің тұтынушыға қауіпсіздігін бағалау	«Тұтынушы қауіпсіздігі» бөлімі, 109-бет	
Қосымша ақпарат			
Отраслевой протокол по электроэнергетике GRI G4	G4-EU1 Орнатылған қуат	«Орнатылған қуат» бөлімі, 19-бет	
	G4-EU2 Энергия өндіру	«Қызмет көрсеткіштері» бөлімі, 12-бет	
	G4-EU3 Тұрмыстық, өнеркәсіптік, институционалдық, коммерциялық тұтынушылардың жеке есепшоттарының саны	«Энергиямен қамтушы ұйымдар қызметі» бөлімі, 64-бет	
	G4-EU4 Реттеу режимдеріне бөлгендегі жерүсті және жерасты электр энергиясын беру және тарату желілерінің ұзындығы	«Электр беру желілерінің ұзындығы» бөлімі, 20-бет	
	G4-EU5 COR2R немесе эквиваленттер шығарылымдарына квота бөлу	«Атмосфераға шығарылымдар» бөлімі, 118-бет	

Агрегаттың (станцияның) қолданылатын қуаттылығы	өндіруші агрегаттың (станцияның) қуаттылығын шектеуді алып тастағандағы белгіленген қуаттылығы
Әуелік электр желісі	электр энергиясын ашық ауада орнатылған, оқшаулағыштар мен арматуралардың көмегімен тіреулерге немесе кронштейндерге бекітілген өткізгіштердің бойымен беретін электр желісі
Белгіленген қуаттылық	турбоагрегаттардың номиналды қуатының қолданыстағы шамасы
Бу турбинасы	энергетикалық турбомашина, жоғары параметрлі будың потенциалды энергиясын электрді өндіретін оның роторының айналуының механикалық энергиясына түрлендіретін булы турбоагрегат элементі
Гигакалория	жылу энергиясы мөлшерінің өлшем бірлігі, жылу энергетикасы, жылыту жүйесі, коммуналды шаруашылықта бағалау үшін қолданылады
Гигакалория/сағат	белгілі бір уақыт ішінде қандай да бір жабдықтың өндірген немесе пайдаланған жылу мөлшерін сипаттайтын туынды бірлік
Градирня	ауа массасын соратын сорғыш мұнара түріндегі құрылыс ғимараты
Жылу мен электр энергиясын аралас өндіру	электр өндіргіштің бу турбинасын қозғалысқа келтіріп электр энергиясын және бу турбинасынан бөлініп шыққан будан шығатын жылуды өндіруі
Жылу электр орталығы (ЖЭО, жылытатын электр станциясы)	электр энергиясын ғана емес, сондай-ақ бу және ыстық су күйінде тұтынушыларға жіберілетін жылуды өндіретін жылу электр станциясы
Қазандық агрегаты	отын жағу, электр энергиясын пайдалану, шығатын газ жылуы немесе технологиялық үрдіс салдарынан қысыммен бу немесе ыстық су алуға арналған құрылғы
Калория (кал)	жылу мөлшерінің жүйеден тыс бірлігі
Күл	отынның толық жанған кезде минералды қоспаларынан түзілетін жанбайтын қалдығы (шаң тәрізді)
Күл үйіндісі	жылу электр орталықтарында қатты отынды жаққан кезде түзілетін күл мен боқатты жинауға және кәдеге жаратуға арналған жер
Мегаватт	электр өндірісінде қуаттылықты өлшеу бірлігі
Қолданылатын қуаттылық	техникалық себептер бойынша сатылмаған (түтін құбырларының тарту күшінің жеткіліксіздігі, турбина конденсаторларының салқындату жүйесі және т.б.) қуаттылықты алып тастағандағы жабдықтың белгіленген қуаттылығына тең шама
Сорғы	энергия (кинетикалық немесе потенциалды) келіп түскен кезде ең алдымен сұйықты қысыммен қозғалтуға (соруға, айдауға) арналған құрылғы
Сорғы қондырғысы	сорғының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, белгілі бір сұлба бойынша құрастырылған құраушы жабдықтары бар сорғы агрегаты
Станциядағы белгіленген жылу қуаты	жылуды сыртқы тұтынушыларға және бу мен ыстық суға деген жеке қажеттіліктерге жіберуге арналған жабдықтарды пайдалану актісі бойынша қабылданған номиналды жылу қуаттылықтарының қосындысы
Трансформатор (лат. transformare — өзгерту, түрлендіру)	энергияның (мысалы, электр трансформаторы, гидротрансформатор) немесе нысандардың (мысалы, фототрансформатор) қандай да бір маңызды қасиеттерін түрлендіруге арналған құрылғы
Турбина	бу, газ, судың жұмыс жылуының кинетикалық энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіретін, жұмыс органы болып табылатын роторды айналдыру қозғалысы бар алғашқы қозғалтқыш

Турбоагрегат	бір жиынтық сымға біріктірілген бу турбинасы, электр өндіруші мен қоздырғыштың жиынтығы; пардың потенциалды энергиясын электр энергиясына түрлендіруді қамтамасыз етеді
Шағын станция	электр энергиясын түрлендіру және тарату үшін пайдаланылатын, трансформатор немесе энергияны басқа да түрлендірушілерден, тарату құрылғыларынан, басқару құрылғысы мен қосалқы құрылыстардан тұратын электр қондырғысы
Электрді беру желісі (ЭБЖ)	электр энергиясын қашықтықтарға өткізгіштер арқылы беруге арналған құрылым
Энергожүйенің белгіленген электр қуаты	энергожүйедегі электр станцияларының барлық турбо және гидроагрегаттарының паспорты не болмаса техникалық шарттарына сәйкес келетін жиынтық номиналды белсенді қуаты.
COSO	салықтарды, пайыздарды және есептелген амортизациялар бойынша шығындарды алып тастағанға дейінгі пайда көлеміне тең сараптамалық көрсеткіш
EBITDA	аналитический показатель, равный объему прибыли до вычета расходов по уплате налогов, процентов и начисленной амортизации
ESAP	Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспары
ISO	Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым
KEGOC	«Қазақстан Электр желілерін басқару жөніндегі компания» АҚ
OHSAS	халықаралық еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі
2-ПЖЭО	2-Петропавл жылу электр орталығы
АЕК	айлық есептік көрсеткіш
АҚ	акционерлік қоғам
АЭЖ	аудандық электр желілері
ӘЖ	әуелік желілер
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралдары
Гкал	гигакалория
ВЭС	жел электр станциясы
Гкал	гигакалория.
Гкал/с	гигакалория/сағат
ГЭС	гидро электр станциясы
ЕҚДБ	Еуропалық қайта құру және даму банкі (ағылш. European Bank for Reconstructionand Development EBRD)
ЖКЕАЖ	жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі
ЖОС	жеке оқшаулағыш сым
ЖТҚ	жиынтық тарату құрылғысы
ЖШС	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
ЖЭО	жылу электр орталығы
ИИҚ	Ислам инфрақұрылымдық қоры
кВт·с	киловатт-сағат
КЖ	кабельді желілер
КҰҚ	күлді ұстау құрылғысы
ҚҚС	қосымша құн салығы

ҚОМЖ	қоршаған орта менеджменті жүйесі
МАЭС	мемлекеттік аудандық электр станциясы
МВт	мегаватт
МҮИИДБ	мемлекеттік үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы
ОАОЭК	«Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ
ОАЭК	«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ
ПЭ	«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ
ПЭТК	«Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ
СКЭ	«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ
СҚ ЭТК	«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ
СПЖ	сапа менеджменті жүйесі
ТБЖ	тәуекелдерді басқару жүйесі
ЭБӘЖ	электрді берудің әуелік желілері
ЭБЖ	электрді беру желілері
ЭКЕАЖ	электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі
ЭС	электр станциясы



БАЙЛАНЫС

«ОРТАЛЫҚ-АЗИЯ
ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ
КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ

**«ОАЭК» АҚ бас кеңсесінің
мекенжайы:**

Қазақстан Республикасы, 050012,
Нұр-Сұлтан қ., Достық к-сі, 2, «SAAD» БО

Электрондық пошта: info@energy.kz

Телефон: +7 (7172) 64-57-50



Байланыс

А.Ә.Т./Қызметі

Байланыс ақпараты

**Инвесторлармен және акционерлермен
жұмысқа жауапты тұлғалар**

Жұмаділов Талғат Мұхтарұлы,
«ОАЭК» АҚ Корпоративтік
мәселелер жөніндегі
басқарушы директор

Қазақстан Республикасы,
Нұр-Сұлтан қ., Достық к-сі, 2
тел.: +7 (7172) 64-57-50

Қуанбек Сабина Шоқанқызы
«ОАЭК» АҚ корпоративтік
даму секторының бастығы

Қазақстан Республикасы,
Нұр-Сұлтан қ., Достық к-сі, 2
тел.: +7 (7172) 64-57-50

Жылдық есепке жауапты тұлға

**«ОАЭК» АҚ қоғаммен
байланыс департаменті**

Қазақстан Республикасы,
Нұр-Сұлтан қ., Достық к-сі, 2
тел.: +7 (7172) 64-57-50

Тіркеуші

«ОАЭК» АҚ 08.08.2008 жылы Алматы қаласы әділет департаментінде
тіркелді, тіркеу номері 93550-1910-АО, куәлік сериясы В, № 0336963.

«ОАЭК» АҚ акцияларының шығарылымы 2008 жылы 10 қазанда ҚР
Қаржылық нарықты реттеу және қадағалау агенттігінде тіркелді.
Тіркеу номері № А5695, Куәлік сериясы С, № 0002550. «ОАЭК» АҚ
акциялары иелерінің реестрлер жүйесін енгізуді «Бағалы
қағаздардың орталық депозитарии» АҚ жүзеге асырады.





ЭНЕРГИЯ –
ТІРШІЛІК **TIPEГІ**



Әрқашан **online**